

*Адамға екі нәрсе тірек тегі:*

*Бірі - тіл, бірі - ділің жүректегі.*

**Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.**

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ

**Казахский язык и литература  
в русской школе**

«Білім және  
Ғылым»  
жауапкершілігі  
шектеулі  
серіктестігінің  
ай сайын  
шығатын  
республикалық  
ғылыми -  
педагогикалық  
журналы

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
БАСЫЛЫМ

2001 жылдың  
қаңтар айынан

**6/2011 МАУСЫМ**

бастап шығады

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО – ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ  
ИЗДАНИЕ

## **АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**

**Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ,  
Берікжан ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Айша  
ӘЛІМЖАНОВА, Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Роза  
БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК, Қарлығаш  
ЖҮНІСХАНОВА, Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар  
ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга МЫРЗАГЕЛДИНОВА,  
Фаузия ОРАЗБАЕВА, Күлпәш САРИЕВА, Пиалаш  
СҮЙІНКИНА.**

# МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

## *Тиімді әдіс - баришаға ортақ*

Эльмира РАХМЕТОВА.	Бастауыш сыныптарда интерактивті модульдік технологияны оқытудың тиімді жолдары.....	3
Айгүл ТӨЛЕКТЕМІРОВА.	Тұлғаны өзіндік әрекетке бағыттайтын оқыту технологиялары арқылы оқушының ауызша және жазбаша тілін дамыту.....	10

## *В мире педагогики*

Кульпаш САРИЕВА.	От образов и символов к слову.....	19
Айжан ТОКСАМБАЕВА.	Педагогические условия качественного проведения итоговой аттестации учащихся в форме ЕНТ и ПГК.....	31

## *Сабақ кілті - көрнекі құрал*

Айтбала ҚАЙЫРБЕКОВА.	Жалпы білім беретін орыс, ұйғыр және өзбек мектептерінің 1-4-сыныптарына арналған көрнекі құралдар.....	34
----------------------	---	----

## *Тіл дамыту жолдары*

Алма МҰСАБЕКОВА.	Практикалық тапсырмалар жүйесін орындау арқылы кәсіби қарым-қатынас тілін дамыту...39	
------------------	---	--

## *Әдістеме әлемінде: қазақ әдебиеті*

Гауқар ЖҮСШОВА.	Ыбырай Алтынсарин әңгімелерінің тәрбиелік мәні.....	46
Индира БАЛТАБЕКҚЫЗЫ.	Мағжан Жұмабаев.«Мен жастарға сенемін!».	54
Шынар ЕДРЕСОВА.	Шоқан Уәлиханов - ұлы ғалым.....	59

## *Пәнаралық байланыс*

Б.ЕЛУБАЕВА.	Дүниетанымды кеңейткен қазақ халқының салт-дәстүрлері.....	62
-------------	--	----

## *Білім негізі - бастауышта*

Роза ТЕЛЕУБАЕВА.	Мәдени орындар.....	68
Балжан КЕНЖЕБАЕВА.	Сөйлеу дағдыларын қалыптастырған екі дос..	71

## *Әдістеме әлемінде: қазақ тілі*

Нұрлан ЖОЛБАРЫСОВ.	Сын есімнің шырайларын оқыту.....	73
Бақыт ШЫНБАЕВА.	Шылау сөздерді қайталау.....	76
Гүлнәр БАДЖАНОВА.	Қазақстандағы білім беру жүйесі.....	81
Ғайни ТӨЛЕМІСОВА.	Себеп-салдар салалас құрмалас сөйлемді оқыту.....	85
Ақмарал МЕЙІРМАНОВА.	Сан есімді қайталау.....	91
Гүлхан АМАНОВА.	Мамандығым - мақтанышым.....	95
Ақбота АШЕНОВА.	Еңбексүйгіштікке тәрбиелеген жай сөйлемдер.....	101
Қарлығаш БЕСБАЕВА.	Ойлау қабілетін арттыратын - Астана.....	106

## *Әдеби кеіш*

Дана МАЛДЫБАЕВА.	«Біз қазақша сөйлейміз!».....	110
------------------	-------------------------------	-----

## *Білім сынағында*

Гүлмира ҚҰРМАНҒАЛИЕВА.	Кешенді қайталауға арналған тапсырмалар.....	114
Светлана СҮЛЕЙМЕНОВА.	Жаратылыстану-математика бағыты бойынша 10-11-сыныптарға арналған қазақ әдебиетінен жылдық бақылау тест сұрақтары.....	118
Гүлсара МӘМЕЛБАЕВА.	Астанаға саяхат.....	121

## *Сыныптан тыс шара*

Жамал БІТІМБАЕВА.	Батырлар ұмытылмайды.....	125
Гүлім НҰРМАҒАНОВА.	Ұлттарды біріктірген ел.....	132
Н.ШАКУРОВА,	Құрбан айт - ұлық мереке.....	140
З.СРАЖАНОВА.		

Эльмира РАХМЕТОВА,

Ақтөбе қаласындағы

№23 орта мектеп-лицейдің

қазақ тілі мен әдебиеті

пәнінің мұғалімі.

## **БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ИНТЕРАКТИВТІ МОДУЛЬДІК ТЕХНОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ**

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуы – ел өміріндегі ең маңызды оқиғаның бірі. Еліміздің іргелі ел болып, егемендігін алған асулы жылдарында мұғалім алдына жаңа талаптар мен міндеттер қойылуда. Яғни, болашақ ұрпағымызды білімді де білікті, мәдениетті де саналы етіп тәрбиелеуде мемлекеттік тілді заман талабына сай жаңаша оқыту мұғалім тарапынан өмірлік зор маңызға ие болып отыр. Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы.

Педагогикалық технологиялар – білімнің басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің: оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының, формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әр позиция басқаларына әсер етіп, ақыр аяғында оқушының дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды. Бүгінгі таңда П.М.Эрдниевтің дидактикалық бірліктерді шоғырландыру технологиясы, Д.Б.Эльконин мен

Б.В.Давыдовтың дамыта оқыту технологиясы, В.Ф.Шаталовтың оқу материалдарының белгі және сызба үлгілері негізінде қарқынды оқыту технологиясы, М.Чошановтың проблемалық модульді оқыту технологиясы, П.И.Третьяковтың, К.Вазинаның модульді оқыту технологиясы, В.М.Монаховтың, В.П.Беспальконың және басқа көптеген ғалымдардың технологиялары кеңінен танымал.

Қазақстанда Ж.А.Қараевтың, Ә.Жүнісбектің және т.б. ғалымдардың оқыту технологиялары белсенді түрде қолданылуда. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында оқыту формасын, әдістерін, технологиялар таңдауда көп нұсқаулық қағидасы бекітілген, бұл білім мекемелерінің мұғалімдеріне, педагогтарының өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға, педагогикалық процесті кез келген үлгімен, тіпті, авторлық үлгімен құруға мүмкіндік береді. [1,103].

Мемлекеттік тілдің іргетасын қалау бастауыш мектептен басталары анық. Демек, мектептің оқушыларға ұсынатын білім беру материалдары осы заман ғылымының дәрежесі мен талабына сай болуы керек. **Соңғы жылдары білім беру үрдісінде бой көрсете бастаған ғалым М.Жанпейісованың модульдік технология әдісі бойынша қазақ тілін басқа ұлт өкілдеріне үйрету – тиімді әдістердің бірі екенін № 23 орта мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы мойындап келеді. Мектебіміздің әр кафедрасы интерактивті тақтамен жабдықталған. Соның ішінде көп жылдан бері қазақ тілі пәнін модульдік технология негізінде білім беріп келген қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы заман талабына сай АҚТ (ақпараттық, қарым-қатынастық технологиясы) мүмкіндіктерін қолдану арқылы, интерактивті модульдік технология қағидаларын іске асыру барысында оқушылардың танымдық белсенділігін, білім сапасын, қазақ тіліне**

деген қызығушылығын жоғарылатып келеді. Модульдік технология қазақ тілін үйретуде оқушының өз бетімен білім алуына тікелей басшылық жасайтынын ұғындыру, жадына сақтау, ой-пікір дамыту, қисынды ойлау қабілеттерін күшейту, шығармашылық тапсырмалар орындату үшін мүмкіндігі мол әдіс-тәсілдерді пайдалану- бүгінгі күннің тиімді жолы. Осы жерде модульдік технологияның ерекшеліктеріне тоқталып кеткен жөн деп санадық. «**Модуль**» деген – қандай да бір жүйенің бөлігі, яғни, оқу процесінің ортақ құрылымы, бірақ әр түрлі мазмұны бар жекеше бөліктерден тұрады. Модуль – латынның «өлшем», «шама», «мөлшер» деген сөзі. [6,156]. Модульдік оқыту технологиясы баланы оқытып қана қоймай, оның танымдық іс-әрекетін ұйымдастыруға, оқу процесін «диалогтік» қарым-қатынас негізінде құруға тиімді болып саналады. Сабақтарда АҚТ мүмкіндіктерін қолдану барысында осы ерекшеліктерді ескеру қажет. Модуль жүйесін оқу процесіне кіргізудің өз мақсаттары бар.

Олар:

- Берілген материалды терең меңгерту;
- Оқушыны ойлату, ой салу;
- Пәнге деген танымдық қызығушылығын арттыру;
- Оқушы алдына қойылған мақсатты міндетті түрде

орындату;

- Сол арқылы оқушыны жеке тұлға ретінде қабылдап,

оқытудың тиімділігін арттыру. [3,47]

Оқу модулі оқу циклі ретінде үш құрылымды бөліктен тұрады. Бұл:

- **Кіріспе бөлім (модульге, тақырыпқа енгізу).**
- **Сөйлесу бөлімі (оқушылардың танымдық қызметін өзара сөйлесу негізінде ұйымдастыру).**
- **Қорытынды бөлім (бақылау).**

Әрбір оқу модуліне бөлінген сағат саны әр түрлі. Бұл оқу бағдарламасы бойынша тақырыпқа, тақырыптар тобына,

тарауға бөлінген сағат санына байланысты.

Білім негізі – бастауыштан басталатындығын жоғарыда атап кеткен болатынбыз. Мектептің бастауыш сатысында оқытудың мақсаты:

- оқытудың келесі сатысындағы оқу бағдарламаларын игерту мақсатында оқушылардың танымдық қабілеттіліктерін және біліктіліктерін дамытуды қамтамасыз ететін қарапайым білім негіздерін меңгерту;

- негізгі оқу іс-әрекеті дағдыларын қалыптастыру;

- ұлттық ділін, өз елінің мәдени-тарихи ерекшеліктері мен дәстүрлерін ескере отырып, отандық және әлемдік мәдениетті таныту.

Жалпы бастауыш білім (1-саты) оқуды, жазуды, санауды, оқу әрекетінің негізгі біліктері мен дағдыларын, теориялық ойлаудың элементтерін, оқу әрекеттеріне өзіндік бақылаудың қарапайым дағдыларын, өзін-өзі ұстау және сөйлеу мәдениетін, жеке бас гигиенасы мен салауатты өмір салтының негіздерін меңгертуді қамтамасыз етеді. [4,33]

Бастауыш сатыда оқытуда оқушы үшін тіл қарым-қатынас құралы ғана емес, қоршаған ортаны тануға, адамның тілі мен ақыл-ойын дамытуға, адамдардың бір-біріне өзара әсер етуіне, оларға эстетикалық және адамгершілік тәрбие беруге мүмкіндіктер ретінде көрінеді. [5,8] Модульдік технология лексикалық тақырып пен грамматикалық тақырыпты байланыстыра отырып жұмыс жасауға үлкен мүмкіндіктер тудырады.

**4 «А» сынып оқушыларын 4 адамнан шағын топтарға бөліп, оқытудың ойын түрін және интерактивті модульдік технологияның белсенді формаларын (сурет бойынша сөйлем құру, кеспе қағаздарымен жұмыс, ой шақыру, талдау, тест орындау, рефлексия, т.б.) ашық сабағымда қолдандым.**

«Дәрігер» тақырыбы «Буын түрлері» грамматикасынан басталады. Соны өткенде оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес, орфографиялық дағдыларын қалыптастыру үшін проблемалық сұрақ-жауап, ауызша-жазбаша түрде ойын жеткізу (әңгімелеу), түрлі талдау, сурет бойынша сөйлем құрау әдістерін қолдандым. Сергіту сәтінде оқушылар интерактивті тақтада көрнекі жазылған мақалды көзбен көру арқылы тез шешіп, мағынасын ашты. Сол арқылы ақыл-ойын, ынтасын, зейінін дамытуға болады. [9,125] Тақырыпты пысықтау үшін оқушыларға әр түрлі тапсырмалар, тест және «әр адамның денсаулығына не пайдалы?» деген сұрақтарға ой жинақтау беріледі. Сабақ барысында өткен «Кім шапшаң?» ойыны арқылы оқушылар күнделікті өмірде естілетін сөйлемдерді ауызша жеткізіп, аударады. Бұдан шығатын нәтиже: сөздік қорлары, жүйелі ойлау дағдысы дамиды.

**Баяндама соңында 3-модульдің «Дәрігер» тақырыбына жасалған ашық сабақ жоспарын интерактивті тақтада слайд арқылы ұсынамыз.**

Интерактивті тақтамен жұмыс істеу - заттар мен құбылыстардың өзіне тән жаратылыс бітімін, сыр-сипатын, сезім мүшелері арқылы көзбен көріп, қолмен ұстап, құлақпен естіп қабылдауға баулитын дидактикалық үрдіс.

Ұлы Абайдың: «Адам баласы... көзбен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрынмен иіскеп, тыстағы дүниеден хабар алады» деген даналығы педагог-классиктердің пікірлерімен ұштасады.

Сонымен, интерактивті тақтаны пайдалану сабақтың негізгі тапсырмаларын білуді жеңілдетеді, заттар жөніндегі мәліметтерді, деректерді есте берік сақтауға ықпал жасайды. Оқушылар өтетін тақырыппен жұмыс жасауға әуес, ынталы келеді. Өйткені, берілген тақырып бойынша жаңа сабақты түсіндіру, өткен материалды қайталау не бекіту кезінде пайдалану әрбір сабақтың әсерлілігін және мазмұнын арттырады.

Сабақта интерактивті тақтаны дұрыс пайдалану мазмұнды ұғымдардың қалыптасуына көмектеседі, оқушылардың логикалық ойлау және сөйлеу қабілетін дамытуға, нақтылы құбылыстарды қарастыру және талдау негізінде, кейін тәжірибеде қолданылатын тұжырымдарға келулеріне көмектеседі.

Қазақ тілін оқыту процесінде Activ Studio бағдарламасын қолданғанда мынадай мәселелер анықталады:

1. техникамен жабдықтандыру мәселесі;
2. психологиялық кедергілері;
3. компьютерлік біліктілігінің төмен болуы.

Бірінші мәселені шешу үшін барлық кабинеттер интерактивті тақтамен жабдықтандырылуы керек. Біздің кафедра әзірге бір интерактивті тақтамен жабдықталған. Тақта бір кабинетке берілгендіктен, қалған мұғалімдер интерактивті тақтамен жұмыс жасау үшін алдын ала құрылған кестеге сәйкес Activ Studio бағдарламасының мүмкіндіктерін тиімді қолдана отырып сабақ жүргізе алатындай мүмкіндік жасалған. [8,29]

Қазақ тілі пәнін оқытудың басты мақсаты – оқушылардың (2-4-сыныптар) оқуға, сауатты жазуға үйрету, негізгі тілдік ұғымдармен таныстыру, өз ойы мен пікірін еркін жеткізе алатын дара тұлға тәрбиелеу. Қазақ тілін оқытуда сөйлеу туралы түсінік беру, ауызекі және жазба тілде қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту, тілдік құбылыстарды талдау, орфографиялық дағдылар қалыптастыру, пунктуациялық ережелерді практикалық тұрғыда меңгерту, сөйлеу мәдениетін дамыту міндеттері қойылады. **Қазақ тілі сабағында АҚТ мүмкіндіктерін қолдана отырып, интерактивті модульдік технология қағидаларын іске асыру келесі нәтижелерге қол жеткізеді:**

1. Уақыт үнемдейді.
2. Сабақтың сапасын көтереді.



3. Оқу әдісі мен құралдарын таңдауға мүмкіндік тудырады.

4. Оқушының белсенділігі мен қызығушылығын арттырады. [7,12]

Сонымен, бастауыш сыныптарда интерактивті тақтаны қазақ тілі сабақтарында пайдалану - сабақтың негізгі тапсырмаларын білуді жеңілдетеді, мәліметтер мен жаңа ұғымдарды есте берік сақтауға ықпал жасайды. Ұсынылып отырған технологияда заман талабына сай интерактивті тақтаның мол мүмкіндігін пайдалану - оқушы тұлғасының танымдық қабілеттерін арттырып, белсенді сөздік қорын, ауызша және жазбаша тілін дамытып, шығармашылық қырын қалыптастырады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Г.Рахматулина. Модульдік технологияны сабақта тиімді пайдалану. «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде» №10/2009.

2. А.Қайырбекова, Қ.Барақова. «Қазақ тілі. Оқыту әдістемесі». А., Атамұра, 2004.

3. М.М.Жанпейісова. «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде». А., 2006.

4. А.А.Люблинская. «Бастауыш мектеп оқушысының психологиясы жөнінде». А., «Мектеп», 1981.

5. С.Рахметова. «Қазақ тілін оқыту методикасы». А., «Ана тілі», 1991.

6. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: педагогика және психология. А., «Мектеп», 2002.

7. [www.bsh.kz](http://www.bsh.kz) Қазақ тілі сабағында АҚТ мүмкіндіктерін қолдана отырып, интерактивті модульдік технология қағидаларын іске асыру арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру. Авт. Г.С.Балпекова.

8. [www.kmg-sko.kz](http://www.kmg-sko.kz). Интерактивті тақтамен жұмыс істеуде пайдаланатын жаттығулар жүйесі. Авт. Д.Арынова.

9. Н.Бектасова. Бастауыш сыныптарда модульдік технология арқылы оқушылардың сөйлеу тілін дамыту. «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде», №6/2009.



**Айгүл ТӨЛЕКТЕМІРОВА,**  
**Павлодар қаласындағы**  
**№16 лицей-мектебінің**  
**қазақ тілі және әдебиеті**  
**пәнінің мұғалімі.**

## **ТҰЛҒАНЫ ӨЗІНДІК ӘРЕКЕТКЕ БАҒЫТТАЙТЫН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫНЫҢ АУЫЗША ЖӘНЕ ЖАЗБАША ТІЛІН ДАМЫТУ**

Оқу орыс тілінде жүретін мектептерде қазақ тілі пәнінің мақсаты оқушылардың қарым-қатынасын қалыптастыру, дамыту, тілдік және танымдық біліктілікпен қамтамасыз ету екендігі Қазақстан Республикасының жалпы білім берудің мемлекеттік стандартында көрсетілген.

Мұғалім үшін басты міндет – оқушының қызығушылығын арттыру, оның дамуына жағдай туғызу, сөйлеу қабілетін дамыту.

Жаңа технологияларды күнделікті сабақ үрдісінде пайдалану оқыту мақсатына жетудің тиімді жолдарын көрсетеді. Оқытудың жаңа әдістерін пайдалану арқылы

мұғалім оқушының белсенділігін, шығармашылық ізденісін арттырады, пәнге деген қызығушылығын оятады. Қазіргі оқыту барысында қолданылып жүрген көптеген технологиялар жеке тұлғаның жетілуіне, оқытудың тиімділігінің негізін құрауға бағытталған. Әр ұстаздың жаңа технологияны дұрыс пайдалана білуі, өзінің негізгі мақсатын айқын көре алуына ізденіс туғызады. Оқыту барысында қолданылатын ең озық, тиімді технологиялар тәжірибеге енгізілуде. Мемлекеттік тілді орыс мектептерінде оқытуда оқушыларды қазақша дұрыс сөйлеуге, оқуға, сауатты жазуға, бір-бірімен қарым-қатынас жасауға үйрету, ойлау қабілетін дамыту, ойын қазақша жеткізе алатындай болуы көзделеді. Қазақ тілінің асыл мұрасы – сөз байлығын, шебер сөйлеудің озық үлгілерін игерту, тілімізді қадірлеп, қастерлеуге шақыра білу – педагогтардың басты міндеті.

Қазіргі заман талабы – өзін-өзі басқара алатын, жан-жақты дамыған, мемлекеттік тілді жетік білген дара тұлға етіп шығару.

Сабақта бұл мәселенің шешу жолдарының бірі – әр түрлі әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана отырып, жаңа технологияларды енгізу. Қазір технологиялардың түрлері көп:

1. М.М.Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясы»;
2. Ж.Қараевтің «Дамыта оқыту технологиясы»;
3. Қ.Бітібаеваның «Жаңа тақырыпты меңгеру технологиясы»;
4. Тихомировтың «Ойын технологиясы»;
5. Ә.Жүнісбековтың «Үндесе оқыту технологиясы»;
6. Компьютерлік технология;
7. Деңгейлеп оқыту технологиясы;
8. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы.

Әр сабақта менің алға қойған мақсатым: технологиялардың тиімді тәсілдерін қолдана отырып, қазақ тілінің орфографиялық нормасын оқытуды қалыптастыру, қазақша сауатты жазу, сөздерді бір-бірімен дұрыс байланыстырып, сөз тіркесін жасау арқылы оларды сөйлемдерде дұрыс орналастырып, сөйлем құрау, сөйлем арқылы ойын басқаға жеткізу, басқаның сөзін түсіну де оқушының тілін дамыту. Сондықтан басқа ұлтқа қазақ тілін оқыту, ауызекі сөйлеуге үйрету – қиын да қызық жұмыс. Тіл дамыту жұмысында ауызша сөйлеу мен жазбаша тілінің бір-бірімен байланыстылық принципі менің жұмысымда басты орын алады. Оқушылардың тілін қалай дамытамын?

<b>Ауызша</b>	<b>Жазбаша</b>
Мәтінмен жұмыс	Диктант жазу
Сөздікпен жұмыс	Мазмұндама жазу
Диалог, монолог	Шығарма, эссе жазу
Сұрақ-жауап	Жаттығулар орындау
Суретпен жұмыс	Суретпен жұмыс
Мақал-мәтелдер, өлеңдер жаттау	Тест өткізу

Сабақта бағдарлама талабына сай оқушылардың сөйлеу әрекетін (айтылым, тілдесім, оқылым, жазылым, тыңдалым), сондай-ақ тілдік білік пен дағдыларын да қалыптастыру көзделеді.

Педагогтар үшін басты міндет – оқушының қызығушылығын арттыру, оның дамуына жағдай туғызу, сөйлеу қабілетін дамыту. Оқыту технологиясының негізі – оқушының өз бетінше оқу-танымдық іс-әрекеті.

Кез келген оқыту технологиясы іс-әрекеттің қарқындығы мен белсенділігін арттырады, жеке тұлғаның жетілуіне, дамуына бағытталады. Сын тұрғысынан оқыту технологиясы өте жеңіл әрі жайлы.

Кез келген тілдің құрылымын үйрену үшін мынадай екі жағдайды білу қажет. Бірі – сол тілдің жүйесі қалай құрылған, екіншісі – оны практикалық жағынан қалай меңгеру керек? Біздің алдымызда отырған оқушыларымыздың сөздік қорлары әр түрлі. Бірі - мүлдем хабарсыз, бірі - өте төмен дәрежеде, бірі – тілді жетік меңгерген.

Өз тәжірибемде қай сынып болсын сабақты тілдік жаттығудан бастаймын. Тілдік жаттығулар: жаңылтпаш немесе бір шумақ өлең, не болмаса санамақ, не әріпке байланысты тақпақ. Мұндай тілдік жаттығу: біріншіден, сөздерді дұрыс айтуды меңгертеді, екіншіден, баланы жалықтырмайды. Оқушы сабақта сөйлеу арқылы қарым-қатынас жасайды. Сөйлесу барысында көркемдік құралдарды, яғни, әсерлеп, мақал-мәтелдерді, фразеологиялық тіркестерді қолданып сөйлеуіне баса назар аударамын. Сабақта оқушыға жазбашаға қарағанда ауызша сөйлеген оңайға түседі. Себебі, оқушы жазғанда тек өз ойын жеткізіп қана қоймайды. Оны дұрыс, қатесіз, тыныс белгісін сөйлем интонациясына қарай қоюды үйренеді. Оқушы сөйлеуді жақсы меңгерсе, өз ойын жазбаша да жеткізе алады деп ойлаймын. Сондықтан да бұл екі процесс бір-бірімен тығыз байланысты. Сабақтарды жасауда мен көптеген коммуникативті бағыт беретін оқулықтар мен оқу құралдарына сүйенемін. Сабақта үнемі екеу ара ықшам сөйлесулерді қолданамын. Бұл жұмыстарды қолдану лексика-грамматикалық материалдарды белсенді түрде бекітуге, ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Сабақта тілдік, даярлық сөйлесу жаттығуларын жиі қолданамын. Бұл жаттығулар қарым-қатынас жасауға бағытталады: сұраққа дұрыс жауап беру, сұрақты дұрыс қоя білу, сөйлем үлгілерін дұрыс пайдалана білу, ситуациялық жағдайларда сөйлесе білу. Сабақта оқушылардың тілін дамыту үшін алуан түрлі жұмыстар жүргіземін:

- сөйлесудің дыбыстық жағынан жұмыс;
- сөздің мағыналық бөліктері бойынша жұмыс;
- сөз және фразеологизмдермен жұмыс;
- сөздердің морфологиялық формасы бойынша жұмыс;

- сөз тіркестерімен жұмыс;
- тіл мәдениеті бойынша жұмыс;
- сөйлем бойынша жұмыс;
- стилистика бойынша жұмыс;
- ауызекі сөйлеу бойынша жұмыс.

Осыған байланысты оқушылардың тілін дамыту мынадай бағыттарда жүргізіледі:

- ерекше ұйымдастыруды қамтамасыз ететін жоғары интенсивті сабақ-ойындар, ұжымдық жұмыс түрін қолдану;
- өткен сабақ материалдарын бекітуде, ауызекі сөйлесуге ынтасын тудыратын көрнекі құралдың есту мен көру түрін қолдануға ерекше мән беру;

- оқушының сөздік қорын байыту. Жаңа сөзбен толықтыру, сөздің мағынасын, қолдану аясын анықтау. Сөздік қор қазақ тілі сабағында жаттығу орындау, шығарма, мазмұндама жаздыруда жүйелі түрде өткізілетін сөздік жұмыстармен қамтамасыз етіледі.

- Қазақ тілінің әдеби нормасын меңгерту. Бұл сөзді дұрыс айтуға, сөз тіркестерінің, сөйлемнің құрылысын білуге, сөз таптарының стильдік мүмкіндіктерін, синтаксистік құрылымын білуге дағдыландырады.

Оқытушы дәстүрлі әдіс-тәсілдерді түрлендіре отырып және жаңа технологияларды ұтымды пайдалана оқыта білсе, оқушының бойындағы тілге деген қызығушылық артары сөзсіз. Бүгінгі күні бізге белгілі мынадай технологияларды №16 лицей – мектебінің қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімдері оқушылардың білім сапасын көтеруде

және Қазақстан Республикасының жалпы білім берудің мемлекеттік стандартында көрсетілгендей оқушылардың қарым-қатынас біліктілігін қалыптастырып, дамытуда технологияларды қолдануда.

Кез келген ғылым мен практиканың сабақтастығы бір қалыпта, бір орында қалмайтыны белгілі. Тәжірибе әрдайым жетіліп, жаңарып отырады.

Деңгейлік технологияны қолданудағы негізгі мақсатым: баланың қабілетін ашу, шығармашылығын шыңдау, іздендіру, пәнге деген қызығушылығын арттыру. ДОТ – сапалы білім берудің тиімді де ұтымды тәсілі. Сол себепті өз тәжірибемде әр тақырыптан кейін деңгейлік тапсырмалар беріп тұрамын.

Ойын технологиясын сабақта қолдану арқылы оқушылардың ойлау қабілетін дамытамын, әр баланың өз бетімен жұмыс істеуін ұйымдастырамын, сабаққа зейінін аударамын, адамгершілік қасиеттерін, білімге құштарлығын арттырамын. Сабақта оқушылармен «Заттың атын ата», «Кім көп сөз табады», «Тапқыштар», «Ұйқасын тап», «Жаңғырық», «Тізбе» сияқты ойындарды жиі өткізіп тұрамын. Сондықтан да барлық оқушыны білімге бірдей жетелеу үшін өз мүмкіндігіне сәйкес сабақты меңгерту, тілін, ой ұшқырлығын дамыту, өзіндік пікір айтуға жағдай жасау және еркін шығармашылыққа жетелейтін, осы пәнге қызығушылығын арттыратын әдістің бірі-грамматикалық ойынның түрлері. Дамыта оқыту жүйесінде грамматикалық ойындардың атқаратын маңызы зор. Грамматикалық ойындар арқылы сабақтарда оқушылар әр түрлі жағдайды түсінеді, оны шешу жолдарын қарастырады. Ойын сабақтары оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытады. Оқуға құлшынысын, қызығушылығын арттырады. Жақсы ойынға бала бар ынтасымен беріліп, оны білуге, меңгеруге талпынып, алуан түрлі дағды, мәліметтерді алып,

шеберліктерін шыңдайды. Сабақта грамматикалық ойын түрлерін, әсіресе, тіл сабағын меңгерту мақсатында жиі пайдалануға болады. Оқушылардың алған білімдерін одан әрі дамыту, тереңдету, олардың ізденімпаздығын арттыру, ой-өрісін кеңейту, шығармашылық қабілетін дамыту, оқуға белсенділігін арттыру мақсаты алға қойылады. Қазақ тілінің фонетика, лексика, морфология салаларын оқытқанда тақырыпқа орай әр түрлі әдіс-тәсілдермен, шеберлікпен грамматикалық ойындарды енгізуге болады.

Модуль деген қандай да бір жүйенің дербес бөлігі. МТ бірінші орынға білім-білік дағдысын емес, баланың білім арқылы жеке тұлға ретінде дамуын қояды. Бұл технологияны сабақта қолданғанда мынадай мақсаттар қоямын:

- Жеке тұлғаның негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыру;
- Жеке тұлғаның танымдық процесін дамыту;
- Жеке тұлғаның белсенді тіл қорын дамыту;

Сол сияқты сабақта ақпараттық технологияны пайдаланатырып, оқу-тәрбие үрдісінің сапасын арттыруды көздеймін.

Ең жиі қолданылатын Сын тұрғысынан оқыту технологиясының әдіс-тәсілдерін пайдалану арқылы оқушылардың сабаққа деген ынтасын, қызығушылығын арттыруды және оқушылардың бірінен-бірі қалғысы келмей тапсырмаларды орындап, нашар оқитын оқушылар жақсы оқитын оқушы дәрежесіне көтерілуіне мүмкіндік жасаймын. Тәжірибе барысында бұл әдіс оқушыларға өтілген материалды пысықтап, қайталап, есте сақтау қабілетін қалыптастыруға, сол материалды талдап, жан-жақты меңгеруіне өте тиімді екенін көрсетті.

Қазақ тілін оқытудың көздейтін мақсаты – оқушыларды қазақша сөйлеуге, өз ойын басқаға түсіндіре алатын, біреудің айтқан ойын, жазғанын түсіне алатын дәрежеге жеткізу.

Сөйтіп, біздің оқушыларымыз мектепті бітірген кезде



жергілікті халықпен түсінісе алатындай болуға тиіс, оқушылардың сөздерді есте сақтауы, сөз байлығын дамыту жөніндегі бұл пәнді оқыту әдістемесі мына негізге сияды.

1. Сөздік арқылы тіл дамыту.

2. Құралдар арқылы тіл дамыту.

Пәннің негізгі мақсаты – оқушыларды қазақша сөйлеуге үйрету болғандықтан, алдымен жекелеген сөздерді үйрету арқылы сөздік қорын молайтамыз. Сөйлем құрау, грамматикалық ережелер, анықтамалар тіл үйретудің техникасы ретінде қарастырылады. Қазақ тілі сабағында ауызша және жазбаша тілін дамытуға байланысты жүргізілетін жұмыстардың кейбір түрлері тақырыптың мазмұнына, жас ерекшеліктеріне және сөздік қорының қаншалықты екеніне байланысты күрделене түседі. Оқушылар қазақ тілін үйреніп қана қоймайды, олар қазақ халқының тұрмыс-салтын, мәдениетін, әдебиетін, тарихын біліп, ұлы адамдардың өмірімен танысады.

Орыс сыныптарында қазақ тілін оқыту сабақты дұрыс ұйымдастыруды, алдын-ала мұғалімнен мұқият дайындалуды талап етеді.

Оқыту технологияларының барлығы да – қазақ тілі сабақтарын тиімді өткізудің көзі. Бұл технологиялардың мақсаты – балаларға сапалы да терең білім беру, олардың дағдылары мен есте сақтау қабілеттерін жетілдіре отырып, еркін сөйлеу дәрежесіне жеткізу.

Сабақ дұрыс нәтижеге жету үшін ұстаз жаңа технологияларды біліп қана қоймай, оны сабақта тиімді, ұтымды, шебер қолдана білуі қажет.

Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» және «Тіліміздің – мемлекеттік қызметте де, өндірісте де, ғылымда да, білім беруде де орыс тіліндей болып қолданылуы үшін қолдан келгеннің бәрін істеу керек», - деген тұжырымы бар.

## Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Ана тілі» газеті. №12, 2006 жыл.
2. «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде» журналы. № 12, 2008.
3. «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде» журналы. №9, 2007.
4. «Қазақ тілі» журналы. №6, №5, №3, №1, 2005.
5. «Қазақ тілі». Оқыту әдістемесі. 2009.
6. А.Ысқақов, Қ.Аханов. «Қазақ тілі», Алматы, 1976.
7. Т.М.Артықова. «Қазақ тілі», Алматы, 2005.
8. Қ.Ибрагимов, М.Иманбаева, Б.Базарғалиева. «Қазақ тілі», Алматы, 2005.
9. Өтебай Тұрманжанов, Мұзафар Әлімбаев. «Өлеңдер, ертегілер», «Жалын», Алматы, 1989.



## ҚАЗАҚ ПЕН ҚОҒАМ

Мен - Қазақпын Жұбан аға жырлаған,  
Небір жойқын соғыстарда қыңбаған.  
«Өз күніңді өзің көр» деп лақтырған  
Қоғамда да тағдыры әбден шыңдаған.

Бірақ та шын шыдамның да шегі бар,  
Бір күні бұл «бітеу жара» жарылар.  
Ол жарылса, емдеу қиын салдарын,  
Буырқанған жастар селдей ағылар!

Кульпаш САРИЕВА,  
кандидат педагогических наук.

## ОТ ОБРАЗОВ И СИМВОЛОВ К СЛОВУ

Человеку не сразу была дана многозвучная, многословная речь, которая стала средством передачи знаний. Человек заслужил свой «великий, могучий» язык в десятках, а может быть, сотнях тысячелетий.

Малое человечество, считают антропологи, произошло в при экваториальных районах Африки. «Гуманоид сделал первый шаг к гомосапиенсу не тогда, когда поднял голову и увидел на черной доске африканского неба золотым мелом начертанный знак, а когда перенес его на песок пальцем. Потом на сырой глине повторил палкой», - пишет Олжас Сулейменов в книге «Язык письма». Первым монитором первого человека было небо.

Что же он увидел на небе? Солнце и Луну. Но Луна ночью графически выразительней, чем раскаленное Солнце на выгоревшем от зноя небе: Луну можно созерцать, не уставая, подолгу, на Солнце не взглянешь! Ночь - время охоты, прохлады, любви. Так начался век лунопоклонничества. Луна стала божеством, научила чертить круг и почитать все круглое. Чтобы начертить круг нужна точка опоры. После захода Солнца и перед появлением Луны на небе появлялась яркая точка - Венера. Так появился культ: «Луна и Венера».

Человек, наблюдая ночное небо, заметил рождение юного месяца и его рост до полной луны. «Полная луна-месяц» - открытие, определившее развитие первого иероглифическо-

го письма и форм материальной культуры. Месяц и Венера понимались человеком как мужчина и женщина. Точка - Венера стала эмблемой женщин (прокалывание ушей, родинка между бровями).

Но отношение к Луне менялось по мере перемещения в более высокие широты. Ночи становились холоднее, остывала и вера в могущество Луны. Она продолжала светить, но этот свет ассоциировался не с благостной прохладой, а с холодом. Лунопоклонничество сменяется верой в Солнце! Первые признаки этой веры наблюдаются в степях Евразии 40- 30 тысяч лет назад.

Нещадное солнце изгоняло человека из экваториальных широт. Обожеествившие быков уходили вслед за стадами туда, где трава сочнее. Скот — еда, жизнь. Одним из первых наскальных рисунков был бык, пронзенный копьем. И Бык — (Бұқа- тюрк.) огуз (тюрк.) — символ самца, носитель «урука» (семени), продолжатель рода (ру). Позже его сменит образ Кошकारа (барана) и появится орнамент «кошкармүйіз»

«Итак, обитали в каком-то одном регионе роды и племена Быка (Огуза) и не одно тысячелетие понадобилось, чтобы разрослись они и разбрелись по земле в поисках мест обетованных, и вместе с ними разошлись родовые знаки - обереги и их названия», — пишет Олжас Сулейменов.

Расцвет древних цивилизаций передней Азии и Египта, Южной Европы, Греции и Италии был связан с письмом. Слово «Цивилизация» пришло к нам из латинского языка, оно означает «жизнь в городах». Самым древним городом является ЧаталХююк, который находится в современной Турции, был построен 9 тыс лет назад. Жили там 5 тыс человек.

Начало цивилизации ознаменовалось изобретением письменности, колесного транспорта, развитием математики и медицины. Ее следствием стало также создание больших

армий и огромных империй, которые росли за счет завоевания земель, населенными другими народами. Самые древние из известных нам цивилизаций зародились на Ближнем Востоке, в «междуречье» Тигра и Евфрата (территория современного Ирака), и первыми жителями этих мест являются шумеры. История таких городов, как Дамаск и Иерихон, насчитывает 5 тыс лет. В начале 3 тысячелетия до н.э. появились могущественные города Ур и Урук. Шумеры ткали материю, изготавливали вещи из металла, делали посуду на гончарном круге. Но наибольшего прогресса они достигли в письме, математике и астрономии. Открытия в тех областях позволили им вести учет налогам, заключать соглашения, записывать законы и составить календарь.

Первые письма шумеров были пиктограммами. Это означает, что вместо букв и слов шумеры использовали рисунки. Позднее эти рисунки стали больше применять для обозначения звуков, а не реальных предметов. Шумерское письмо называется «клинопись», от слова «клиновидный», потому что для выдавливания знаков на глиняных табличках, служивших для письма, они пользовались палочкой, заостренной на конце.

Первые сведения о тюркском языке, как пишет ученый А.Аманжолов, встречаются на шумерских идеографических письменных памятниках, где мы видим совпадения лексического значения некоторых слов.

Например: дингир - тенгри; уд - кун (день); дуг — жаксы (хороший); гуд — бука (бык, корова); у — уйкы (сон); ниг — не (вещь); су г — су (вода); саг — бас (голова) и т.д.

В 5 веке до н.э., т.е. 26 веков назад были сделаны надписи на «иссыкской серебряной чаше» с 26 руническими знаками, чаша была найдена в сахском кургане в 1971 г. близ Алматы. Запись такова: *«Ага, сана очук! Без, чек! Букун 1чрс азук».*

*Перевод с древнетюркского: «Ага, саган (бул) ошак! Бетен*

(жат ел адамы) пзед! бук! Халыктазык-тулж (молбол-гай)!» Перевод на русский язык: «Брат, тебе (этом) очаг! Чужой, преклони колени! У народа (будет много) пищи!»

Запись читается справа налево.

В Эрмитаже хранятся четыре деревянные дощечки с руническими надписями, но они еще полностью не прочитаны. Ученые относят их к 8 веку.



Надпись сделана на согдийском языке, с одной из сторон стелы находится почти полностью уничтоженный эрозией текст на санскрите письмом брахми. Согдийский вариант, к сожалению, сохранившийся не полностью, рассказывает о событиях первых тридцати лет существования Тюркского каганата, особенно подробно описывая заслуги Таспар - кагана. Из обращения к читателям видно, что согдийское письмо было понятно в каганате достаточно широкому кругу образованных людей из верхов тюркского общества. Большое число согдийцев жило при дворах тюркских каганов: они были дипломатами и чиновниками, придворными и наставниками в грамоте, о чем прямо сообщают иноземные источники; они строили оседлые поселения и водили торговые караваны в Китай, Иран и Византию с товарами, принадлежавшими тюркской знати. Их культурное влияние на тюрков было очень значительно. Есть все основания полагать, пишет С.Кляшторный, что наряду с использованием письменности согдийского языка тюрки употребляли согдийский

алфавит и для фиксации собственной речи, который получил название «уйгурского». Но для письма на камне (так называемого «монументального письма») курсивный согдийский алфавит применялся редко.

рунический тюркский алфавит

Орман-Енисей таңбалары	Дыбыстық таңбалары	Орман-Енисей таңбалары	Дыбыстық таңбалары
↓ 1 X ↑ 1 X > 1 N M H	а, ы (а) и, і (е) о, у о, у	⇒ ⇒ ⇒ ⇒ ) ( ) H H H H 3	и, и' и и' и (и)
U U U X X X O	о о	Y O O 1 1	и, и' и, и'
X 1 X X P P P A	р р	4 4 4 Y Y	р р'
B B B S X + ⊗	А А	Y Y 1 Y 1	с с'
H 4 S X	ш, ж ш	3 3 3 3 h h h h	ш ш'
D > 9 9 9	д д	1 Y A Y Y Y K I Y O X A I	д, д' и и'
H 1 H ↓ ↑ V Δ 7 > K B B	к 7 (к) к (к) к к (к)	M ☺ ☺ ☺ ☺ 3 3 3 3	м, м' м, м' м, м' м, м'
↓ √ L Y	л л	⊗ : : : : : : : : : : : :	л сөз алмауы белгісі

уйгурский алфавит

Өрмөңдөң жазмауы			Дыбыстық таңбалары
сөз басы	ортада	аяғы	
↑	↑	↑	а, ө
↑	↑	↑	э, о
↑	↑	↑	и, і
↑	↑	↑	о, у
↑	↑	↑	ө, ү
↑	↑	↑	б, п
↑	↑	↑	в, г
↑	↑	↑	к, х
↑	↑	↑	г, к
↑	↑	↑	л, т
↑	↑	↑	ж
↑	↑	↑	з, ы
↑	↑	↑	л, к
↑	↑	↑	и, в, с
↑	↑	↑	ш
↑	↑	↑	ч
↑	↑	↑	н

В 5-7 вв. в тюркской среде было известно письмо. Оно состояло из 37 или 38 не соединявшихся между собой знаков, геометризованных очертаний и было хорошо приспособлено для резьбы на дереве и камне. Это письмо называется руническим или орхоно-енисейским.

Тексты, написанные руническим письмом, привлекли внимание ученых и путешественников в 17-18 вв. В 1692 г. амстердамский бургомистр Н.Видзен сообщил, что «недалеко от Верхотурья на утесе найдено несколько изображений и надписи из неизвестных букв...»

В 1719-1722 гг. по заданию Петра I состоялась экспедиция по Сибири и Маньчжурии натуралиста Д.Т.Мессершмидта, который в своем дневнике писал, что «изображены резные правильные четырехугольники в виде ромбов».

В 1793 г. состоялись экспедиции Т.Байера и П.С.Палласа.

С тех пор не утихают споры о происхождении знаков рунического письма. Одни ученые сближают их с согдийскими, другие с кельтскими, некоторые с греческими. В 1859 г. А.Шифнер выступил с теорией происхождения рунического алфавита из тамг (родовых знаков).

Древнейшее упоминание о тамгах, употребляемых также в виде гербов, печатей, взамен подписей, у тюрков относится к V веку: «На домашнем скоте вообще кладут метки и хотя в поле пристанет к чужому, никто не возьмет его». Весьма вероятно, что родовые тамги были первоначально изображениями родовых богов или духов-покровителей и лишь впоследствии обратились в знаки родовой собственности, приняв для этого формы геометрических фигур, как наиболее удобные для вырезания или выжигания», - отмечал ученый начала XX века Н.Аристов. По его словам, в старину главные казахские роды имели каждый свою тамгу.

А теперь обратим внимание на исследования художника - дизайнера Т.Досанова, который считает, что всякое письмо




независимы от времени его происхождения является результатом графического дизайна.

Язык и графика, считают ученые, между собой взаимосвязаны. Разговорная речь и графика - форма мышления. Мысль человека обретала форму - рисунок, который лег в основу графики.


Поэтому рисунок был не случайным, а геометрическим и симметричным. Каждый штрих был связан с природой, жизнью. Так объясняет Т.Досанов изображения первых понятий кочевником. (Эти знания, по нашему предположению, и помогли сконструировать юрту). В 1997 году Т.Досанов создал структурную базовую таблицу «бичин (пішін)», которая помогла ему извлечь 52 знака руники. Особое внимание ученых привлекает и тот факт, что из таблицы извлекаются родовые тамги.



**Көк - небо**



**Йер - земля**



**Құр - строй**

Великий создатель тюркского письма каждый штрих связал с окружающим миром.

Клетка человеческого организма как структурный элемент органа в энергетическом плане - это тоже объемный энергетический кристалл - четырехгранник, в котором от ядра до поверхности клетки отражена симметричная система энергетических связей (слоев).

А по мнению О.Сулейменова, первым знаком человеческого письма был рог, напоминающий луну. Совпадение символов быка (рогов) с фигурой месяца определило отношение лунопоклонников к Быку как к земному воплощению

ночного светила.

Бык стал богом - тотемом, прародителем человечества. За ним корова - мать.

Бык мог себя акустически обозначить. Его природное слово - речь и стало самоназванием (сельский ребенок корову называет «му»).

- ти 1) Бык. 2) Месяц-луна.

Это был первый и очень важный для культуры шаг - перенос имени звучащего объекта на немой, не способный называть себя.

Следовательно:

1) Начальный этап развития языка - звукоподражательный.

2) Письмо позволило назвать немые объекты, внешне похожие на озвученный графический знак.

Так возникла схема основной словообразовательной модели: «знак + название + толкование знака = словопонятие».

Ни один язык не обошелся без этого механизма (формулы). Все изначально знали первописьмо, иначе бы не состоялись.

А далее оказалось все просто: из слова родилось словосочетание, из нескольких словосочетаний - предложение, выражающее законченную мысль. Несколько законченных мыслей объединились в сложное предложение: сложносочиненное и сложноподчиненное.

Так развивалась грамматика - морфология - наука о частях речи, синтаксис - наука о конструкции предложений.

а) герм, тооп - месяц, луна; топth- месяц (время); тап - муж, мужчина (англ.) б) древнеир. тиh - месяц, луна; тапс, тапас- «муж» (Вспомните киргизский эпос «Манас»).

Если человек создал рогатину, подражая рогам быка, который бодал, то змея научила делать острые иглы, копыя. Все, что видел человек вокруг себя, пытался изобразить сна-

чала на глине, потом на камне, посуде, бумаге.



Можно ли изолировать человека и его культуру от природы?

Всему человек научился у братьев своих в пору, когда меньшими их еще не называл. Почитал как старших и более приспособленных к суровым, не щадящим человека условиям существования. Подражая травоядным - стал вегетарианцем, лекарем. Подражая тотемам - хищником, мясоедом.

Паук подсказал принцип ткачества, пчелы - сотовое строительство, муравьи - организацию массового труда, бык - схему социального устройства рода и способы самозащиты, лягушка научила нырять и плавать, медведь - всеядности, помогающей выживанию.

Итак, всем своим существованием человек генетически связан с матерью - природой. Весь этот опыт Эзоп сохранил в своих баснях, где «говорят» звери и птицы. Человек слушал, как они «говорят», прислушивался, повторял - му... (бык), с-с ... (змея).

Следовательно, сначала человек подражал звукам, которые издавали в природе животные и птицы, затем:

обозначал их (рисовал знаки);

называл (придумал буквы, слова);

объяснял (развивал речь);

сравнивал (создал аллегорическую речь);

воображал (так родилась поэтическая речь);

убеждал (создал риторическую речь).

Таким образом, по мере познания мира человек развивал и свой язык. Ю.Баласагуни писал: «Ведь слово сошло с небосвода, возвышена словом людская природа».

А вот что мы читаем у аль-Фараби: «...Самой первой из всех наук является наука о языке, которая дает имена вещам. Вторая наука - это грамматика; она учит, как упорядочивать имена, данные вещам, как составлять речи и изречения.

Третья наука - это логика; она учит, как располагать повествовательные предложения согласно логическим фигурам для получения из них умозаключений, благодаря которым мы познаем непознанное и судим о том, что истинно и что ложно.

Четвертая наука - это поэтика; она учит, как располагать речи согласно их достоинству и последовательности, т.е. согласно их пропорции и числам стоп, например: по 4,6 или 8. Эти числа завершающие и наиболее приспособленные для этой цели.

Таков порядок наук, предшествующих арифметической науке, которая потом следует за ними подобно тому, как они раньше предшествовали ей.

Поэтому тщательно наблюдай и размышляй, чтобы это послужило поводом, побуждающим твою душу вкусить от сладости мудрости и воспылать любовью к истине, ибо таким способом ты поймешь кое-что сокровенное и кое-что, что является благом для тебя».

Юсуф Баласагуни в главе, где «повествуется о том, что достоинство сынов человеческих - в знаниях и разумении», пишет:

Творец человека меж тварей отметин,  
И стал он и знаньем, и разумом светел.  
Его отличил и умом и словом,  
Цал облик и сделал в деяньях толковым.

И стал человек разумным велик,

И знания он многие тайны постиг.

Кому даровал бог и знания и разум,

Того он к благу наставил наказом.

В науке - все благо, в познаниях - величье,

Цаны божьим слугам два высших отличья.

И правду сих слов подтвердит моя речь,

Сумей из нее все, что нужно, извлечь.

Величье дается благим разумением,

А знания - основа великим свершениям.

Новая вера рождалась из отрицания старой, утверждала себя категорическим отказом от главных ценностей прошлого - от культа Быка и Луны (месяца). Смена культов происходит в более северных широтах, где начинают осознаваться преимущества солнца. Если в жарких краях солнце - изнуряющий зной, пересыхающие источники, то на севере солнце - тепло и свет. Это зеленый, пробуждающий от спячки мир. Солнце - это жизнь. Оно приносит радость, рождение нового дня, новой жизни, праздник - Наурыз!

Началось поклонение Солнцу, и появился первый образ солнцепоклонника кочевника Енкиду в первой поэме человечества о Гильгамеше. И это случилось благодаря тому, что человек овладел образной речью. Абай так писал о рождении образного языка:

Зарницей разум осветил

Крылатый образный язык.

Волнением душу охватил,

Сердечный трепет породил.

Маневром легким обхитрив,

Своенравье укротил,

Дух тревогой разбудив,

Но труд тяжелый вдохновил.

Не каждый может нанизать  
Слов жемчуга намыслей нить,  
Иль сердцем как друзей принять,  
Иль крик души в них ощутить.

Не могут равно языку  
Узоры тонко наносить.  
Ни рукодельницы игла,  
Ни соты выющая пчела.

(Перевод Мухамет-Халел Сулейменова).

Об этом Ю.Баласагуни писал в главе, где «Повествуется о достоинствах и пользе языка»:

- Язык - переводчик науки и знания,  
Язык человеку дарует сиянье.

Язык людям счастье и славу приносит,  
И он же карает и головы косит.

Язык - словно лев, что лежит у ворот:  
Едва оплошаешь - тебя он сожрет!

Внемли же тому, что сказал злоязычный.

И пусть тебе сдержанность станет привычной:

Дано человеку наследовать слово,

Богат он стократ от наследства такого.



## ТІЛ ТУРАЛЫ

Жиырма жылда тіл тұғырға қонбады,  
Ұлттық мектеп іргетасы оңбады.  
Енді он жылда көгере ме көсеге,  
Осы сауал мұң бұлтындай торлады...

# ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ КАЧЕСТВЕННОГО ПРОВЕДЕНИЯ ИТОГОВОЙ АТТЕСТАЦИИ УЧАЩИХСЯ В ФОРМЕ ЕНТ И ПГК

Учитель при подготовке учащихся к ЕНТ ищет различные методы и приемы обучения, позволяющие учить результативно. Перед педагогом стоят задачи формировать прочные навыки учебной деятельности, достижения высокого качества освоения ЗУН учащимися, развитие познавательных способностей, познавательной активности, выработать систему индивидуального развития способностей учащихся. Воспитывать учащихся в духе высокой требовательности к себе, т.е. учащийся должен осознавать персональную ответственность. Перед учащимися ставить четкие цели и добиваться их качественной реализации. Учителю необходимо освоить новые подходы к образованию, компетентностного, системно-деятельного, как основной способ совершенствования качественного образования-роста результативности, эффективности обучения, успешности участников образовательного процесса. Необходимо использовать ТСО на уроках по остаточному принципу и, прежде всего, как вспомогательные, а не основные средства обучения.

Учитель должен регулярно проводить диагностику способностей учащихся, чтобы учащиеся ясно видели свой уровень подготовки к ЕНТ и делали соответствующие выводы. Проведение мониторинга достижений учащихся,

позволяющие проследить результативность обучения в соответствии с зоной ближайшего развития ученика. У учащихся нужно формировать устойчивую мотивацию к обучению, заинтересовывать детей и создавать им ситуацию успеха. В процессе учебы ученик должен осознавать свою успешность и мы в этом должны ему помочь. Ученик должен научиться презентовать свои достижения. В учебном процессе при подготовке к ЕНТ учитель большое внимание должен уделить эмоциональной стороне обучения. Учитель должен быть не безразличен к ученику. Хорошие взаимоотношения педагога и ученика способствуют нормальному течению учебного процесса. Позитивные изменения во внешности ученика, в их поведении, в итоговых оценках тестирования нужно обязательно отметить, похвалить, поощрить. Учителю необходимо создавать ситуацию успеха каждому ученику. Каждый день вселять в них веру в себя, в свои возможности.



## **ЖАСТАР МЕН БІЛІМ**

Жүк тасыған жастар көп өз жерінде,  
Шарасыздық жайлаған көздерінде.  
Көбісіне жоғары білім - арман,  
Бір баспана жайы тек сөздерінде...



## **МҰҒАЛІМДЕР НАЗАРЫНА**

Қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне тиімді оқыту мақсатында «Атамұра» баспасынан 1-4 бастауыш сыныптар үшін көрнекілік құралдар басылып шықты. Көрнекілік лексикалық, грамматикалық тақырыптарға байланыстырып сөйлеу дағдысын қалыптастыруға, сөйлем құрап үйренуге, сабақ барысында мұғалімнің оқу барысын нәтижелі өткізуіне және практикалық жұмыс жасап, оқушының таным қабілетін арттыруға мол мүмкіндік береді. Сондай-ақ бұл көрнекіліктер қазақ тілі кабинеттерін жабдықтауға да қолайлы.

Көрнекілікті «Атамұра» баспасының әр облыстағы кітап дүкендерінен сатып алуға болады. Бұл көрнекі құралдың авторы – педагогика ғылымдарының кандидаты Айтбала Қайырбекова.

*Редакциядан.*

### **КӨРНЕКІ ҚҰРАЛ**

Онсыз ұстаз сабағы жайнамайды,  
Онсыз дәріс тілі де сайрамайды.  
Мұғалімнің еңбегін танытар сол,  
Бекерге ұста пышағын қайрамайды...

Айтбала ҚАЙЫРБЕКОВА,  
педагогика ғылымдарының  
кандидаты, оқулық авторы.

# ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРЫС, ҰЙҒЫР ЖӘНЕ ӨЗБЕК МЕКТЕПТЕРІНІҢ 1-4-СЫНЫПТАРЫНА АРНАЛҒАН КӨРНЕКІ ҚҰРАЛДАР

ҚАЗАҚ АЛФАВИТІ

 Аа	 Әә	 Бб	 Вв	 Гг	 Ғғ	 Дд	 Ее	 Ёё
 Жж	 Зз	 Ии	 Йй	 Кк	 Ққ	 Лл	 Мм	 Нн
 ң	 Оо	 Өө	 Пп	 Рр	 Сс	 Тт	 Уу	 Үү
 Үү	 Фф	 Хх	 Һһ	 Цц	 Чч	 Шш	 Щщ	 Ъ
 Ыы	 Іі	 Жжіше-лік белгісі ь	 Ээ	 Юю	 Яя			

1

ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ТӨН ДЫБЫСТАР



2

ДАУЫСТЫ ЖӘНЕ ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАРДЫ БӨЛІП АТА.



ДЫБЫСТАР КЛАССИФИКАЦИЯСЫМЕН ТАНЫС!

**Дауыссыз дыбыстар**  
 б, в, г, д, ж, з, й, к, қ,  
 л, м, н, ң, п, р, с, т, ф, х, ц,  
 ч, ш, щ, ы, ь

**Қағаты дыбыстар (түрлері):**  
 ұяң дыбыстар (ш, к, қ, ж, ң, ы, ч,  
 б, ө, т, г, д, ж, з,  
 м, н, ң, р, л, ы, ь)

**Қазақ тіліне тән дыбыстар**  
 ә, ғ, қ, ң, о, у, ү, ы, і, һ

**40** дыбыстар  
**15** дауыссыз  
**25** дауысты

**Ү айқыру белгісі**  
 дауыссыз дыбыстар

**Ү жіңішкек белгісі**  
 дауыссыз дыбыстар

**Дауысты дыбыстар**  
 а, ә, о, ө, ә, и, у, ю, я, ө,  
 а, о, м, ү, ұ  
 Жуан дауысты дыбыстар  
 (гласные гласные звуки):  
 а, о, м, ү, ұ  
 Жіңішке дауысты дыбыстар  
 (мягкие гласные звуки):  
 ә, ө, і, ү, ө, и, э

**Ү жіңішкек белгісі**  
 дауысты дыбыстар

**Ү айқыру белгісі**  
 дауысты дыбыстар

көгілдір      көк      күлгін      күрең

ақ

сары

қызыл      қара      қызғылт      қоңыр      жасыл

КІМ?

БІЛІП АЛ!

НЕ?

~~КІМ?~~

САНАП ҮЙРЕН!



бір екі үш төрт бес алты жеті сегіз тоғыз он

# 10

бір  
екі  
үш  
төрт  
бес  
алты  
жеті  
сегіз  
ТОҒЫЗ

2 3 5 6  
1 9 8 4 7

20 30 40 50 60 70 80 90 100

жиырма отыз қырық елу алпыс жетпіс сексен тоқсан жүз

200 300 400 500 600 700 800 900 1000

екі жүз үш жүз төрт жүз бес жүз алты жүз жеті жүз сегіз жүз тоғыз жүз мың



ҚАЛЫП ЕТІСТІКТЕРДІ БІЛ!

отыр + мын  
отыр + сың  
отыр + сыз  
отыр



отыр



жүр + мін  
жүр + сің  
жүр + сіз  
жүр

жатыр

Қалып  
етістіктер

жүр



жатыр + мын  
жатыр + сың  
жатыр + сыз  
жатыр

тұр



тұр + мын  
тұр + сың  
тұр + сыз  
тұр



КӨПТІК ЖАЛҒАУЛАРЫН ДҰРЫС ЖАЛҒАП ҮЙРЕН!

Мәре

Сөре

— лар, — лер  
— дар, — дер  
— тар, — тер

КӨПТІК ЖАЛҒАУЛАРЫН БІЛ.

ЛАР

ТАР

ДАР

ЛЕР

ТЕР

ДЕР

(Жалғасы келесі санда.)

Алма МҰСАБЕКОВА,  
Павлодар қаласындағы  
№7 кәсіптік-лицейдің мұғалімі.

# ПРАКТИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР ЖҮЙЕСІН ОРЫНДАУ АРҚЫЛЫ КӘСІБИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ТІЛІН ДАМУ

**Мақсаты:** білімділік – мамандық бойынша терминдерді меңгерту; мамандық туралы сұрақтар қою арқылы білімдерін тексеру; оқушының сөз қорын байыту; - шы, - ші жұрнақтары арқылы жасалатын сөздерді естеріне түсіру; **дамытушылық** – сөздік қорын байыту, сөйлеу тілін, ойлау қабілетін дамыту; тыңдалым арқылы еске сақтап, мазмұнын әңгімелеп беруді үйрету, өз ойын жеткізу қасиеттерін дамыту; **тәрбиелік** – еңбекқорлыққа, шеберлікке тәрбиелеу.

**Міндеті:** кәсіпке байланысты міндетті және мүмкіндік деңгей бойынша сөздік арқылы сөйлем құрады:

1. Кәсіп бойынша 15 сөз меңгереді.
2. Сөз тіркестерін құрастырады.
3. Мәтін құрастырады.
4. Сұрақ-жауап арқылы диалог құрастырады.
5. Шығармашылық тапсырма орындайды.

**Маңызы:** кәсіпке қатысты сөйлеу тілін дамыту.

**Өзектілігі:** кәсіби тілде қарым-қатынасқа түсу мәселесі.

**Жобаның болжамы:** тапсырмалар жүйесі арқылы кәсіби тілді тәжірибеде қолдану. Егер тапсырмаларды жүйелі түрде орындаса, оқушы кәсіби сөйлеу тілін күнделікті өмірде қолдана алады, білік дағдылары қалыптасады.

**Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, әңгімелеу, пікір алмасу, тыңдалым, сұхбат, жарнама құрастыру.

**Типі:** бастапқы білімді меңгерту және бекіту сабағы.

**Түрі:** дәстүрден тыс сабақ.

**Сабақ ұйымдастыру нысандары:** жеке, жұптық.

**Сабақтың материалдық-техникалық жабдықтауы:** мамандық бойынша презентация, үлестірме материал, сөздіктер.

**Сабақтың барысы.**

№	Сабақ кезеңдері	Оқушының әрекеті	Мұғалімнің әрекеті
I.	<b>Ұйымдастыру кезеңі.</b> 1. Топты тізім бойынша түгелдеу. 2. Оқушыларды сабаққа ұйымдастыру.	1. Кезекші топта кім жоғын айтып береді. 2. Сабаққа белсенді қатысып отырады.	1. Топты тізім бойынша түгелдейді. 2. Оқушыларды сабаққа ұйымдастырады.
II.	<b>Мотивациялық кезеңі.</b> 1. Шеңбер құрып, «Бес минут мамандық жөнінде қарым-қатынас жасау» ойынын ұйымдастыру. 2. Мамандықтар» атты презентация (видеобейне).	1. Оқушылар шеңбер құрып, өз мамандығы неліктен ұнайтынын дәлелдеп береді: «Маған өзімнің мамандығым ұнайды, өйткені ....» 2. «Мамандықтар» атты презентацияны тамашалайды (видеобейне).	1. Ойын ұйымдастырылады. Ойынның соңында мұғалім: – Кімнің мәселесі ең өзекті болып табылады? – деген сұрақ қояды. 2. Мұғалім мамандықтар жөнінде презентация көрсетеді, сұрақтар қояды.



<p><b>Ш.</b></p>	<p><b>Операция-лық-орындау кезеңі.</b></p> <p>1. Жаңа тақырыпты түсіндіру.</p> <p>2. Жаңа сөздерді меңгерту (экран).</p> <p>3. Шеберханада» атты диалог түрінде тыңдалым өткізу (видеобейне).</p> <p>4. Мәтінмен жұмыс.</p> <p>5. Мәтін бойынша сұрақтар дайындау.</p> <p>6. Мәтін бойынша деңгейлік тапсырмалар орындау.</p> <p>7. Мамандыққа байланысты жарнама құру.</p>	<p>1. Жаңа тақырыпты меңгереді.</p> <p>2. Жаңа тақырып бойынша жаңа сөздерді меңгеріп алады.</p> <p>3. «Шеберханада» атты диалог түрінде өтетін тыңдалымға қатысады (видеобейне).</p> <p>4. Мәтінмен жұмыс істейді.</p> <p>5. Мәтін бойынша 1-ші қатар кім? не? сұрақтарынан басталатын сұрақтар дайындайды.</p> <p>2-ші қатар неге? неліктен? сөздерден басталатын сөйлем құрастырады.</p> <p>3-ші қатар Ерекшелігі неде? сұрағы жауап беретін сөйлем дайындайды.</p> <p>6. Мәтін бойынша деңгейлік тапсырмалар орындайды.</p> <p>7. Мамандыққа байланысты жарнама құрады.</p>	<p>1. Жаңа тақырыпты меңгеруге жағдай туғызады.</p> <p>2. Жаңа сөздерді меңгеруге көмек көрсетеді.</p> <p>3. «Шеберханада» атты диалог түрінде тыңдалым өткізеді (видеобейне).</p> <p>4. Мәтінмен жұмыс ұйымдастырады.</p> <p>5. Мәтін бойынша сұрақтар дайындауға көмегін көрсетеді.</p> <p>6. Оқушыларды мәтін бойынша деңгейлік тапсырмалар орындауға ұйымдастырады.</p> <p>7. Мамандыққа байланысты жарнама дайындау барысында оқушыларды бағыттап отырады.</p>
------------------	---	---	---

<p><b>IV.</b></p>	<p><b>Рефлексия кезеңі.</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жаңа сөздерді «Лото» ойыны арқылы тексеру.</li> <li>2. Шеберханада» тыңдалым бойынша сұрақ-тарға ауызша жауап беру.</li> <li>3. Дайындаған сұрақтар бойынша пресс-конференция өткізу.</li> <li>4. Деңгейлік тапсырмаларды тапсыру.</li> <li>5. Мамандыққа байланысты жарнаманы рөл-мен сахналау.</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жаңа сөздерді «Лото» ойыны арқылы тапсырады.</li> <li>2. «Шеберханада» тыңдалым бойынша сұрақтарға ауызша жауап береді.</li> <li>3. Әрбір қатардан үздік оқитын 1-2 оқушы шығып, алдында орналасқан үстелдің басына, қалғандарына қарама-қарсы инженер, зауытта істейтін техника мамандары болып отырады. Қалғандары газет корреспондеттері, тілшілері болып мамандарға сұрақтар қояды.</li> <li>4. Деңгейлік тапсырмаларды тапсырады.</li> <li>5. Мамандыққа байланысты жарнаманы рөлмен сахналап көрсетеді.</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жаңа сөздерді «Лото» ойыны арқылы тексереді.</li> <li>2. «Шеберханада» тыңдалым бойынша сұрақтар қояды.</li> <li>3. Пресс-конференцияның жұмысын ұйымдастыруға ат салысады.</li> <li>4. Деңгейлік тапсырмаларды тексереді.</li> <li>5. Мамандыққа байланысты жарнаманы тыңдап, бағалайды.</li> </ol>
-------------------	---	--	--

<b>V.</b>	<b>Үй тапсырмасы.</b> 1. Жаңа сөздерді жаттау. 2. «Газет тілшісі мен алдыңғы қатарлы өндіріс жұмысшысы арасындағы» сұхбатты дайындау.		
<b>VI.</b>	<b>Қорытындылау.</b> - Бүгінгі сабақта не ұнады? - Қандай жаңа ақпарат алдыңдар?		
<b>VII.</b>	<b>Бағалау.</b>		

**«Менің болашақ мамандығым.**

**Етістіктің шақтарын қайталау» тақырыбына байланысты тапсырмалар.**

1. «Бес минут қарым-қатынас жасау» ойыны. 6-8 оқушы ортаға шеңбер құрып тұрады. Әрбір оқушы өз ойын жалғастырады. Маған ... мамандық ұнайды, өйткені ... Мамандығы неліктен ұнайтынын дәлелдеп береді. Ойынның соңында мұғалім сұрақ қояды: «Кімнің мәселесі ең өзекті болды?»

2. Жаңа сөздерді меңгеру.

Электргазбен дәнекерлеуші, дәнекерлеу, дәнекерлеу посты, дәнекерлеу кабинасы, технологиялық жабдықтар монтажи, дәнекерлеу өндірісінің негіздері, қолмен доғалық дәнекерлеу, газбен дәнекерлеу және кесу, қапсырма, балқыма, беріктік, кернеу, жік, түйіспе, электродұстағыш, қалқан, ағын, дәнекер, дәнекерлеуіш, қол жетегі, пісіру

сымы, электрод, электрод түрі, пісірудің горизонтальды күйі, пісірудің тіктік күйі, пісірудің төбе күйі, жіктің бойымен орын ауыстыру, электродтың көлбеулігі, жіктің төменгі күйі, пісіру тоғінің күші, пісіру жылдамдығы, пісіру жіктері мен қосылыстардың сапасын бақылау.

3. Мәтінді оқып, мазмұнын түсініңдер. Етістіктің шақтарын анықтаңдар.

Электр дәнекерлеуші мамандығының терең тамырлары бар. Пісірудің бірінші қарапайым әдістері: адам металдарды меңгеру уақытынан бастама алады. Металдарды пісіру орыс өнертапқыштарының белгілі жетістіктерінің бірі болып табылады. Доғалық пісіру – бұл күрделі үрдіс. Жоғары сапалы пісіру тігісін алу үшін физика, электротехника және химия заңдарын білу керек.

Электрдоғалық және газбен дәнекерлеумен қатар плазмалық ағыспен, электр сәулесімен, үйкеліспен, лазер сәулесімен, ультрадыбыспен және диффузиялық пісіру, жарылыс әдісімен пісіру тәсілдері кеңінен қолданылады. Заманауи техника пісірудің көптеген тәсілдерін қамтамасыз етеді, сонымен қатар жаңа тәсілдері үнемі құрастырылып жатыр.

4. Мәтіннен өз кәсібіңе байланысты сөз тіркестерін теріп жазыңдар. Олармен сөйлем құрастырыңдар.

5. Кестені толтырыңдар. Етістіктің шақтарын қайталаңдар.

Кім?	Қайда?	Не істейді?
жұмысшы	зауытта	жұмыс істейді

6. Сәйкестігін көрсетіңдер:

сәулетші	білім береді
аспазшы	бизнеспен айналысады
мұғалім	адамдарды емдейді
кәсіпкер	сурет салады
құрылысшы	үй құрылысын жоспарлайды
дәрігер	тамақ пісіреді
суретші	үй салады

7. Бос орынға керекті маман атауларын қойыңдар:

\_\_\_\_\_ эн айтады;

\_\_\_\_\_ жөндейді;

\_\_\_\_\_ электргазбен дәнекерлейді;

\_\_\_\_\_ шаш қияды;

\_\_\_\_\_ би билейді;

\_\_\_\_\_ электр қуатымен жабдықтайды.

8. Сенің мамандығыңның кез келген салада қажеттілігін, өмір талабына сай екенін дәлелде.

9. Өз мамандығыңыз жөнінде алдыңғы қатарлы жұмысшы туралы сұхбат құрып, әңгімелеп беріңдер.

10. Өз мамандығыңызға байланысты жарнама құрастырып, сахнада рөлмен бейнеле.



## МАМАНДЫҚ

Көретінім жастардың көбісінен -

Айнып кеткен кәсіби өрісінен.

Басын шалған сан алуан мамандықтың

Опық жейді түбінде сол ісінен...



Гауқар ЖҮСПОВА,  
Павлодар қаласындағы  
№41 орта мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ӘНГІМЕЛЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – Ы.Алтынсарин туралы білім, білік дағдыларын бекіту, шығармаларымен тереңірек танысып, әңгімелерінің тақырыбы мен жазушының идеялық мұратын шығармаларына сүйене отырып ашу; **дамытушылық** – жобалау технологиясын қолданудағы негізгі мақсат – оқушылардың қызығушылықын арттыру, өз бетімен жұмыстарын жүргізу арқылы білімденуге үйрету, өз ойын әдеби тілмен өрнектей білуге үйрету; **тәрбиелік** – әңгімелері арқылы адамгершілікке, мейірімділікке баулу, оқу – білімге шақыру, еңбексүйгіштікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

**Түрі:** практикалық сабақ, жобалау.

**Әдісі:** шығармашылық ізденіс, сұрақ-жауап, талдау, жинақтау, тірек-сызба, кесте. Сын тұрғысынан ойлауға үйрету, ой қозғау, топтастыру, Венн диаграммасы.

**Көрнекілігі:** жоба модельдері, тірек-сызбалар, деңгейлік кәсіптер, Ыбырай Алтынсариннің портреті, кітаптары, газет-журнал материалдары.

**Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі, орыс әдебиеті.

**Сабақтың өту барысы.**

I. Ұйымдастыру кезеңі. 1) Сабақты бастамас бұрын оқушылардың көңіл-күйін, сабаққа деген белсенділігін арттыру үшін бәріміз оң жақтағы адамға қарап, солға қарай тұрған бір-бірімізге жылы сөздер, тілектер айтамыз. Оқушылар тілектері бойынша топталады.

Екі топқа бөлініп отырады.

2) Жұмыс ережесі және бүгінгі сабақтан не күтілетіні үлкен қағазға жазылып, тақтаның бір шетіне ілініп қойылады.

II. Оқушылардың зейіні тұрақтанған соң, өткен тақырыпты еске алу.

**III. Үй тапсырмасын қайталау.** Өткенді қайталау.

«Бинго» ойыны арқылы оқушылардың әдеби сөздік қорын бекіту.

«Сөздер сөйлейді» стратегиясы бойынша оқушылар кесте толтырады.

3) Ойынның шарты. Оқушылар өздері кесте жасап әкеледі, кестеде сөздер жазылған.

Мұғалім сөздерді орыс тілінде айтады, оқушылар аудармасын тауып белгілейді. Кестені бірінші толтырған оқушы сыйлыққа ие болады.

Мысалы: подкова, кузнец, полениться, вишня, монета, утка, наклонился, железо, солончак, сверстник, волосок конской гривы, подарок за добрую весть, богач, бедняк, силки, гнездо, одногодки, трудолюбие.

Шығарма	сүйінші	тал	құрдас	әңгіме	қыл	сортаң
таға	шиө	ұсталар	темір	тұзақ	үйрек	тиын

Сөздер тізімі үйге берілген, олар жаттап келуге тиісті. Сыйлыққа қазақша – орысша сөздік беріледі.

I топ (1, 3-жоба бойынша). II топ (2, 4-жоба бойынша) жұмыс жасайды.

2. Ыбырайдың өмірбаянын қайталау.

1) «Ыбырай өскен орта» жоба моделінің бірінші бағыты

(пікір қозғату):

А) Ыбырай Алтынсарин қай жылы туды?

Ә) Қандай ортада тәрбиеленді? Кімнің тәрбиесінде болды?

Б) Ата-анасы қандай адамдар болған? Атасы Балқожа туралы не білесіңдер?

2) «Білім жолында» жоба моделінің екінші бағыты бойынша сұрақтар, пікір қозғату:

А) Ең алғаш қалай сауат ашты?

Ә) Білім алған оқу орындары туралы әңгімелеңдер.

Б) Кімдерді өзіне үлгі тұтты? Қандай педагог жазушылардың шығармаларын аударды?

3) «Қазағым, елім» жоба моделінің бағыты:

А) Ыбырайдың қандай өлеңдері, әңгімелері бар?

Ә) Тұңғыш оқулығы қалай аталады? Өлеңдері кімге арналған?

Б) «Кел, балалар, оқылық» өлеңін жатқа 2-3 оқушы айтады.

II топ 2-4-жобаның бағытымен жұмыс істейді.


4) «Ыбырай қызмет жолында» жоба моделінің төртінші бағыты бойынша жұмыс істеу:

А) Ы. Алтынсарин кім болған? (толық мәлімет беру)

3. Қорытындысына бірінші топтан - «Қорғаушы» сөйлейді.

1) Тірек-сызба мынадай болып шығады:





2) Екінші топтан «Сарапшы» шығып, әр оқушының жауабын талдап, бағалайды.

**Жаңа сабақ.** Жобаға сәйкес келесі бағыттың тақырыбы – «Әдебиет таңытқыш». Ой қозғау мақсатымен мынадай жұмыстар істеледі:

1. «Ы.Алтынсариннің шығармалары туралы не білесіңдер?» деген сұрақ беріледі. Ыбырай балаларға арнап әңгімелер жазған. Әңгіме деген не? Түсінік беру.

**Әңгіме** – көлемі шағын, кейіпкерлері аз, көркем шығарма.

I топ

II топ

«Бай баласы мен жарлы баласы». «Әке мен бала» әңгімесі.

Блумның сұрақ қою өлшемі әдісі бойынша.

1. Ыбырай әңгімелерінің тақырыптарын, идеясын ашыңыз. Ол үшін топтар кезектесіп бір-біріне сұрақтар қояды. Дайындыққа 2 минут уақыт беріледі.

2. а) Әңгіме қалай басталады?

ә) Басты кейіпкерлері кімдер? Олар қандай адамдар? Кейіпкерлеріне салыстырмалы түрде талдау жасайды. Деңгейлік тапсырмалар орындау.

III деңгей.

**1-тапсырма. Әңгіменің қысқаша мазмұнын айту.**

**2-тапсырма. Жоспар құру.**

«Бай баласы мен жарлы баласы».

«Әке мен бала».

а) Екі баланың жұртта қалуы.

а) Әкесі мен баласының

ә) Балалардың далаға түнеуі.

егіннен келе жатуы.

б) Олардың ата-аналарымен табысуы.

ә) Әкесінің ескі тағанын көруі.

б) Шие сатып алуы.

в) Әкесінің баласына ақыл айтуы.

II деңгей.


**1-тапсырма.** Мәнерлеп оқу. Мәтіннен бір азат жолды оқиды, неше азат жолдан тұратынын ауызша айтады.

**2-тапсырма.** Әңгіменің мазмұнын еске түсіре отырып, проблемалық ситуация тудыру. Сұрақтарға жауап беру.

**Мұғалім:** - Әңгімеде басқа нендей суреттерді байқадыңдар?

**Оқушы:** - «Табиғат, ауыл, мола, су, екі баланың іс - әрекеттері» - дейді. Бұл – композицияға барар жол. Осы жерде балалар композиция туралы түсінік береді.

**Оқушы:** - «Егін даласы, ауыл, ескі таға, ұста, шие, екі адамның іс - әрекеттері».



Әңгіме қалай басталып, қалай аяқталады? Оқушылар жауап берген соң, «оны әдебиет теориясында не деуші едік»? – деген сұрау қойылады. Мәтінмен жұмыс алгоритмі бойынша оқушылар оқиғаның басталуы, байланысы, дамуы, шиеленіс, шарықтау шегі сияқты ситуациялардың шешімін табады.

I деңгей.

1-топ. Шығарманың тақырыбы мен идеясын ашу. «Бай баласы мен жарлы баласы».

**Тақырыбы** – адамгершілік, еңбекқорлық.

**Идеясы** – жақсыдан үйрену, жаманнан жирену.

**Басталуы.** Асан мен Үсеннің ойнап жүріп, жұртта қалуы.

**Байланыс.** Асанның жылауы, Үсеннің жағдайды ойлап толғануы, екеуінің көшті іздеуі.

**Дамуы.** Асан – дәрменсіз, Үсен – өмірге икемді.

**Шиеленіс.** Екеуінің далаға түнеуі, қиындықты жеңуі.

**Шарықтау шегі.** Балалардың ауыл үстінен түсуі.

**Шешімі.** Олардың ата-аналармен табысуы, қуанышқа бөленуі.

2-топ. Шығарманың тақырыбы мен идеясын ашу. «Әке мен бала». «Әке мен бала» әңгімесінен.

**Тақырыбы** – еңбекке тәрбиелеу.

**Идеясы** – әке көрген оқ жонар.

**Басталуы.** Әкесі мен баласы егіннен жаяу келе жатады.

**Байланыс.** Әкесінің ескі тағаны көруі.

**Дамуы.** Баласының қозғалмауы, еріншектігі, тағанын көтермеуі, әкесі иіліп тағаны алуы.

**Шиеленіс.** Әкесінің тағаны теміршілерге сатуы.

**Шарықтау шегі.** Шиені сатып алуы, шиені өзі ғана жеуі. Баласының шиені жерден алып жеуі.

**Шешімі.** Баласына ақыл айтуы: аз жұмысты қиынсынсаң, көп жұмысқа тап боласың.

Мәтінмен жұмыс алгоритмі.

Әңгімедегі басты кейіпкерлерге мінездеме береді. (Сөздікті қолданады). Венн диаграммасы бойынша.

**Асан**

**Үсен**

**Бай баласы:**

жалқау,  
корқак,  
шыдамсыз,  
ақылсыз.


**Ұл балалар.  
Құрдастар. Достар.**

**Жарлы баласы:**

еңбекқор,  
батыл,  
тапқыр,  
ақылды,  
жақсы дос.

Оқушылар осындай мінездеме беріп, ауызша талдап, мәтінмен байланыстырды.

Әңгімедегі басты кейіпкерлерге мінездеме береді. (Сөздікпен қолданады). Венн диаграммасы бойынша.



Сарапшылар мінездеме бере отырып, сөздерге түсінік береді, мәтінмен байланыстырады. **Қорытынды тапсырма:**

- Шығарманың тәрбиелік пайдасы қандай? Оқушылар жауап береді.

- Автор бізге Үсен мен Асан қайсысы үлгілі, қайсысы жалқау екенін көрсетеді.

### Тест

Оқушылар алған білімдерін бекіту үшін тест сұрақтарына жауап береді. Жауаптары электронды түрде бағаланады. (Сосын экранға тестінің кілті шығады.

#### 1. Қазақ балалар әдебиетінің атасы кім?

а) А. Байтұрсынов; ә) А. Құнанбаев; б) Ы. Алтынсарин.

#### 2. «Кел, балалар, оқылық» өлеңін жазған кім?

а) Ы.Алтынсарин; ә) М.Әуезов; б) А.Құнанбаев.

#### 3. Ыбырай қай жерде дүниеге келген?

а) Қостанай облысында; ә) Семей облысында;

б) Павлодар облысында.

#### 4. «Әке мен бала», «Бай баласы мен жарлы баласы»

әңгімелерінің авторы кім?

а) Абай; ә) Ыбырай; б) Шоқан.

#### 5. Үсен мен Асан қай шығарманың кейіпкерлері?

а) Әке мен бала; ә) Бай баласы мен жарлы баласы;

б) Мақта қыз.

#### 6. Үсен қандай бала?

а) ақылды; ә) қорқақ; б) жалқау.

#### 7. Асан қандай бала?

а) ақымақ; ә) тапқыр; б) адал.

**8. Ыбырайдың әңгімелерінің басты тақырыбы қандай?**

а) адалдық; ә) еңбексүйгіштік; б) сүйіспеншілік.

**Бағалау.**

**Үй жұмысы:** 1-топ – «Жақсыдан – шарапат, жаманнан – кесапат» деген мақалдың мәнін ашу. Мәтіннен мағынасы терең нақыл сөздерді табу.

2-топ – еңбек туралы мақал, мәтелдер жинап, жаттап келу. Мәтіннен мағынасы терең, нақыл сөздерді табу.

Әңгімелерді қайталап келу.



**Индира БАЛТАБЕКҚЫЗЫ,**

**Алматы қаласындағы**

**№90 лицейдің қазақ тілі мен**

**әдебиеті пәнінің мұғалімі.**

## **МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ. «МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН!»**

*(5-сынып)*

**Сабақтың мақсаты:** білімділік - Мағжан Жұмабаевтың шығармашылық өмірінен кеңінен мәлімет беру, өлең мазмұны арқылы өлең идеясын ашу; **дамытушылық** – өлеңді талдау арқылы оқушылардың ойлау, есте сақтау, тұжырымдау қабілеттерін, сөйлеу тілін дамыту, әр оқушының өзіндік қиялына ерік бере отырып, өзінше ой түйуге дағдыландыру, шығармашылықпен жұмыс жасауға

жұмылдыру арқылы таным, түсініктерін дамыту; **тәрбиелік** – жазушы қаламынан туған шығарма арқылы оқушылардың бойында айбындылық, қайраттылық сезімдерін оята, өздеріне, болашақтарына деген сенімдерін нығайта түсулеріне түрткі болу. **Типі:** жаңа білімді меңгерту. **Түрі:** білім мен іс-әрекет әдістерін қалыптастыру.

**Сабақтың дидактикалық қамтамасыз етілуі:** үлестірмелер, интерактивті тақтада бейнеленген ақын-жазушылардың суреттері, тірек-сызба, бейнематериал.

**Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі, тарих, география, орыс әдебиеті. **Сабақтың барысы. Ұйымдастыру кезеңі:**

А) Амандасу.

Ә) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимнін орындау. Б) Оқушыларға сәттілік тілеу, көңілдерін сабаққа аударту.

- Балалар, алдыңғы сабақта сендер «Бес арыс» деген ұғыммен таныстыңдар. Олай болса, «Бес арысқа» қандай тұлғалар жатады? Ол үшін мына тақтадағы суреттерге көңіл аударып, олардың ішінен «Бес арысты» табайық.



Осы аттары аталған тұлғалардың қайсысы сендерге таныс?

(Ахмет Байтұрсынұлы және Міржақып Дулатұлы). Олай болса өткен тақырыптарды пысықтайық.

**Үй тапсырмасын сұрау:**

- Ахмет Байтұрсынұлы кім?
- Ақын балаларды неге шақырады?
- Қандай шығармаларын білесіңдер?

- Міржақып Дулатұлы туралы не білесіңдер?
- Міржақып Дулатұлының қандай шығармалар жинағы бар?
- Ақынның қандай өлеңін жатқа білесіңдер?

## **Жаңа сабақ.**

### **1) Бейнематериалмен жұмыс.**

- Балалар, бүгін біз сендермен «Бес арыстың» бірі, қазақ халқының ірі ақыны – Мағжан Жұмабаевпен танысамыз. Тақтадағы бейнематериалға көңіл аударайық.

(*Тақтадан М.Жұмабаев көшесінде түсірілген сұхбат көрсетіледі*). Оқушыларға мәселелік сұрақ қою: бүгінгі біздің өтетін тақырыбымыз маңызды ма? Сабақта мұқият болып, ештеңені сырт қалдырмай, белсене араласып отырайық.

### **2) Тірек-сызбамен жұмыс.**

Мұғалім тірек-сызбаға сүйене отырып, М.Жұмабаев туралы мәліметтермен таныстырады.

#### ***Мағжан Жұмабаев***

**Өмірі:** 1893 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев ауданында дүниеге келген. Алғаш сауатын ауыл молдасынан ашады. Кейін Уфадағы «Ғалия» медресесінде (1911-1912), Омбыдағы мұғалімдер семинариясында (1914-1917) оқиды.

#### **Шығармашылығы:**

**Ақын:** «Мен жастарға сенемін», «Қарағым», «Бесік жыры», «Туған жер», тағы басқа өлеңдері, «Батыр Баян», «Ертегі» атты поэмалары бар.

**Жазушы:** «Шолпанның күнәсі» әңгімесі.

**Аудармашы:** Максим Горькийдің «Ана» шығармасын аударған. **Журналист:** «Наурыз», т.б. мақалалары бар.

**Ғалым:** «Педагогика» атты ғылыми еңбек жазған.

#### **Мағжан есімі бүгін...**

Алматы қаласында Мағжан Жұмабаев атында көше, мектеп бар. Петропавл қаласында, яғни, ақынның туған жерінде оның атымен аталатын көше, мұражай және



ақынның ескерткіші орналасқан.

### 3) Өлеңмен танысу:

Оқушылар мәтінге қарай отырып, өлеңнің мәнерлеп оқылуын тыңдайды. Өлең мәтінін түсініп, онымен жұмыс жасау үшін жаңа сөздермен танысады.

### 4) Сөздік жұмысы:

*Айбатты – грозный;*

*Қайратты – энергичный;*

*Көздерінде от ойнар – в глазах пылающий огонь;*

*Жалын – пламя;*

*Жаннан оларға ар қымбат – честь для них дороже;*

*Ұмтылу – стремиться;*

*Көздегені - көк аспан – здесь: их цель - высота;*

*Мен жастарға сенемін ! – Я верю в молодежь!*

*а) сөздерді аудармасымен оқу, кайталату;*

*ә) берілген сөздермен сөз тіркестерін құрау; б) сөздік дәптерлеріне жазып алу.*

### 5) Оқулықпен жұмыс:

Үш топ өлеңнің үш шумағын мәнерлеп оқиды.

### 6) Топтық жұмыс:

а) Өлең бойынша әр топқа сұрақтар беріледі. Оқушылар өзара ақылдаса отырып, сұрақтарға жауап береді.

«**Арыстандар**» тобына берілген сұрақтар:

1. Өлең кімдерге арналған?

2. Ақын неліктен жастарға сенеді?

«**Жолбарыстар**» тобына берілген сұрақтар:

1. Ақын жастарды неге теңеген?

2. Ақын өлеңді қандай көңіл-күймен жазған?

«**Қырандар**» тобына берілген сұрақтар:

1. Ақын өлеңіндегі жастар қандай?

2. Өлең жастарды неге тәрбиелейді?

### 7) Сергіту сәті:

*Мұғалім өлеңді оқып, қимылын көрсетеді. Оқушылар қайталайды.*

Біз – бүгінгі баламыз,

Ертең өсіп - толамыз.

Мағжан ақын айтқандай,

От секілді жанамыз.

ә) Топтық шығармашылық жұмыс:

**«Арыстандар» тобы:** Мағжан атаға хат жазу.

**«Жолбарыстар» тобы:** «Арлы бала деген қандай бала?»

атты эссе жазу.

**«Қырандар» тобы:** ақын атының әр әрпіне сол әріптен басталатын, оны сипаттайтын сын есімдер жазу.

**Сабақты қорытындылау:**

- Балалар, сендер бүгін Мағжан Жұмабаев туралы не білдіңдер?

**I топ** – өмірбаяны;

**II топ** – шығармашылығы;

**III топ** – Мағжан есімі бүгін ... .

**Үй тапсырмасын беру:** тірек-сызбаға сүйене отырып, М.Жұмабаевтың өмірі туралы әңгімелеу, өлеңді жаттау.

**Оқушылардың білімін, сабаққа қатысуын бағалау.**

- Балалар, сендер – Мағжан ақын сенген Қазақстанның болашағысыңдар. Олай болса, жолдарың ашық болсын! Елімізде тыныштық болып, жастарымыз жігерлі, жалынды болсын! Сабағымызды Мағжан аталарыңның сендерге арнап жазған «Қарағым» өлеңімен аяқтағым келеді.

Қарағым, оқу оқы, босқа жүрме,

Ойынға, құр қаларсың, көңіл бөлме.

Оқымай, ойын қуған балаларға

Жолама, шақырса да қасына ерме!

Кідірме, аялдама, алға ұмтыл,

Алам деп көктен жұлдыз, қолың серме.

«Қарманған қарап қалмас» деген рас,

Тоқтамай істер болсаң батып терге.

Шынар ЕДРЕСОВА,  
Қостанай қаласындағы  
«Озат» дарынды балаларға  
арналған мектеп-интернатының  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

# ШОҚАН УӘЛИХАНОВ – ҰЛЫ ҒАЛЫМ

(10-сынып)

**Мақсаты:** 1. Қазақ халқының әйгілі қайраткері туралы білім деңгейлерін кеңейтіп, ауызекі сөйлеу дағдысын дамыту; 2. Оқушылардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне ықпал жасау, зерттеуге дағдыландыру, ойлау шеберлігін, сөйлеу мәдениетін дамыту; 3. Елі, халқы үшін істеген игі істерін мақтан ету, үлгі тұту, балаларды отаншылдыққа, ұлтжандылыққа тәрбиелеу, ғалымның асыл қасиеттерін оқушылардың санасына ұялату, халықтың сүйікті, адал перзенті бола білуге тәрбиелеу.

**Түрі:** іздену-зерттеу сабағы. **Типі:** білімдерін жинақтау. **Әдіс-тәсілдер:** сұрақ-жауап, мәнерлеп оқу. **Көрнекілігі:** Шоқан Уәлиханов портреті; Қазақстан картасы; интерактивті тақта, т.б. **Пәнаралық байланыс:** тарих, география, этнография, бейнелеу өнері, орыс әдебиеті.

**Эпиграфы:** Халықтың кемеліне келіп, өркендеуі үшін, ең алдымен, азаттық пен білім қажет. **Шоқан.**

## Сабақтың барысы

**I. Ұйымдастыру кезеңі.** а) Амандасу, отырғызу.

ә) кезекшілік тексеру. б) сабақтың мақсатын айтып өту.

## II. Дайындық кезеңі.

Кіріспе әңгіме: – Балалар, әдебиет сабағы болғандықтан, сабағымызды поэзия минутынан бастаймыз.

Аққан жұлдыз атаныпсың,

Жан бабам!

Ғасырлардан ғасырларға самғаған.

Сорғалапсың қараңғыда тұңғиық,

Тамғандай-ақ ғарыштағы таңбадан.

Асыл бабам,

Аққан жұлдыз атанған,

Аққан жұлдыз,

Лапылдаған от- арман,

Аққан жұлдыз,

Ағып өткен найзағай,

Саналардың сағыныш тауын қопарған. *Е.Ибраһим.*

### **III. Жаңа сабақ.**

1. Құрметті оқушылар, сіздерге Шоқан туралы өз беттеріңше ізденіп, екі топқа бөлініп мәліметтер жинап, презентация жасап келу тапсырылған.

2. Оқушыларға сөз беріледі.

3. Шоқан туралы айтқан ой-пікірлерді дәптерлеріне жаздырту.

1. «Корпуста ой-өрісі, білімі жағынан Шоқан тез өсті, орыс жолдастарын басып озып отырды. Оған талайлар назар аударды. Ол сондай қабілетті еді, өзінен екі жас үлкендердің класындағыларды да білім, идея жағынан басып озды», - деп жазды бірге оқыған досы, этнограф- ғалым Т.Н.Потанин.

2. Орыстың академигі И.И.Веселовский: «Шоқан Уәлиханов шығыстану әлеміне құйрықты жұлдыздай жарқ етіп шыға келгенде, орыстың Шығысты зерттеуші ғалымдары оны құбылыс деп түгел мойындап, түркі халықтарының тағдыры туралы одан маңызы зор, ұлы жаңалықтар ашуды күткен еді. Бірақ Шоқанның мезгілсіз өлімі біздің бұл үмітімізді үзіп кетті», - деп жазды.

3. Орыстың Географиялық қоғамы Шоқан өлімі туралы хабарында: «Нағыз, шын әділдігін айтқанда, Уәлихановты үздік адам деп айтуға болады. Уәлиханов өз еліне шын

берілгендігін, оны терең сүйетіндігін, қазақтың тұрмысын жақсы көрушілігін сақтай алумен қатар, Батыстың мәдениетін де жоғары бағалады», - деп жазды.

#### 4. Семантикалық кестемен жұмыс.

Шоқан өміріндегі елеулі оқиғалар	Жылдары:						
	1864 ж. наурыз- маусым	1856- 1857 ж.	1857ж. 17 ақпан	1855 ж.	1858 – 1859 ж.	1859 – 1861 ж.	1863 – 1864 ж
Қазақстанның орталық, шығыс бөлігін, Жетісу, Тарбағатай өлкесін аралауы.							
Қырғыз еліне, Жоңғарияға, Құлжа қаласына саяхат жасайды.							
Қашқария саяхаты.							
Петербургте болады.							
Омбы қаласында «Сот реформасы туралы жазбалары» еңбегін жазды.							
Черняев экспедициясы.							
Орыстың императорлық географиялық қоғамына мүше болды.							

#### IV. Бекіту.

1. Шоқанның шыққан тегі қандай?
2. Ол неше жасында қайтыс болды?
3. Шоқанды қазақ халқы қандай жұлдыз дейді?
4. Өздеріңнің ойларың.

#### V. Қорытынды. 1. INSERT жүйесі

Білетінім	Білгеніме сәйкес келмейтіні	Мен үшін жаңалық	Таңғалдырды
Өмірі мен еңбектері жайлы деректерді білемін.	Оның Қашқария еліне бару мақсатының бірі - неміс саяхатшысы Адольф Шлагинвейт туралы деректі білу, барлау.	Күй өнерін зерттеуі.	Қамшының сабындай қысқа ғұмырында сан алуан ғылым саласы бойынша жасаған зерттеулері мен еңбектерінің көптігіне таңғалдым.

#### 2. Бағалау.

#### VI. Үй тапсырмасы: «Жарқ етіп сөнген жұлдыз»

тақырыбына эссе жазу.

**Б.Қ.ЕЛУБАЕВА,**  
Қарағанды облысының  
Бұқар жырау ауданындағы  
Дубовка орта мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

# ДҮНИЕТАНЫМДЫ КЕҢЕЙТКЕН ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САЛТ- ДӘСТҮРЛЕРІ

*(Сабақ мультимедиялық кабинетте өтеді)*

**1-слайд. Сабақтың мақсаты:** білімділік – ата-бабаларымыздан қалыптасып келе жатқан салт- дәстүрлерді ұғындыру; **дамытушылық** – қазақ тіліне, дәстүріне деген қызығушылықтарын арттырып, сөйлеу қабілеттерін дамыту, құрмалас сөйлем түрлерін талдау, компьютермен жұмыс істеуге дағдыландыру; **тәрбиелік** – қазақ халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарымен таныстырып, дүниетанымын кеңейту, халықтық дәстүрді сыйлауға, адамгершілікке тәрбиелеу.

**2-слайд. Сабақтың эпиграфы:**

*Салт-дәстүрім – қазынам.*

**Түрі:** жаңа сабақ, мультимедиялық кабинет.

**Әдіс- тәсілдер:** кластер, сұрақ-жауап.

**Пәнаралық байланыс:** әдеп, музыка, тарих, әдебиет.

**Көрнекіліктер:** суреттер, видео, слайдтар, кітап көрмесі.

**3- слайд. Сабақ барысы:**

1. Ұйымдастыру кезеңі.

- Қазір жылдың қай мезгілі?

- Бүгін аптаның қай күні?

- Ауа райы қандай?

- Қазақ тілі нешінші сабақ?

**I. Мұғалімнің сөзі:** - Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы:

Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Осыған байланысты біз бейнеклипті тамашалаймыз.

**4-слайд.** «Қазақ халқының дәстүрлері» бейнефильмі, 2 минут).

- Құрметті оқушылар! Қазақта мынадай бір терең тағылымды аңыз бар:

«Баяғыда тасы өрге домалап тұрған бір хан жанына нөкерлерін ертіп, аң аулауға шығады. Орман кезіп, қыр асып келе жатса, алдынан екі көзі ботадай мөлдіреген, сауыры жез құмандай жылт-жылт еткен сұлу киік қаша жөнеліпті. Хан садақтан оқ атып, киіктің артқы аяғын жаралайды. Бір жағы құлама жер, екінші бүйірден хан нөкерлері қиқу салып, қыспаққа алғанда, жаны қысылған бейшара киік жан далбасамен сонадайдан көз тартқан ақбоз үйдің ашық тұрған есігінен ішке қойып кетіпті. Үй иелері жайылған дастарқаннан түскі тамақ ішіп отыр екен. Есіктен енген киік жаюлы дастарқаннан ырғып, төрдегі керегеге тұмсығын тіреп, солығын баса алмай тұрып қалыпты.

- Шығар киікті!- деп дауыстайды хан ат үстінде тұрып төрде тамақ ішіп отырған қарияға. - Бұл тау тағысын түстік жерден қуалап келіп, сенің үйіңде қолға түсіріп тұрмын. Мұның менің олжам екеніне ешкімнің дауы жоқ шығар?

Сонда қария:

- Сөзің орынды, хан ием. Киік сенің олжаң екені рас. Бұл сорлы жаны қысылған сәтте менің төріме шығып кетті. Ортада дастарқан жаюлы жатқанын өзің көріп тұрсың. Ата-салтымыз бойынша дастарқанды аттап өте алмайсың. Көздеріне қан толып, бір-біріне өлердей жауыққан екі адамды татуластырарда дастарқан басына алып келмеуші

ме еді? Ал дәстүрді, қалыптасқан ата-салтты бұзсаң, қалың елдің табасына қаласың, жолың болмайды,- депті.

Хан аталы сөзден жеңіліп, ат басын кері бұрыпты.»

Үй иесі - қария халықтың салт-дәстүрін алға тартып, хан да одан аттап, о жарлық жасамайды. Бұдан әдептің халықтық дәстүрмен, ата-салтпен байланысты екенін көріп отырмыз.

Бүгінгі сабағымыздың тақырыбына көшейік. Сабақтың тақырыбы бойынша оқушылардың дайындаған өлеңдерін тыңдайық.

### **1-оқушы:**

- Туған соң адам боп,  
Білімсізден жаман жоқ.  
Ел дәстүрін білмесең,  
Жұрт айтады надан деп.

### **2-оқушы:**

- Ата- бабаң ардақты,  
Жамандыққа бармапты.  
Ардақ тұтып үлкенді,  
Ата жолын жалғапты.

### **3-оқушы:**

- Бауырласқан жанымыз,  
Бұзылмасын антымыз.  
Кең даланың ежелгі  
Қазақ дейтін халқымыз.

## **II. Жаңа тақырып:**

**Мұғалімнің сөзі:** - Қазақ халқы – салт-дәстүрге өте бай халық. Соның бірі – бала тәрбиесіне байланысты салттар. Сәби дүниеге келгенде шілдехана тойы өткізіледі. Бала қырқынан шыққан соң бесікке салу тойы, жүре бастаған кезде «тұсау кесу», ал өскен кезде ата-аналары үйлену тойын өткізеді.

Бүгінгі сабақтың жаңа сөздерімен танысайық.

### **5-слайд. Сөздік жұмыс:**



*Шілдехана - вечеринка по поводу рождения ребенка;*  
*Нәресте – новорожденный, младенец;*  
*Думанды – праздничный;*  
*Сәби – ребенок;*  
*Қырқынан шығару – отмечать 40 дней со дня рождения;*  
*Қарын шаш – утробный волос;*  
*Жейде – сорочка, рубашка;*  
*Бесікке салу – укладывать в колыбель;*  
*Мүлік – инвентарь, имущество;*  
*Аластау – изгонять;*  
*Елеулі – существенный, весомый;*  
*Жүктелу – поручиться;*  
*Кәде – подарок;*  
*Тұсау кесу – разрезать пупы;*  
*Шашу - подарки приносимые на торжества;*  
*Қаз тұру – стоять на ногах;*  
*Есу – вить;*  
*Тұсау – пуп;*  
*Жүйелі тәртіп – определенный порядок;*  
*Ризалық – благословение;*  
*Құда – сват;*  
*Құда түсу – свататься;*

**6-слайд. 1-тапсырма.** Мәтіндерді түсініп оқындар, аударындар.

### **Қазақ халқының салт-дәстүрлері**

**Шілдехана** – жаңа туған нәрестенің құрметіне жасалатын той. Дастарқан жайылып, жастар домбыра тартып, ән салып, ұлттық ойындар ойналады. Шілдехана думанды болса, сәби сергек, қызықты өмір сүреді деген сенім бар.

**Қырқынан шығару** – нәрестенің туған күніне қырық күн толған соң, ыдысқа қырық бір қасық су құйып, соған шомылдырады. Сәбидің қарын шашын, тырнағын алады. Ит жейдесін (алғашқы кигізілген жейдесі) шешіп алып, сақтап

қояды. Мерекелік дастарқан жайылады.

**Бесікке салу.** Халқымызда бесік – қасиетті, құтты мүлік, сәбидің алтын ұясы болып есептеледі.

Бесікті отпен аластап, баланы бөлейді. Бұл – халқымыздың елеулі үлкен дәстүрі. Бесікке салу жолы жасы үлкен немесе елдің құрметті, өнегелі адамына жүктеледі. Мерекелік дастарқан жайылып, бесікке салған адамға кәде беріледі.

**Тұсау кесу** – сәби қаз тұра бастағанда, тез жүріп кетсін деп, ала жіп есіп, екі аяғын тұсап, сүрінбей жүретін адамға тұсауын кестіріп, баланы қолынан ұстап, тез-тез жүгіртеді. Оған қуанысып, шашу шашылып, дастарқан жасалып, «тұсаукесер» кәдесі беріледі.

### **Үйлену тойы.**

Қазіргі заманда жастардың үйлену тойы, негізінен, жүйелі бір тәртіппен өтеді. Бұл бірін-бірі сүйіп, ұнатқан қыз бен жігіттің ата-ана, ағайын-туыстарының танысып-білісуінен басталады.

Алдымен күйеу жігіттің әке-шешесі болашақ келіннің үйіне келіп, қыз ата-анасының ризалығын алып, құда болысып, тойдың барысы жайлы келіседі.

### **III. Мәтін бойынша тапсырманы орында:**

1. Әр мәтіндегі құрмалас сөйлемдерді тап, түрлерін ата.
2. Мына сөйлемдердің түрлерін айт, синтаксистік талдау жаса:

Бесік – қасиетті мүлік. Бесікті отпен аластап, баланы бөлейді.


Мерекелік дастарқан жайылып, бесікке салған адамға кәде беріледі.

**IV. Бекіту:** «Салт- дәстүрім – қазынам», - деп қазақ халқы тегін айтпағанына көзіміз жетті деп ойлаймын.

- Балалар, біз бүгін қазақ халқының қандай салт-дәстүрлерімен таныстық?

- Қазақ халқының қандай дәстүрлерін білеміз?

Кластерді толтыр:



**V. Бағалау.**

**VI. Үй жұмысы:** 62-63 беттердегі мәтіндерді мазмұндау, II деңгей тапсырмаларын орындау.

**VI. Рефлексия:** «Қазақ дәстүрлері-ай» әнін тыңдау және қосылып айту.



## САЛТ-ДӘСТҮР

Көздің құртын жеген біздің кең дала  
Дұшпанына қарайтындай паңдана.  
Туған жерін жауға бермес түбінде  
Салт-дәстүрге нағыз берік ел ғана!

Роза ТЕЛЕУБАЕВА,  
Алматы қаласындағы  
№27 мектеп-гимназияның  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## МӘДЕНИ ОРЫНДАР

(3-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – мәтін бойынша жұмыс жүргізу, мазмұнын игерту, жаңа сөздердің мағынасын ұғындыру, өз бетінше жұмыс жүргізуге икемдеу; **дамытушылық** – оқушылардың тапсырмаларды орындау арқылы ауызекі сөйлеу мәдениетін дамыту, сөздік қорын молайту; **тәрбиелік** – оқушылардың мәдени орындарда өздерін әдепті, мәдениетті ұстауына тәрбиелеу. **Түрі:** жаңа сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, баяндау, түсіндіру, аударма жұмысы. **Көрнекілігі:** мәдени орындар суреті, сөзжұмбақ, грамматикалық тапсырмалар.

**Жаңа сабақ.**

*Мәдени орындар: театр, кино, мұражай, саябақ, цирк.*

**Қоғамдық орындар:** дүкен, автобус, вокзал, т.б.

**Жаңа сөздер:**

*Мәдени орындар – культурные места;*

*Қоғамдық орындар – общественные места;*

*Саябақ – парк;*

*Кезек – очередь;*

*Қатты – громко;*

*Ақырын – тихо;*

*Орын бер – уступи место;*

*Белгі – знак.*

## Сабақтың тақырыбына байланысты сұрақтар:

1. Мәдени орындарға не жатады?
2. Алматыда қандай театрлар бар?
3. Қандай мұражайларды білесің?
4. Мұражайларға не қойылады?
5. Театрда не қойылады?
6. Кинофильмді түсіруге кімдер қатысады?
7. Фильм қайда көрсетіледі?

### Мәтінді оқу, аудару.

*Театр, кино, мұражай, саябақ – мәдени орындар. Дүкен, көше, көлік іші – қоғамдық орындар. Мәдени және қоғамдық орындарда өзіңді ұстай біл. Кезек күт. Қатты күлме. Ақырын сөйле. Үлкен адамға орын бер. Бұл – мәдениеттіліктің белгісі.*

### Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру:

1. Мәдени орындарға не жатады?
2. Қоғамдық орындарға не жатады?
3. Өзіңді мәдени орында қалай ұстайсың?

**Жаттығу жұмысы.** Жақша ішіндегі сөздерді аударып, сөйлемдерді көшіріп жаз.

*Саябақ – (культурный) орын. Саябақта (деревья, цветы) бар. (Магазин) – қоғамдық орын. Автобус іші – (общественный) орын. Үлкенге (место) бер.*

### Сөздерге фонетикалық талдау жаса.

<b>т</b>	<b>к</b>
<b>е</b>	<b>и</b>
<b>а</b>	<b>н</b>
<b>т</b>	<b>о</b>
<b>р</b>	

### Сөзжұмбақ шешу.

1. Кошка.
2. Бабушка.
3. Магазин.

4. Труд.
5. Хлеб.
6. Игла.
7. Мясо.
8. Театр.

### Сергіту сәті.

*Жаза-жаза жазуды*

*Талып кетті қолымыз.*

*Бір, екі, үш,*

*Бойға жинап күш,*

*Жалқаулықты тастаймыз,*

*Қайта сабақ бастаймыз.*

### Берілген сөздерді қатыстырыр

1. Мұражай, біздің, бар, мектепте; 2. Адамдар, көп, барады, театрға; 3. Мультфильмдерді, жақсы, көреді, балалар; 4. Қалада, біздің, көп, дүкен; 5. Театр, орын, гажап.

### Сөйлемдерді қазақ тіліне аудар:

*Сегодня Айдос пойдёт в музей. Алексей нарисовал картину.*

*Мы ходили на выставку. В Алматы много красивых парков.*

*Я люблю свой город.*

### «Кім жылдам?» ойыны.

- «Музей» сөзінің қазақшасы.
- Мәдени орындарды ата.
- Қоғамдық орындарды ата.
- Қандай Мемлекетте тұрасың?
- Қандай театрларды білесің?
- Театрда не қойылады?
- Кино қайда көрсетіледі?
- Мұражайға не қойылады?

**Үйге тапсырма:** мәтінді мәнерлеп оқу, жаңа сөздерді

жаттау, «мәдени орындар» тақырыбында диалог құрастыру.

1	м	ы	с	ы	қ
2	ә	ж	е		
3	д	ү	к	е	н
4	е	ң	б	е	к
5	н	а	н		
6	и	н	е		
7	е	т			
8	т	е	а	т	р

Балжан КЕНЖЕБАЕВА,  
Қостанай облысының  
Алтынсарин ауданындағы  
Мәриям Хакімжанова атындағы  
Щербаков орта мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРҒАН ЕКІ ДОС

(4-сынып)

**Мақсаты:** 1. «Екі дос» тақырыбы туралы түсінік беру;  
2. «Менің досым» тақырыбы бойынша сөздікті меңгеру,  
ауызекі сөйлеу дағдыларын қалыптастыру; 3. Жолдасына  
адал болуға үйрету.

**Көрнекілігі:** тірек-кесте, сөзжұмбақ, қоржын, асық.

**Пәнаралық байланыс:** математика, әдебиет.

**Әдіс-тәсілдері:** түсіндіру, сұрақ-жауап, ойлау, сөйлеу,  
аудару, әңгімелеу, жазу әдістері.

<b>Кезеңдері:</b>	<b>Сабақ барысы</b>
-------------------	---------------------

**Ұйымдастыру кезеңі:**

Амандасу;

Әнұран;

Кезекшімен сұрақ-жауап арқылы сөйлесу.

**Жаңа сабақ.**

**Жаңа сөздер:** өзі оқу, хормен оқу, жеке оқу, аудару, сөздік  
дәптерлеріңе жазып, сөз тіркестерін құру.

**Тапсырмаларды орындау:** 1-тапсырма. Сурет  
бойынша сөйлем құру.

Айжан мен Анар кітап оқыды. Наташа мен Диана сабаққа  
бірге дайындалды. Олар – жақсы достар.

## 2-тапсырма. Қоржынмен жұмыс.

Қоржынның ішінде нөмірленген асықтар жатады. Оқушының қолына қай нөмір түссе, сол нөмірлі сұраққа жауап береді.

1. Сенің досың бар ма?
2. Досыңның аты кім?
3. Досың қайда тұрады?
4. Қай мектепте оқиды?
5. Досың нешінші сыныпта оқиды?
6. Досың қалай оқиды?
7. Досың неше жаста?

### Мақал-мәтелдермен жұмыс:

Мақал-мәтелдерді оқып, мағынасын түсіндіру.

1. Досы көпті жау алмайды,  
Ақылы көпті дау алмайды.
2. Жаңа дос келгенде,  
Ескі достың көзінен жас шығады.
3. Жақсы дос пайдасын тигізбесе,  
Зиянын тигізбейді.

**Қорытынды:** тақырыпты кластер және сұрақ-жауап әдісі арқылы қорыту.

### Менің досым:

*жақсы оқиды;*

*тәрбиелі;*

*ақылды;*

*көмектеседі;*

*зерек;*

*сыйлайды.*

**Үйге тапсырма:** 2-тапсырма. 59-бет. Мазмұнын айту.

**Бағалау:** тиісті бағаларын қою.





Нұрлан ЖОЛБАРЫСОВ,  
Шығыс Қазақстан облысының  
Семей қаласындағы  
№2 жалпы білім беретін  
орта мектептің мұғалімі.

## СЫН ЕСІМНІҢ ШЫРАЙЛАРЫН ОҚЫТУ

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – жаңа сабақтың мазмұнын меңгерту, оқушылардың сөздік қорын молайту, өткен тақырыпты естеріне түсіріп, жаңа тақырыпты қорытындылау; **дамытушылық** – оқушылардың сөздік қорларын байыту, тіл байлығын кеңейту, ес қабілетін (еске түсіру, қайта жаңғырту процестері) дамыту; **тәрбиелік** – оқушыны білімділікке, ойлылыққа жетектеу, пәнге деген қызығушылығын арттыру;

**Типі:** жаңа білімді меңгерту.

**Көрнекілігі:** сабақ тақырыбы, суреттер, плакаттар.

**I. Ұйымдастыру кезеңі.**

**II. Үй тапсырмасын сұрау.**

**III. Жаңа тақырыпты түсіндіру.**

**IV. Үйге тапсырма беру.**

**V. Сабақты қорыту, бағалау.**

**Сабақтың барысы:**

**I. Ұйымдастыру кезеңі.**

- Сәлеметсіздер ме, балалар? Отырыңдар. Сыныпта кім кезекші? Кім жоқ? Жақсы, рахмет, отыра ғой.

*Тіл дамыту жұмысын жүргізу:*

- Бүгін қай күн?

- Аптаның қай күні? Аптаның күндерін кім атайды?

- Бір айда қанша күн бар?
- Бір жылда қанша күн бар? Ал, қанша ай бар?
- Жыл мезгілдерін бізге кім атайды?
- Қазір қай жыл мезгілі?
- Қыстың айларын бізге кім атайды?
- Тамаша! Енді, балалар, «Жыл мезгілі» тақырыбы бойынша әңгімелесейік.

«Жыл мезгілі» туралы бір-екі оқушы диалог құрады.

*Өткен тақырыптар бойынша пысықтау сұрақтарын қоямын:*

- \* Қоршаған ортаға не жатады?
- \* Біздің Отанымыз қай мемлекет?
- \* Қазақстанның астанасы қай қала?
- \* Біз қоршаған ортаны қорғау үшін не істейміз?

*- Балалар, біз қандай грамматикалық тақырыпты өттік?*

1. Есімдік деген не?
2. Есімдіктің қанша түрі бар?
3. Жалпылау есімдіктерін ата.
4. Болымсыздық есімдіктерін ата.
5. Жіктеу есімдіктерін ата.
6. Сілтеу есімдіктерін ата.
7. Сұрау есімдіктерін ата.

## II. Үй тапсырмасын сұрау.

«Қоршаған орта» тақырыбын әңгімелету. (Үй жұмысын тексеремін)

## III. Жаңа тақырыпты түсіндіру.

- Балалар, бүгінгі біздің жаңа тақырыбымыз – «Сын есімнің шырайларын оқыту».

### Сын есім

**Сын есім** заттың сынын, сапасын, дәмін, көлемін білдіреді. **Сұрақтары:** қандай? қай?

Заттың сыны мен сапасының әр түрлі дәрежелік сипатын білдіретін белгілер **шырайлар** деп аталады.

## Құрамына қарай :

*Дара*

*Күрделі*

Мысалы: сары, ақ, т.б.

кара ала, қоңыр, күрең

## Тұлғасына қарай:

*Негізгі*

*Туынды*

Мысалы: сары, ақ, т.б.

ақылды, жазғы, сарғыш

## Мағынасына қарай:

*Сапалық*

*Қатыстық*

Мысалы: жақсы, әдемі, т.б.

ойлы, қысқы, т.б.

## Сын есімнің шырайлары

Жай шырай	Салыстырмалы	Күшейтпелі	Асырмалы
ҚЫЗЫЛ	ҚЫЗҒЫЛТ	ҚЫП-ҚЫЗЫЛ	ТЫМ ҚЫЗЫЛ

### Бекіту.

- Сын есім деген не?
- Сын есімнің сұрақтары қандай?
- Құрамына қарай сын есім қандай болады?
- Сын есімнің қандай шырайлары бар?

### Бекітуге арналған жаттығу жұмысы.

(Тапсырмадан сын есімдерді тауып, құрамын, шырайын анықта)

Қып қызыл, ақ, сары, әдемі, күн, кара ала, ай, аппақ.

1. Сөздікпен танысып, сөз тіркестерін құрастыру.

*Бөрене – бревно;*

*Сақтану – опасаться;*

*Ыңғайлы – удобный;*

*Ойпат жер – низменность;*

*Қателеспейді – не ошибаются;*

*Болжағыш – предвидящий;*

*Күрке – палатка;*

*Үңгірін кезіктірдік – увидели берлогу.*

2.«Болжағыш аю» мәтінін оқып, 5 сұрақ құрастыру, негізгі ойды анықтау.

Тапсырманы орындау.

1. Қандай жабайы аңдарды білесіңдер?

2. Олардың мінездері қандай ? (ақылды, айлакер, қорқақ, сақ, төзімді, т.б.)

3. Жабайы аңдар қай жерлерде тіршілік етеді?

4. Олардың тұрақты мекені қандай?

5. Жабайы аңдар немен қоректенеді?

IV. Үйге тапсырма беру: «Сын есім» ережесін жаттау. Бес сөз жазып келу. Жаңа сөздерді жаттау.

V. Сабақты қорыту, оқушылардың білімдерін бағалау, мадақтау.



**Бақыт ШЫНБАЕВА,**  
Донецк орта мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

Солтүстік Қазақстан облысы,  
Тайынша ауданы,  
Донецк ауылы.

## **ШЫЛАУ СӨЗДЕРДІ ҚАЙТАЛАУ**

**Сабақтың мақсаты: білімділік** – шылау сөздерді толық қайталай отырып, оның қасиетін меңгеру, шылау сөздердің түрлері – септеуліктер, демеуліктер, жалғаулықтардың ережелерін еске түсіріп, өз беттерімен мысалдар келтіруге

дағдыландыру; **дамытушылық** – оқушылардың ойлау қабілетін дамыту, өз беттерінше жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру, сөздік қорын молайту; **тәрбиелік** – оқушыларды М.Жанпейісованың модульдік технологиясы элементтері арқылы қазақ тіліне қызығушылығын арттыру, бірлесіп, өзара көмектесіп жұмыс жасауға, ұжымшылдыққа тәрбиелеу.

## **Сабақтың барысы:**

### **I. Ұйымдастыру кезеңі.**

А) психологиялық ахуал туғызу, танысу.

- Сәлеметсіңдер ме?
- Бүгін сыныпта кім кезекші?

### **II. Тіл дамыту кезеңі.**

- Қазақша сөйлесейік!
- Көңіл-күйлерің қалай?
- Сенің ана тілің қай тіл?
- Сен қазақша сөйлей аласың ба?
- Сендер қазақ тілінен қандай грамматикалық тақырыпты өтгіндер?

**III. Қайталау сабағын модульдік технологиямен жүргізу.** Модульдік оқыту үш бөлімнен тұрады.

### **Сабақтың жоспары:**

#### **1. Кіріспе бөлімі.**

Шылау сөздердің ережелерін еске түсіру.

#### **2. Сөйлесу бөлімі.**

Шылау сөздерге байланысты тапсырмалар орындау.

#### **3. Қорытынды бөлім.**

Тест сауалдары арқылы шылау сөздерді пысықтау.

#### **1. Кіріспе бөлімі.**

Сұрақ-жауап тәсілі бойынша жүргіземін.

- 1) Шылау сөздер дегеніміз не?
- 2) Шылау сөздердің неше түрі бар? Қандай?
- 3) Септеуліктер дегеніміз не?

4) Септеуліктерді атаңдар. Мысал келтіріңдер.

5) Демеуліктер дегеніміз не?

6) Демеуліктерді атаңдар. Мысал келтіріңдер.

7) Жалғаулықтар дегеніміз не?

8) Жалғаулықтарды атаңдар. Мысал келтіріңдер.

## 2. Сөйлесу бөлімі.

### А) Оқулықпен жұмыс.

100-беттегі 2-тапсырманы орындау. Берілген шылау сөздермен сөз тіркестерін құрастырыңдар.

Мысалы: *мектеп туралы, қазақ тілімен қатар, Еркінмен бірге, әрі жылы, барған емес, апам түгіл, барды ма? келді ме? қалам ба? кілем бе?*

Енді, осы сөз тіркестерімен сөйлем құрастырыңдар (ауызша).

### Ә) Жұптық жұмыс.

Парақшада берілген тапсырмаларды орындау.

#### I жұп.

**1-тапсырма.** Сөйлемдердегі шылаулардың астын сызыңдар. Шылау түрлерін анықтаңдар. Орыс тіліне аударыңдар.

*Алма бағындағы піскен қызыл алмаларды жинау үшін мектеп оқушыларынан көмек сұрауға тура келді.*

*Нұргүл мен Айнұр мектепке бірге келді.*

*Жанат қана атасымен келген екен.*

*Кеше мектепке бардың ба?*

#### II жұп.

**1-тапсырма.** Сөйлемдердегі шылаулардың астын сызыңдар. Шылау түрлерін анықтаңдар. Орыс тіліне аударыңдар.

*Асқар Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагер атасы туралы әңгіме айтты.*

*Қызу ойыннан кейін үш-ақ ойыншы қалды.*

*Апасы түгіл, жиналғандар да риза болды.*

*Үй тапсырмасын орындадың ба?*

### **III жұп.**

**1-тапсырма.** Сөйлемдердегі шылаулардың астын сызыңдар. Шылау түрлерін анықтаңдар. Орыс тіліне аударыңдар.

*Гүлді де, бау-бақшаны да балалар суарды.*

*Серікбай дүкенге қарай кетті.*

*Балалар тұрмақ, үлкендер жауап беруге қиналды.*

*Әжең ауылдан келді ме?*

### **Б) Өздік жұмыс.**

**2-тапсырма.** Берілген шылаулармен сөйлем құрыңдар:

*Сайын, үшін, жөнінде, мен, туралы, ма, кейін, бұрын, соң, бірге, қатар, емес.*

**3-тапсырма.** Сөздердің арасынан шылауларды теріп жазыңдар: *ерте, үшін, азамат, жөнінде, үлкен, туралы, жігіт, секілді, және, тәртіп, соң, кеш, кейін, отқа, бұрын, ағаш, бірге, ойыншық, қатар, отыр, әрі, жазу.*

(Оқушылар бір-бірінің жауаптарын тексереді.)

### **4. Қорытынды бөлім.**

А) Тест сауалдары арқылы шылау сөздерді пысықтау.  
(«Дайындауыш» кітабы бойынша жұмыс.)

Ә) Оқушылар өткен тақырыпқа байланысты кесте құрастырады:

## ШЫЛАУ СӨЗДЕР

### СЕПТЕУЛІКТЕР

Белгілі бір септік жалғаулы сөзбен тіркесіп, оның мағынасын толықтырып тұратын шылаулар.

Үшін, сайын, сияқты, туралы, арқылы, бойы, шамалы, ғұрлы, шейін, дейін, қарай, таман, салым, тарта, жуық, таяу, гөрі, бері, кейін, соң, бұрын, бетер, қатар, бірге.

### ДЕМЕУЛІКТЕР

Өздері тіркескен атауыш сөздерге түрлі қосымша мағыналық реңктер үстейтін шылаулар.

Ма, ме, па, пе, ба, бе, ша, ше, қой, ғой, -ды, -ді, -ты, -ті, -ау, -ай, -ақ, қана, ғана, -мыс, -міс, түгіл, тұрсын, тұрмақ, екеш.

### ЖАЛҒАУЛЫҚТАР

Өзара тең сөздердің, бірінғай сөз тіркестерінің, тең дәрежедегі сөйлемдердің арасын байланыстыратын шылаулар.

Және, мен, пен, тағы, әрі, да, де, та, те, бірақ, алайда, сонда да, болмаса, дегенмен, әлде, біресе, бірде, не, немесе, я, яки, болмаса, ендеше, демек, өйткені, себебі, сондықтан, егер.

Б) Оқушылардың жауаптарын дұрыс бағалау.

**IV. Үй тапсырмасы:** Шылау сөздерді қатыстырып, 5-6 сөйлем құрастыру (жазбаша).





# ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ

(9-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** Қазақстандағы білім беру жүйесімен таныстыру.

**Сабақтың міндеттері:** Қазақстандағы білім беру жүйесін талдай отырып, оқушылардың білім деңгейін өсіру; сөз мағынасын түсіне білу, оқу, жазу арқылы оқушының сын тұрғысынан ойлап, ой қорыта және қорғай білуіне қол жеткізу. Өз-өзіне баға беріп, өз-өзіне сын тұрғысынан қарай білуге тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** слайдтар, Н.Назарбаев портреті, Назарбаев Университетінің суреті, Конституция.

**Әдісі:** сын тұрғысынан ойлау, талдау жасау, өз пікірін қорғау.

**Сабақтың барысы:**

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Жаңа сабақ.

1. Сұрақтарға жауап беру:

- 3 сәуір күні не болды?

- Сендердің ата-аналарың сайлауға барды ма?

- Кім ҚР Президенті болып сайланды? (Президент портреті).

2. «Білім беру реформасы - Қазақстанның нақты бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін маңызды құралдардың бірі»  
ҚР Президентінің Қазақстан халқына арналған жолдауы.

3. Сабактың тақырыбымен таныстыру (дәптерге жазу).

4. Сұрақтар:

- ҚР басты заңы қалай аталады?
- ҚР Конституциясы.
- Конституцияда білім туралы не айтылған?
- ҚР Конституциясының 30-бабында:

а) тегін орта білім алуға болады;

ә) мемлекеттік жоғары оқу орындарында конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқығы бар;

б) жекеменшік оқу орындарында ақылы білім алуға болады.

**5. «Білім беру жүйесі» тақырыбы бойынша кластер толтыру.**

Білім және ғылым  
министрі

Білім және  
ғылым министрлігі

Институт,  
Университет,  
Академия



Тәрбие, білім

Орта білім

Жоғары білім

**6. Жаңа сөздермен жұмыс.**

*Білім беру – образование;*

*Тәрбие – воспитание;*

*Міндетті – обязательно;*

*Саты – ступень;*

*Түсу – поступать;*

*Ұнай – балл;*

*Шәкіртақы – стипендия;*

*Тегін – бесплатно;*

*Ақылы – платный.*

**Атқарылатын жұмыстар:**


1) таныстыру;

2) сөз тіркестерін, сөйлемдер құру;

3) ақылы, білім сөздерін құрамына талдау;

4) тұйық етістіктерді табу.

## 7. Сызба бойынша жаңа материалды түсіндіру.



## 8. Жалпы білім беретін мектеп үш сатыдан тұрады.

Бастауыш (1-4-сыныптар), толық емес орта (5-9-сыныптар), толық орта (10-11-сыныптар).

## 9. Орта білім алудың жаңа түрлері:

1. белгілі бір пәнді тереңдетіп оқытатын мектептер;
2. гимназия, лицейлер;
3. жекеменшік мектептер.

## 10. Мәтінмен жұмыс.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі.

ҚР Білім туралы Заңы 1999 жылы 7 маусымда қабылданды.

Бұл Заңда мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері, білім процесі субъектілерінің құқылары мен міндеттері, жауапкершілігі белгіленген.

Қазақстанда орта білім міндетті. Балалар мектепке алты-жеті жасында барады және он алты-он жеті жасында аяқтайды.

9-сыныпты бітіргеннен кейін оқушылар осы мектепте оқиды немесе лицейге, колледжге түседі. Ал, орта білім алғаннан кейін олар жоғары оқу орындарына түсуге тырысады.

Жоғары оқу орындары - институт, университет, академия. Жоғары оқу орнына түсу үшін бес пәннен бірыңғай ұлттық тестілеу тапсырады. 125 ұпай алған талапкерлер тегін оқиды және шәкіртақы алады.

Республикада 249 арнаулы орта білім беретін оқу орындары бар, онда 200 мың оқушы оқиды. Жоғары білім беретін 100 шақты мемлекеттік және мемлекеттік емес оқу орны тіркелген. Республиканың ірі оқу орындары: әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақ мемлекеттік Әлем тілдері университеті, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті және тағы басқалары.

### **Мәтінге байланысты іс-шаралар:**

1. Мәтінді оқып шығу;
2. Балаларға оқыту;
3. Жаңа сөздерді табу;
4. Әр бөліміне ат қою;
5. Сұрақтар қойғызу;
6. Мәтіннен құрмалас сөйлемдерді тауып, түрлерін ажырату;
7. Мәтіндегі құрмалас сөйлемдерге синтаксистік талдау жасау (екі оқушы тақтада бірінші, екінші құрмалас сөйлемді талдайды, қалғандары қалған екі сөйлемді талдайды).

### **11. Сұхбат құру. (3-4 минут)**

Топпен жұмыс. 3 топқа бір тақырыптан беріледі.

- 1-топ. Облыстық білім беру басқармасы бастығынан сұхбат алу.
- 2-топ. Мектеп директорынан сұхбат алу.
- 3-топ. Оқушымен сұхбат.

Тапсырма: диалогты тыңдап отырып, ұнаған сұрақты жазып алу.

Қандай құрмалас сөйлемдер қолданғандарын байқап отыру.

### **12. Ойын. «Өз ойыңды дәлелде».**

- Мен сендерге әр түрлі сөйлемдер айтамын, егер сендер қатені тапсаңдар, не болмаса менің ойыммен келіспесеңдер өз ойларыңды айтып дәлелдендер.

- Сабак оқу денсаулыққа зиянды.

- 9-сыныптан кейін кәсіби-техникалық училищеге (колледждерге) түскен тиімді, т.б.

### 13. Сабакты қорытындылау.

- Білімнің адам өміріндегі рөлі қандай деп ойлайсындар?

14. Үй тапсырмасы: а) «Егер мен Білім және ғылым министрлігінде істесем,...» ойды жалғастыру.

ә) «Қазақстандағы білім беру жүйесі» тақырыбы бойынша диалог құру.

б) «Білім» тақырыбына бірнеше мақал жаттау.



Ғайни ТӨЛЕМІСОВА,  
№4 Хромтау орта мектебінің  
мұғалімі.

Ақтөбе облысы,  
Хромтау қаласы.

## СЕБЕП-САЛДАР САЛАЛАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДІ ОҚЫТУ

(9-сынып)

**Сабактың мақсаты:** білімділік – тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым, сөйлесім әрекеттері арқылы оқушылардың тақырып бойынша білімдерін тереңдету; дамытушылық – оқушылардың сөздік қорын молайту, ой-өрісін кеңейту, шығармашылық қабілеттерін дамыту; тәрбиелік – тақырып арқылы оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу, қазақ халқының салт-дәстүрлерін біліп, құрметтеуге баулу.

**Әдісі:** көрнекілік, іздендіру, интерактивтік.

**Түрі:** білім, білік, іскерлік дағдыларын қалыптастыру.

**Сабақтың формасы:** сыныптық, жекелей.

**Көрнекілігі:** слайд, тест, бейнетаспа, флипчарт.

**Технологиясы:** интерактивтік оқыту, дамыта оқыту.

**Құрылымы:** I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Өткен тақырыптар бойынша оқушылардың білім, білік дағдыларын тексеру, оқу мақсатын қою.

III. Жаңа тақырыпты анықтау кезеңі.

IV. Жаңа сабақ: 1. Сөздік жұмысы.

2. Мәтінмен жұмыс.

V. Бекіту кезеңі.

VI. Қорытындылау және бағалау кезеңі.

VII. Үйге тапсырма.

VIII. Релаксация.

I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Тілашар.

2. Психологиялық ахуал.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

III. Өткен тақырыпты пысықтау.

1. Құрмалас сөйлем дегеніміз не?

2. Құрмалас сөйлем құрамына қарай неше топқа бөлінеді?

3. Салалас құрмалас сөйлем дегеніміз не?

4. Салалас құрмалас сөйлем мағыналық жағынан неше түрге бөлінеді?

5. Құрамындағы сөйлемдердің байланысу тәсілдеріне байланысты салалас құрмалас сөйлем неше түрге бөлінеді?

IV. Жаңа сабақ.

Себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем: *Құрамындағы жай сөйлемдердегі ой-қимыл біреуінде себебін, біреуінде салдарын көрсетеді.*

Сөйлемдердің арасында келетін шылаулар: *неге десеңіз, сондықтан, өйткені, сол себепті, себебі.*

<b>Түрлері</b>	<b>Мысалдар</b>	<b>Жалғаулықтары</b>
Жалғаулықты	Біз міндетімізді орындаймыз, өйткені бүгінгі өмірдің талабы осы болып отыр.	Сондықтан, өйткені, сол себепті, себебі
Жалғаулықсыз	Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас: қардың суы секілді тез суалар.	

#### **IV. Жаңа сабақ.**

1. Сөздік жұмысы.
2. Мәтінмен жұмыс.
3. Тақтамен жұмыс.

#### **IV. Жаңа сабақ.** Мәтінді оқыңыз, мазмұнын түсініңіз.

##### **Балаға ат қою**

*Халықта балаға ат қоюдың алуан түрлі дәстүрлері бар. Ата-ана сәбиге ат қоймас бұрын көп ойланып, сан толғанады. Мұның сыры балаға ат қоюдың аса жауапты, аса қиын екенін көрсетеді. Әрине, ата-ана балам жаман болсын демейді. Оның болашағынан үміт күтеді. Халқының аяулы азаматы болса екен деп тілейді. Сондықтан да ат қоюда жас жұбайлар, көбінесе, көпті көрген және сый-құрметке бөленген қарт кісілерге алдымен жол берген. Бұл – жас жұбайлардың үлкеннен қорыққандығы емес, қайта оны сыйлағандығы, құрмет көрсеткендігі.*

Ат қоюға ата-ананың достары, жолдастары, ағайын-туыстары мен жегжаттары қатыстырылады.

#### **IV. Сөздік жұмысы:**

*Ат, есім – имя;*

*Дәстүр – традиция;*

*Алуан түрлі – разнообразные;*

*Сан толғанады – много раздумывают;*

*Аяулы азамат – знатный человек;*

*Көбінесе – во многом;*

*Көпті көрген – много увидевший;*

*Сый-құрметке бөленген – почетные, уважаемые.*

Төмендегі сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, екі пункттен бір себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем құраңдар.

1. Дәстүрі бар, алуан түрлі, балаға, ат қоюдың, халықта.

2. Толғанады, ойланып, сан, көп, бұрын, ат, қоймас, сәбиге.

3. Тілейді, азаматы, аяулы, халқының, болса екен, деп, ата-ана, сәбиді.

4. Қатыстырылады, балаға ат қоюға, достары, ата-ананың, жолдастары, жекжаттары, ағайын-туыстары.

**V. Бекіту кезеңі.** Мәтінді тыңдаңыз және төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

### ***Қазақтың салт-дәстүрлері***

*Қазақ халқының салт-дәстүр, әдет-ғұрпы – қоғамның рухани, мәдени және адамгершілік әлеміндегі қымбат қазына. Онда халықтың өмір тәжірибесі, ізденісі, танымы, тарихы жинақталған. Қазақта: шілдеhana, қырқынан шығару, бесік жыры, тұсау кесу, сүндет той, құда түсу, қыз айттыру, үкі тағу, ұрын келу, құда тартар, беташар, неке қию, бата беру, әмеңгерлік, т.б. салт-дәстүрлер бар. Сондай-ақ, ұлттық тағам, ұлттық ойын, ұлттық киім, музыкалық аспаптарының да өзіндік ерекшелігі, тарихы бар.*

**Сұрақтарға жауап беріңіз:**

1. Мәтін не туралы?

2. Салт-дәстүр деген не?

3. Қандай салт-дәстүрлерді білесің?

Лексикалық-грамматикалық тест.

**1. Қазақтың салт-дәстүрін білдіретін сөздер тобы:**

а) зат, ат, сөз;

ә) айна, тарақ, қайшы;



б) ата, әже, әпке; в) шілдеhana, тұсаукесер, тілашар;

г) әңгіме, ертегі, өлең.

**2. «Әдептілік, ар-ұят - адамдықтың белгісі» ұғымының аудармасы қалай?**

а) обманывать – зло, быть обманутым глупо;

ә) у кого много друзей, того не возьмет ни один враг;

б) вежливость, честь, совесть - знак человечности.

**3. Себеп-салдар жалғаулықты табыңыз:**

а) болмаса; ә) үшін;

б) сондықтан; в) бірде.

**4. Құрмалас сөйлем неше сөйлемнен тұрады?**

а) бір сөйлемнен; ә) екі немесе одан да көп сөйлемнен;

б) екі сөйлемнен; в) бірнеше сөйлемнен.

**5. Мынау қандай салалас құрмалас сөйлем? Ән басталды, бірақ домбыра сазы басылған жоқ.**

а) талғаулы салалас құрмалас сөйлем;

ә) іліктеc салалас құрмалас сөйлем;

б) кезектеc салалас құрмалас сөйлем;

в) қарсылықты салалас құрмалас сөйлем.

**6. Үйлену тойы, бесікке салу, шілдеhana -**

а) мақалдар; ә) дәстүрлер;

б) өлеңдер; в) нақыл сөздер.

**7. «Бесікке салу» деген не?**

а) ұлттық ойын; ә) салт-дәстүр;

б) тұрақты тіркес; в) мақалдар.

**8. Сөйлемнің түрін анықтаңдар.**

**Қазақ отбасында қыздың орны үлкен, өйткені қызды ерекше құрметтейді.**

а) кезектеc салалас құрмалас;

ә) ыңғайлас салалас құрмалас;

б) себеп-салдар салалас құрмалас.

**9. Себеп-салдар салалас құрмалас сөйлемнің жалғаулықтарын табыңдар:**

- а) біресе, кейде, бірде;                      ә) не, немесе, я, әлде, бірде;  
б) бірақ, алайда, дегенмен;  
в) сондықтан, себебі, өйткені, неге десең.

## 10. Мынау қай салалас құрмалас сөйлемнің шылаулары?

**Өйткені, сондықтан, сол себепті, неге десең.**

- а) қарсылықты салалас құрмалас сөйлем;  
ә) іліктес салалас құрмалас сөйлем;  
б) себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем;  
в) ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем.

**Жауабы:**

- 1.В 2.Б 3.Б 4.Е 5.В 6.Ә 7.Ә 8.Б 9.В 10.Б  
“5” – 9-10 б.                      “4” – 8-7 б.                      “3” – 6-4 б.  
“2” – 3-1 б.

Тақтада көрсетілген “Қазақ халқының салт-дәстүрлері” суреттерін мұқият қараңыз.

**Тапсырма:** Суретте берілген қазақ халқының салт-дәстүрлерінің аттарын дәптерлеріңізге жазыңыз, бір салт-дәстүр туралы мәлімет беріңіз.

**Сөздерді сәйкестендір:**

<i>Салт-дәстүр</i>	<i>поиск</i>
<i>Ізденіс</i>	<i>опыт, практика</i>
<i>Таным</i>	<i>жизнь</i>
<i>Өмір</i>	<i>традиция, обычай</i>
<i>Тәжірибе</i>	<i>гуманность</i>
<i>Адамгершілік</i>	<i>познание</i>

**VII. Үйге тапсырма:**

1. Қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы жарнама жазу.
2. «Шілдехана» тойы бойынша бір сахналық көріністің сценарийін жазу.

**VIII. Релаксация:**

1. Мадақтау. 2. Ынталандыру. 3. Жылы лебіз.

Ақмарал МЕЙІРМАНОВА,  
Қарағанды облысының  
Сәтбаев қаласындағы  
«С.Сейфуллин атындағы  
гимназия» мемлекеттік мекемесінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## САН ЕСІМДІ ҚАЙТАЛАУ

### Сабақтың мақсаты:

- Сан есімнен өткенді қайталау арқылы оқушының теориялық білімін практикамен ұштастыру;
- Жүйелі ойлауға, ойын тиянақты, әсерлі жеткізу арқылы шығармашылық ізденістерін дамыта түсу;
- Оқушыларға берілген мысалдар арқылы ақыл-ой, адамгершілік, ізеттілік қасиеттерге тәрбиелеу.

**Түрі:** Бекіту сабағы.

**Әдісі:** сұрақ - жауап, деңгейлеп, саралап оқыту, іздендіру, жобалау.

**Формасы:** топпен, жеке оқушымен.

**Көрнекілігі:** слайд, интерактивтік тақта, көрініс, тапсырмалар.

**Пәнаралық байланыс:** ән, бейнелеу өнері, математика, әдебиет.

### Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Білімді жан-жақты тексеру;
2. Үй тапсырмасы;
3. Шығармашылық жұмыстар.


Сынып оқушыларын түгелдеп, сабаққа деген ынтасын байқау. Сыныпты топқа бөлу, ат қою. Тіл кеңістігін қалыптастыруға сұрақтар қою.

- ❖ Қазір жылдың қай мезгілі?
- ❖ Көктемде қандай өзгерістер болады?
- ❖ Көктем айларын ата?
- ❖ Көктемде қандай мерекелер болады?
- ❖ Бүгін наурыздың нешесі?
- ❖ Аптаның қай күні?

## II. Білімді жан-жақты тексеру:

- Сан есім дегеніміз не?
- Сан есім қандай сұрақтарға жауап береді?
- Сан есім құрамына қарай нешеге бөлінеді?  
Мысал келтір.
- Сан есім тұлғасына қарай нешеге бөлінеді?
- Сан есім мағынасына қарай нешеге бөлінеді?

Кестені толтыр.



## Перфокартаны қосу таңбасы арқылы белгілеу

Сан есім мысалдары	есептік	реттік	жинақтық	болжамдық	топтау	бөлшектік
Бір мың екі жүз бес						
Жетеу						
Екіден бір						
Отызыншы						

Бес-бестен					
Бесінші					
Беске жуық					
Жүздеген					
Оннан					
Біреу					
Екі бүтін оннан үш					

### III. Үй тапсырмасын тексеру.



**«Мамыр»** тобы **«Мақал-мәтелдерде кездесетін сан есімдер»** тақырыбы бойынша жоба қорғады.



**«Наурыз»** тобы **«Қазақ халқының киелі сандары»** тақырыбы бойынша жоба қорғады.

### IV. Шығармашылық жұмыстар.

Дара және күрделі сан есімге мысал келтір. Бағанды толтыр.

Дара сан есім	Күрделі сан есім

- Балалар, қазір сіздер «Қазыбектің тапқырлығы» атты көріністі көресіздер. Көріністі тамашалай отырып, ішінен сан есімдерді теріп жазып талдайсыздар.

#### **“Қазыбектің тапқырлығы”.**

*Бұқар жыраудың қартайған кезінде көңілін сұрамақ болып қаз дауысты Қазыбек би келеді. Сонда Бұқар жырау:*

*-Бірден онға дейінгі санның мағынасын маған ешкім айтып бере алмады. Қазыбек, сен айтып берші,-деген.*

*Сонда Қазыбектің берген жауабы.*

*- Бір дегеніңіз-бірлігі кеткен ел жаман.*

*- Екі дегеніңіз-егесіп кеткен ер жаман.*

*- Үш дегеніңіз-үш бунақты шідерден шошынған ат жаман.*

- Төрт дегеніңіз-тәрде төсек тартып жатқан жаман.  
- Бес дегеніңіз-білікті адамнан белгілі бала тумаған жаман.

- Алты дегеніңіз-аймағын билей алмаған кісі жаман.  
- Жеті дегеніңіз-жетем деген мақсатына жете алмаған жаман.

- Сегіз дегеніңіз-серкесіз бастаған қой жаман.  
- Тоғыз дегеніңіз-толғанғаныңыз.  
- Он дегеніңіз-өткеніңіз, о дүниеге жеткеніңіз.  
- Екі топтан бір-бір оқушы шығып тақтаға наурыз, мамыр сөздерін септейді, ал топ оқушылары септелген сөздерді қолдана отырып сөйлем құрайды.

Сюжетті суретке қарап, сурет мазмұнына лайық етіп шағын ертегіні құрастыру (сан есімдерді қолдану).

#### V. Сабақты қорытындылау

- Не білдік?
- Нені үйренгілерің келеді?

#### VI. Бағалау:

Сұраймын, жауап бер.



Ойла, ойлан, ойландыр.



Шығармашылық жұмыс.



**Сергіту сәті:** «Ойлан, тап!» ойыны.

#### VII. Үйге тапсырма:

- ❖ III деңгей. 1-тапсырма.
- ❖ II деңгей. Өздері оқыған көркем әдебиеттен сан есімі бар бес сөйлем жазып келу.
- ❖ I деңгей. Сан есімге байланысты жиырма бес сұрақтан тұратын тест құрастыру.

## МАМАНДЫҒЫМ - МАҚТАНЫШЫМ

**Сабактың мақсаты:** тыңдаушылардан өздерінің мамандықтары жайлы сұрай отырып, әңгіме-дүкен жүргізу, еңбек, кәсіп туралы мақал-мәтел айтқызу, өздерінің мамандықтарына деген сүйіспеншілігін арттыра отырып, тілге, Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту, қазақ тілінде еркін әрі анық сөйлеуге дағдыландыру.

**Әдісі:** түсіндіру, сұрақ-жауап, сұхбаттасу, ойталқы.


**Көрнекі құрал-жабдықтар:** компьютер, үлестірмелі парақшалар, сөздік, слайд, интерактивтік тақта.

**Сабактың жоспары:**

1. Ой шақыру.
2. Лексикалық минимум.
3. Оқылым.
4. Грамматикалық минимум.
5. Жазылым жаттығулары.
6. Айтылым.
7. Сергіту сәті.
8. Сұхбаттасу.
9. Тыңдалым.
10. Өзіндік жұмыс.

**Ой шақыру.**

1. Жақсы маман болу үшін не қажет?
2. Мамандықтың жақсы-жаманы бола ма?
3. Заман талабына қарай сұранысы аз мамандықтар бар ма?



## Лексикалық минимум.

### Тыңдаңыз, есте сақтаңыз.

<i>жазылуы</i>	<i>айтылуы</i>	<i>аудармасы</i>
қызмет	қызмет	служба
ұнайды	ұнайд	нравится
тапсырыс	табсырыс	заказ
өтініш	өтүнүш	заявление
қиыншылық	қыйыншылық	трудность
маман	маман	специалист
лауазымдық міндет	ылауазымдық міндет	должностная обязанность
еңбек кодексі	еңбеккодекісі	кодекс о труде
қадірлі	кәдірлі	уважаемый
жетекші маман	жетекші маман	ведущий специалист
бас маман	басмаман	главный специалист
әріптес	әріптес	коллега
қызметтес	қызыметтес	сослуживец
белсенді	белсенді	активный
тәжірибе алмасу	тәжірйбе алмасу	обмен опытом
кеңесіп отыру	кеңесіп отырұу	советоваться
беделді	беделді	авторитетный, влиятельный
мамандық	мамандық	профессия, специальность
болу үшін	болұу үшін	чтобы стать
еңбектену	еңбектенуу	трудиться



өндіріс	өндүрүс	производство
тұрмыстық қызмет	тұрмұстұқ қызмет	бытовое обслуживание

**Оқылым.** Мәтінді мәнерлеп оқыңыз, сұрақтарға жауап беріңіз.

### **Мамандығым - мақтанышым**

Мамандық таңдау – әрбір мектеп бітіруші түлектің мақсаты. «Армансыз адам – қанатсыз құспен тең», - дейді халық. Барлық адам баласының арманы болады. Арманшыл адам болашақта дегеніне жете алады.

Менің атым - Айнұр. Мен ақпарат - сервис қызметіндегі коммутатор цехында жұмыс істеймін. Мамандығым – қалааралық байланыс телефонисі. Жұмысым өзіме өте ұнайды. Біз Алматы қаласы бойынша қалааралық, халықаралық байланыс қызметіне тапсырыстар қабылдаймыз. Қалалардың коды туралы мәліметтерді тегін береміз. Біз клиент қай тілде өтініш жасаса, сол тілде жауап беруге тырысамыз. Түркі тілдері, сондай-ақ славян тілдері бір-біріне ұқсас келеді. Жалпы, клиенттің не талап ететінін түсінуге болады. Сонымен қатар біздің телефонистеріміз ағылшын тілінде де қызмет көрсете алады.

Әр мамандықтың өзіндік ерекшелігі, қызығы мен қиыншылығы болады, соған төзе білу керек. Болашақ мамандықтарыңды жүрек қалауымен таңдаңдар, сонда ғана жұмыстарыңның жемісін көресіңдер.

### **Сұрақтарға жауап беріңіз:**

1. Айнұрдың мамандығы қандай?
2. Айнұрдың мамандығы қай салада?
3. Олар қай тілде жауап береді?

### **Грамматикалық минимум.**

**Жалғау** – сөз бен сөзді байланыстыратын қосымша. Жалғау өзі жалғанған сөзін екінші бір сөзбен қарым-қатынасқа түсіріп, байланыстырып тұрады.

## Жіктік жалғау

### Жак

#### қосымшалары

I. Мен қызметкер -мын, -мін,  
-бын, -бін,  
-пын, -пін

Біз қызметкер -мыз,-міз,  
-пыз, -піз

II. Сен қызметкер -сың,-сің,  
-сындар,  
-сіндер

Сендер қызметкер

III. Ол қызметкер

Олар қызметкер -лер

## Тәуелдік жалғау

### Жак

#### қосымшалары

I. Менің жұмыс -ым, -м  
Біздің жұмыс -мыз,-міз,  
-ымыз,  
-іміз

II. Сенің жұмыс -ң, -ың,  
-ің

Сендердің жұмыстар  
Сіздің жұмыс -ңыз,  
-іңіз, -ыңыз, іңіз.

Сіздердің жұмыстар  
III. Оның жұмыс -сы,-сі,  
-ы,-і

Олардың жұмыстар

## Жазылым жаттығулары.

### 1-тапсырма.

а) Көп нүктенің орнына тиісті жіктік жалғауын қойыңыз.

### Жекеше

I. Мен тігінші ...

II. Сен тігінші ...

Сіз тігінші ...

III. Ол тігінші ...

### Көпше

I. Біз сатушы...

II. Сендер сатушы...

Сіздер сатушы...

III. Олар сатушы...

ә) Көп нүктенің орнына керекті жіктеу есімдігін жазыңыз.

### Жекеше

I. ... дәрігермін

II. ... дәрігерсің

... дәрігерсіз

III. ... дәрігер

### Көпше

I. ... ұстазбыз

II. ... ұстазсындар

... ұстазсыздар

III. ... ұстаздар

### 3-тапсырма.

Жиі кездесетін мамандық атауларын жазып, сөйлем құраңыз.

Мамандық атаулары: \_\_\_\_\_

**4-тапсырма.** Көп нүктенің орнына жақша ішіндегі сөздерді тіркестіріп жазыңыздар.

1. Қайда ... істейсің? (дүкен, мектеп, жұмыс, байланыс)
2. Бүгін ... кешігіп жатыр (мамандық, байланыс, жұмыс, көлік).
3. ... қызмет көрсетеміз. (Балмен, қуанамыз, сендер, біз.
4. Баламмен ... тұрамын. (халық, бірге, үшеуі, жұмыстамын).
5. Жұмысыңа ... тілеймін. (табыс, бақыт, қуаныш, болсын).
6. Адамдардың мінезі ... (басы, баласы, әр түрлі, ірге).
7. Мен ... аламын, баламмен бірге тұрамын. (Зейнетақы, отбасында, үйленгенмін, жұмысым).
8. Мен ... бөлімінде жұмыс істеймін. (энергетикада, байланыспен есеп айырысу, қаламен)

### Айтылым



### **Сұхбаттасайық:**

- Өз мамандығыңыз туралы айта аласыз ба?

**Үлгі:** - *Сәлеметсіз бе, Светлана Ивановна?*

- Қайырлы күн, Бақыт! Қайда бара жатырсың?

- Жұмысыма асығып барамын. Кешігемін бе деп қорқып тұрмын.

- Қайда жұмыс істейсің? Жұмыс орның алыс па?

- «Шығыс» телекоммуникация орталығында жұмыс істеймін. Жұмыс орным алыс емес. Бірақ бүгін көлік кешігіп жатыр.

- Онда қандай жұмыс атқарасың? Мамандығың қандай?

- Мен есеп айырысу бөлімінде оператормын.

### **Сергіту сәті.**

**Түйінді сөз терең ойға жетелейді.**

**Еңбекке, кәсіпке байланысты мақал - мәтелдер:**

1. Өнерлі қол аш отырмас.

2. Білікті бірді жығар,

Білімді мыңды жығар.

3. Жақсыдан – үйрен, жаманнан – жирен.

4. Темірді қызған кезде соқ!

5. Кәсібі молдың - нәсібі мол.

6. Еңбек етсең ерінбей,

Тояды қарның тіленбей.

### **Өзіндік жұмыс.**

1. Жалғау түрлеріне сөз тіркестері мен сөйлем құраңыз.

2. «Мамандығым - мақтанышым» тақырыбына ойтолғау жазыңыз.



# ЕҢБЕКСҮЙГІШТІККЕ ТӘРБИЕЛЕГЕН ЖАЙ СӨЙЛЕМДЕР

**Сабақтың мақсаты: білімділік** – жыл мезгілдері туралы түсініктерін кеңейту. Жыл мезгілдерінің әрқайсысына тән ерекшеліктерді, табиғат өзгерістерін түсіндіру. Сурет бойынша әңгіме құрастыра білуге үйрету; **дамытушылық** – оқушылардың ой-өрісін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Жыл мезгілдеріне қатысты жаңа сөздерді меңгерту арқылы сөздік қорларын байыту. Сұрақтарға жүйелі, толық жауап беруге, еркін сөйлеуге, сауатты жазуға дағдыландыру; **тәрбиелік** – табиғатты қорғауға, оның әсемдігін сезіне білуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

**Түрі:** дәстүрлі жинақтау сабағы.

**Әдіс-тәсілдері:** түсіндіру, сұрақ-жауап, сөздік, талдау, салыстыру, жаттықтыру, ойландыру.

**Көрнекілігі:** ДКҚ-10, ДҚ-4, ҮҚ-10, Венн диаграммасы, мәтін жазылған қағаздар, сөздік жазылған плакат, әр түсті қима қағаздар, суреттер.

**Пәнаралық байланыс:** дүниетану, орыс тілі.

**Сабақтың барысы.**

**I. Ұйымдастыру кезеңі:**

1. Оқушылармен сәлемдесу;
2. ҚР Әнұранын орындау;
3. Оқу құралдарын дайындатып, сабаққа назарларын аудару.

4. Сыныпты түгелдеу.

5. Сабақтың мақсатын түсіндіру.

- Сәлеметсіңдер ме, оқушылар! Қайырлы күн!

- Сабағымызды Әнұранмен бастаймыз.

- Рақмет, отырыңдар.

- Сыныпта кім жоқ?

## **II. Өткен сабақты еске түсіру.**

- Оқушылар, біз сендермен VII модульді аяқтап, VIII модульді бастаймыз. VII модульде жануарлар әлемімен таныстыңдар. Қазір жануарлар әлемі тарауын қайталаймыз. Мен сендерге қима қағаздарын таратып беремін, сол қағаздарда жазылған сұрақтарға жылдам жауап берулерің керек.

1. Қазақ тілінде неше әріп, неше дыбыс бар?

2. Дыбыстар нешеге бөлінеді?

Түйелер сөзіндегі дауысты, дауыссыз дыбыстар саны.

3. Дауысты дыбыстар қалай бөлінеді?

Үндістан сөзінде жуан, жіңішке дыбыстар саны нешеу?

4. Дауыссыз дыбыстар қалай бөлінеді?

Жолбарыс сөзі неше қатаң, неше ұяң, неше үнді дыбыстан тұрады?

5. Буын нешеге бөлінеді?

Тасбақа қандай буындардан тұрады?

6. Жануар-лар-ың-мен қандай жалғау түрлерінен жасалған сөз?

## **III. Сабақтың өзекті мәселесі.**

Оқушыларды жаңа тақырыпты меңгеруге дайындау, алған білімдерін тереңдету, дамыту, жаңа тақырыппен байланыстыру. Сабақтың мақсатын түсіндіру.

## **IV. Жаңа сабақ.**

### **Сабақтың тақырыбын хабарлау.**

-Бүгін “Жыл мезгілдері” тарауын бастаймыз. Сабақта жыл мезгілдерімен, ай аттарымен және табиғат өзгерістерімен тереңірек танысамыз. Дұрыс жауап үшін қызыл, көк, жасыл түсті қима қағаздар беріледі.

## Психологиялық дайындық.

- Біз танысамыз.
- Білеміз.
- Ойланамыз.
- Оқимыз.
- Ойнаймыз.
- Үйренеміз.
- Жазамыз.
- Жаттаймыз.

**Кіріспе сөз.** Жаңа сабақты сурет арқылы түсіндіру.

**Сөздікпен жұмыс.** Мәтінге байланысты қиын, жаңа сөздерді тақтаға іліп, топпен қайталау.

*Самал жел – ветерок;*

*Гүлдеу – цвести;*

*Бәйшешек – подснежник;*

*Шомылу – купаться;*

*Күн бұлтты – пасмурно;*

*Жаңбыр – дождь;*

*Сарғаю – желтеть;*

*Боран соғады – метёт метель;*

*Қар жауады – снег пойдёт.*

**Мәтінмен жұмыс.** Кітапта мәтін берілмегендіктен, мәтін жазылған қағаздарды әр оқушыға таратып беремін. Мәтінді оқып, орыс тіліне аударады.

## **Жыл мезгілдері.**

Бір жылда төрт жыл мезгілі бар. Олар: көктем, жаз, күз, қыс.

Көктем айлары – наурыз, сәуір, мамыр. Көктемде қар еріп, күн жылынады. Самал жел соғады. Жеміс ағаштары гүлдеп, бәйшешек шығады. Көктемде мейрамдар көп.

Жаз айлары – маусым, шілде, тамыз. Жазда күн ыстық болады. Балалар суға шомылады. Адамдар жеңіл киінеді.

Күз айлары – қыркүйек, қазан, қараша. Күзде күн салқындайды. Күн бұлттанып, жаңбыр жиі жауады.

Ағаштардың жапырақтары сарғаяды. Құстар жылы жаққа ұшып кетеді.

Қыс айлары – желтоқсан, қаңтар, ақпан. Қыста күн суытып, боран соғады. Қар жауады. Адамдар жылы киімдерін киеді.

### **Оқулықпен жұмыс.**

- Кітаптарыңның 116-бетін ашып, суретке назар аударыңыздар.

**1-тапсырма.** Сурет бойынша сұрақтарға жауап беру:

1. Бір жылда неше жыл мезгілі бар?
2. Көктем айларын ата.
3. Көктемде күн қандай?
4. Жаз айлары.
5. Жаз мезгілінде күн қандай болады?
6. Күз айлары.
7. Күзде күн қандай болады?
8. Қыс айлары.
9. Қыста ауа райы қандай болады?

**Дәптермен жұмыс.** Дәптерге күн ретін, жаңа тақырыпты жаздыру.

- Жұмыс дәптерлеріңді ашып, бүгінгі күн реті мен жаңа сабақтың тақырыбын жазыңдар.

- Тақтада жазылған сөйлемдерде көп нүктенің орнына қазақ тіліне тән әріптерді қойып, дәптерге көшіріп жазыңдар (тақтаға әріптерді түрлі-түсті бормен жазады).

1. К...ктемде б...йшешек шы....ады. 2. Жазда к...н ысты... болады. 3. К...зде жа...быр жи... жауады. 4. ....ыс айлары – желто...сан, ....а....тар, а...пан.

**Фонетикалық жұмыс.** Сөйлемдердегі қазақ тіліне тән дыбыстарға ауызша дыбыстық талдау жасау.

Ө – дауысты, жіңішке дыбыс.

Ә – дауысты, жіңішке дыбыс.

Ғ – дауыссыз, ұяң дыбыс.

Ү – дауысты, жіңішке дыбыс.



Қ – дауыссыз, қатаң дыбыс.

Ң – дауыссыз, үнді дыбыс.

І – дауысты, жіңішке дыбыс.

**Грамматикалық жұмыс.**

**2-тапсырма.** Өлеңді мәнерлеп оқу.

1. *Көктем* сөзін септеу.

2. *Өсіру* сөзін келер шақта жіктеу.

3. *Өрік* сөзін тәуелдеу.

**Сергіту сәті. «Күн сәулелері» ойыны.**

7 сәуледе септік жалғауларына байланысты сұрақтар жазылған. Сол сұрақтарға жауап беру арқылы күн сәулелерін тақтаға іледі.

1. Атау септіктің сұрағы. Мысал келтір.

2. Ілік септіктің сұрағы. Мысал келтір.

3. Барыс септіктің сұрағы. Мысал келтір.

4. Табыс септіктің сұрағы. Мысал келтір.

5. Жатыс септіктің сұрағы. Мысал келтір.

6. Шығыс септіктің сұрағы. Мысал келтір.

7. Көмектес септіктің сұрағы. Мысал келтір.

**«Дұрыс па? Бұрыс па?» ойыны.**

- Мен жазда үстіме тон, аяғыма етік, қолыма қолғап киемін.


- Қыста күн ыстық болады.

- Көктемде жеміс-жидек піседі.

- Күз айлары – қыркүйек, қазан, қараша.

**V. Жаңа сабақты бекіту. 1. Венн диаграммасы.**

- Венн диаграммасы бойынша жаз мезгілі мен қыс мезгілінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын сызбаға жазасыздар (тақтаға Венн диаграммасы ілінеді, маркермен жазады)



## Оқушылардың шығармашылық жұмысы.

Үйден салып әкелген суреттерін сабаққа қатысқан мұғалімдерге сыйға береді.

**VI. Үйге тапсырма.** «Менің жақсы көретін жыл мезгілім» тақырыбына тақпақ не шағын әңгіме айтып беру.

**VII. Бағалау.** Әр түсті қима қағаздарының санына қарай бағалау.

## VIII. Рефлексия.

- Балалар, бүгінгі сабақ сендерге ұнады ма?
- Сабақта қандай сөздермен таныстыңдар?
- Не үйрендік?
- Сабақтан қандай әсер алдыңдар? Өз ойларыңды айтуларыңа болады.



Қарлығаш БЕСБАЕВА,

Алматы қаласындағы

I.Жансүгіров атындағы

№130 гимназияның мұғалімі.

# ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРАТЫН – АСТАНА

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – оқушыларға Астана қаласы туралы түсінік бере отырып, өткен тақырыппен байланыстыру, алған білімдерін жинақтап қорыту, тексеру; **дамытушылық** – оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін, сөйлеу тілдерін қалыптастыру, әңгімелеп айтуға, сөз дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету, қазақ тілінде сөйлемді дұрыс құрастыру дағдыларын жетілдіру; **тәрбиелік** – оқушылардың Астана қаласына деген сүйіспеншілігін, отансүйгіштік қасиеттерін арттыру.

**Типі:** жаңа сабақты меңгеру.

**Түрі:** Алған білімі мен жұмыс істеу әдістерін жетілдіру.

**Сабақты ұйымдастыру формасы:** сөздікпен жұмыс, мағлұмат беру, әңгімелеу, слайдтармен жұмыс, грамматикалық тапсырмалар, өлең құрастыру, «синквэйн» әдісі, сұрақ-жауап.

**Көрнекілігі:** интерактивті тақтадан берілетін слайдтар.

**Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі:**

Сәлемдесу. Оқушыларды түгелдеу.

**II. Өзектендіру.**

1. Септік жалғауларды атап шығындар.

2. «Қала» деген зат есімді септеп, 7 сөйлем құрастырындар.

3. Қазақстанның қалалары туралы не білесіндер?

**III. Жаңа түсінік-ұғымдар мен іс-әрекет әдістерін қалыптастыру.**

**1. Сөздік жұмыс.**

*Нышан – символ;*

*Тәуелсіз – независимый;*

*Жазалау – берег;*

*Құлпырып келеді – процветает;*

*Негізі қаланған – был основан;*

*Өзгертілді – изменен;*

*Көрікті жерлер – достопримечательности;*

*Ғимарат – здание;*

*Тұрғын – житель;*

*Болашақ – будущее;*

*Жас – молодой;*

*Сәулет – архитектура;*

*Мәдени – культурный;*

**2. Жаңа сөздермен жұмыс.**

Осы сөздермен сөз тіркестерін және сөйлем құраңдар.

Нышан – Астана қаласының нышаны – Бәйтерек.

Тәуелсіз – Қазақстан Республикасы – тәуелсіз мемлекет.

Құлпырып келеді – Астана қаласы күннен-күнге құлпырып келеді.

- Қай елдің болса да астанасының аты – оның мемлекеттік рәмізі. Мысалы: Ресей десе Мәскеу, Қытай десе Пекин мемлекеттерін көз алдымызға елестетеміз. Ал Қазақстанның астанасы қай қала, балалар?

- Дұрыс, Астана қаласы. Ал ертең қандай мереке екенін білеміз бе?

- Ертең – 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні.

- Дұрыс. Біздің Тәуелсіздігіміз бен Астанамыз өзара тығыз байланысты. Тәуелсіздігіміздің арқасында біз Астана деген жас қала тұрғыздық. Астана - біздің мемлекетіміздің бас қаласы. Оның негізі 1932 жылы қаланған. Қала бұрын Целиноград деп аталған. 1997 жылы 10 желтоқсанның бастап тәуелсіз Қазақстан Республикасының астанасы болды. 1998 жылы 6 мамырда Ақмола атауы Астана болып өзгертілді. Бүгінде Астана қаласының аты әлемге әйгілі. Астана қаласы Солтүстік Қазақстан аймағында Есіл өзенінің бойында орналасқан. Астана қаласының нышаны не екенін білеміз бе?

- Астана қаласының нышаны – Бәйтерек.

3. Тақтада Астана қаласы туралы слайдтар көрсетіледі. Оқушылар алдын ала берілген тапсырмалар бойынша жұмыс жүргізеді.

#### **IV. Қолдану. Білік, дағдыларды қалыптастыру.**

1. Грамматикалық тапсырмалар.

1.1. Берілген сөз тіркестерімен сөйлемдер құрап, септік жалғауларын ажыратыңдар.

*Қалаға келу, зәулім ғимараттар, солтүстік жағалауы, әлемге әйгілі, мәдени орталық, көрікті жерлер.*

Төменде берілген сөздерді септеңдер:

*Ғимарат, жағалау, мәдениет.*

2. «Астана» сөзін қатыстырып өлең құрастырындар.

А -

С -

Т -

А -

Н -

А -

**Керекті сөздер:** асқақ, арман, жас, нағыз, батыл, таза, бас қала, алып, сұлу, кішкентай, көк, сую.

**V. Үй тапсырмасы туралы ақпарат кезеңі.**

«Астана – жас қала» деген тақырыпқа шығарма жазу.

**VI. «Синквэйн» әдісі бойынша сабақты қорытындылау.**

1. Бір зат есім (*«Астана»*).
2. Екі сын есім (*көрікті, жас*).
3. Үш етістік (*құлпырып келеді, қаланған, өзгертілді*).
4. Бір фраза немесе мақал (*Астана қаласының нышаны – Байтерек*).
5. Бірінші сөздің синонимі (*Қала*).

**VII. Рефлексия.**

Оқушылардың сабақтан алған әсерлерімен бөлісу.

Нені білемін?	Нені білдім?	Нені білгім келеді?



Дана МАЛДЫБАЕВА,  
Семей қаласындағы  
№9 орта мектептің мұғалімі.

## «БІЗ ҚАЗАҚША СӨЙЛЕЙМІЗ!»

**Сабақтың мақсаты:** бірте-бірте күш ала бастаған ана тіліміздің қолданыс аясын кеңейту.

**Көрнекілігі:** күйтабақ, септіктер кестесі (таблица), киіз үй макеті, киіз үйдің жанында тұрған адамдар (сурет), қазақтың ұлттық киімдері, қоржын, асықтар, плакаттар, жұмбақтар, радиоқабылдағыш (проигрыватель).

**I бөлім. Әдеби-монтаж.**

1. Күй ойнап тұрады.

2 “Ана тілім” өлеңін бір оқушы жатқа айтады.

**1-жүргізуші (мұғалім)** қазақша кіріспе сөз сөйлеп, апталықтың мән-маңызын түсіндіреді.

**Жұмбақ жасыру.**

- Қаз қанатын жайды,

Үйрек мойнын созды,

Тебесіне аққу қонды.

Шешуін кім табады?

Шешуі - киіз үй, кереге, уықтың тірегі, уық шаңыраққа байланады.

- Дұрыс, рақмет. Шаңырақ шеңбер тәрізді. Мынау - керегесі, мынау - шаңырағы (макетін көрсете тұрып, киіз үй құрылысымен, ішіндегі жиһаздарымен таныстыру).

**2-жүргізуші (мұғалім):** - Так как мы изучаем казахский язык, в празднике посвященном неделе казахского языка мы должны принимать активное участие! Я думаю, что вы

увидев макет турты, догадались о ее строении по рассказу учительницы.

**1-жүргізуші:** - Суретке көңіл аударалық. Мынау - көне ұлттық жетіген, жеті шек, жеті тиекті. Осы аспап арқылы өнерпаздар өз мұнын халыққа жеткізген. Енді, оқушыларға сөз берейік.

**1-оқушы (септіктер кестесін көрсете отырып):** - Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде, зат есімнің жерінде, қазақ тілі елінде «Септік» деген шал болыпты, оның 7 ұлы болыпты. Елде жұт болып, ашаршылық жайылыпты. Бұл ашаршылық септік шалдың үйіне де келіп жетіпті.

**2-оқушы:** - Атау атты ұлы қайтыс болғанда, шал ағашқа аттың қылын ішек орнына тағыпты да, үнсіз егіліпті.

**3-оқушы:** - Ай өткен соң Ілік деген ұлы өлгенде тағы бір ішек тағып, ненің зияны, кімнің көзі тиді екен?- деп егіледі.

**4-оқушы:** - Ай өткен соң Барыс атты ұлы дүниеден өтеді. Сонда шал тағы да үшінші ішек тағып, “кімге айтып жылайын, неге ғана өлді екен?”- деп жоқтау айтады.

**5-оқушы:** - Табыс атты ұлы өлгенде «нені айтып, кімді ғана қарғайын?» - дейді.

**6-оқушы:** - Жатыс атты ұлы да ашықтан өлгенде «кімде кетті обалың, неде жатып көз жұмдың?» - деп бесінші ішек тағып егіледі.

**7-оқушы:** - Шығыс атты ұлы қайтыс болады, алтыншы ішек тағылып, «неден қайтыс болдың, кімнен сені сұраймын?»- деп егіледі.

**8-оқушы:** - Ал, жетінші Көмектес те сол аштықтан қайтыс болғанда «кіммен өмір сүрмекпін, енді немен шұғылданамын?» - деп жоқтау айтып егіледі.

**2-жүргізуші:** - Содан 7 ішек, 7 тиек тағылып, жетіген аспабы пайда болыпты.

**1-жүргізуші:** - Давайте, ребята, теперь расскажем о падежах. Скажите, сколько падежей в казахском языке?

- Семь.

- Ал орыс тілінде ше?
- Алпы.
- Мынау не?
- Қоржын.
- Қоржынның ішінде не бар екен? (көрсету)
- Асық.
- Дұрыс, неше асық бар екен?
- Жеті.

**2-жүргізуші (асық туралы түсінік берген соң):** - Ертеде асықпен ұлттық ойын ойнаған екен, қане, біз де ойнайық. Алдымен мына нөмірленген асықтарды әрқайсың алыңдар да, рет-ретімен өз орындарыңа тұра қалыңдар. Біз, әрине, басқаша ойнаймыз. 7 асық 7 септікті еске түсіріп тұр. Яғни, сендердің әрқайсың нешінші нөмірлі асықты алсаңдар, соған сәйкес септіктің рөлін иеленесіңдер. Мәселен, бір-атау, екі-ілік, жеті-көмектес, т.б.

- Қане, “Айжан”, “ою” деген сөздерді септейік.

А.с. Кім? Не? Айжан, ою.

І.с. Кімнің? Ненің? Айжанның, оюдың.

Б.с. Кімге? Неге? Айжанға, оюға.

Т.с. Кімді? Нені? Айжанды, оюды.

Ж.с. Кімде? Неде? Айжанда, оюда.

Ш.с. Кімнен? Неден? Айжаннан, оюдан.

К.с. Кіммен? Немен? Айжанмен, оюмен.

- Жарайсыңдар!

## II бөлім.

**1-жүргізуші:** - Енді, қалай оқи алатындарыңды көрсетіңдерші?

Бірнеше бала А.Құнанбайұлы, Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынұлы, т.б. ақындардың өлеңінен үзінді оқиды.

Бұдан әрі үш-төрт оқушы “Бұғып отыру керек”, “Шыбын жан” көріністерін сахналайды. Жұмбақтар шешіліп, ән айтылып, би биленеді.



### ШІ бөлім.

#### «Сақина тастау» ойыны.

**2-жүргізуші** ойынның шартын түсіндіреді. Шеңбер болып отырады, бастаушы ортада жүріп, сақинаны кез келген баланың алақанына салады да, кезекшіден: “сақина кімде?” - деп сұрайды. Кезекші таба алмаса, тақпақ не ән орындап береді. Тапса, бастаушымен орын ауыстырады да, ойын ары қарай жалғастырылады.

**1-жүргізуші (ойын ойналып болған соң):** - Иә, балалар, сендер жақсы оқып, ән айтып, би билеп, ойынды да жақсы ойнайсыңдар, енді, қане, мынандай сұрақтарға жауап беріндерші:

а) Ы. Алтынсарин атамыздың білім туралы қандай өсиет қалдырғанын айтыңдаршы, кім айтады?

- Кел, балалар, оқылық,  
Оқығанды көңілге  
Ықыласпен тоқылық...

- Дұрыс.

- Иә, балалар, біз Ы.Алтынсарин атамыздың айтқанын орындаймыз ба?

- Орындаймыз.

ә) Ал, тағы қандай оқу туралы мәтел білесіңдер?

- Оқы, оқы және оқы!

- Жарайсың!

**2-жүргізуші:** - Енді, қонақтарымыздың бірі – 2 «а» топ оқушысы Жанар бізге «Мен неге шала қазақ атандым?» атты тақпақты айтып берсін.

**1-жүргізуші:** - Уақыт бөліп, келгендеріңізге үлкен рақмет, осымен мерекемізді аяқтауға рұқсат етіңіздер.



Гүлмира ҚҰРМАНҒАЛИЕВА,  
Павлодар қаласындағы  
«Стикс» бейіндік бағыттағы  
мектебінің қазақ тілі мен  
әдебиеті пәнінің мұғалімі.

## КЕШЕНДІ ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

(7-сынып)

### I модуль.

1. Жазғы демалыс туралы әңгімеле.
2. Монолог. «Менің отбасым».
3. Диалог. «Менің досым».
4. Бос уақытың туралы әңгімеле.
5. Мына сұрақтарға жауап бер:
  - \* 1 қыркүйек қандай күн?
  - \* Қазақ алфавитінде неше әріп, неше дыбыс бар?
  - \* Неше дауысты, неше дауыссыз дыбыс?
  - \* Қазақ тілінде буын түрі нешеу, қандай?
6. Сөздерге дыбыстық талдау жаса:  
*Білім, пәтеріміз, отбасы.*
7. Тіл дыбыстарын топтап жаз.  
Қатаң дауыссыздар: .....  
Ұяң дауыссыздар: .....  
Үнді дауыссыздар: .....  
Жуан дауыстылар: .....  
Жіңішке дауыстылар: .....  
Еріндік дауыстылар: .....  
Езулік дауыстылар: .....  
Ашық дауыстылар: .....

Қысаң дауыстылар: .....

## II модуль.

1. Қазақ тілі туралы әңгімеле.
2. «Қазақ тілі сабағында» тақырыбына диалог құрастыр.
3. Сөздік түрлерін ата.
4. Сұрақтарға жауап бер:
  - \* Синоним деген не?
  - \* Омоним деген не?
  - \* Антоним деген не?
  - \* Фразеологизм деген не?
5. Жатқа мақалдар, тіл туралы өлеңдер, нақыл сөздер айт.
6. Сөздердің синонимін тауып жаз:

*Отан, .....*

*Мұғалім, .....*

*Оқушы, .....*

*Атақты, .....*

*Әдемі, .....*

7. Сөздердің антонимін жаз:

*Кішкентай -*

*Ұзақ -*

*Биік -*

*Жиі -*

*Көп -*

8. Омонимдердің мағынасын ашып, тіркес құра:

*Ай, күн, жаз, ат, көрме.*

9. Фразеологизмдердің синонимін жаз:

*Қас пен көздің арасында - .....*

*Бетінен оты шықты - .....*

*Су жүрек - .....*

*Жүрек жұтқан - .....*

## III модуль.

1. «Менің Отаным – Қазақстан» тақырыбына монолог.
2. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері» тақырыбына диалог құрастыр.

3. Қазақстанның табиғат байлығы туралы әңгімеле.

4. Мемлекеттік мерекелерді жатқа айт.

5. Сөз таптарын жатқа айт.

6. Сөздердің қазақша баламасын жаз:

*Независимый, суверенный, богатый, обширный, крупный, самостоятельный, символы, развивается, процветает.*

7. Сөздерге сөзжасамдық талдау жаса:

*Отаным, жеріңіз, мемлекеттік, тәуелсіздік, мерекелері, байлықтарының.*

#### **IV модуль.**

1. Монолог. «Қазақстан қорықтары».

2. Диалог. «Қазақстан таулары».

3. Өз өлкеңнің табиғаты туралы әңгімеле.

4. Сұрақтарға жауап бер:

\* Қазақ тілінде неше сөз табы бар?

\* Сын есімнің сұрақтары?

\* Сан есімнің мағыналық түрлері?

\* Етістіктің ерекше формалары (түрлері) қандай?

\* Есімдіктің мағыналық түрлері?

\* Үстеудің сұрақтары?

5. Қазақстанның ірі өзен, көлдерін ата.

6. Мына сөздерге морфологиялық талдау жаса: **таулар, облыстық**

#### **V модуль.**

1. Үй жануарларын ата.

2. Жабайы аңдар қандай?

3. Терісі бағалы аңдарды ата.

4. Монолог. «Менің сүйікті жануарым».

5. Шылау сөздердің түрлерін ата.

6. Еліктеуіш сөздерге мысалдар келтір.

7. Одағайлармен сөйлем құрастыр.

8. Етістіктерді болымсыз түрге айналдыр:

*Тіршілік етеді, мекендейді, қоректенеді, ашығады.*

## **VI модуль.**

1. Сөздердің қазақша баламасын жаз:

*Искусство, виды искусства, изобразительное искусство, прикладное искусство, ювелирное искусство, киноискусство, деятель искусства, певец, танцор, поэт, ювелир, художник, мастер.*

2. Қазақ халқының әншілерін ата.

3. Қазақ халқының күйшілерін ата.

4. Қазақтың атақты актері, кинорежиссер кім?

5. Тұңғыш суретші, бейнелеу өнерінің негізін салушы кім?

6. Қазақтың қандай ақын-жазушыларын білесің?

7. Қалаңның театр, кинотеатрлары туралы әңгімеле.

8. Есімшенің жұрнақтарын, түрлерін ата, мысалдар келтір.

9. Сөздерге морфологиялық талдау жаса: *әнші, суретші, өнерлі, атақты.*

## **VII модуль.**

1. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін ата.

2. Қандай ұлттық ойындарды білесің?

3. Қазақтың музыкалық аспаптарын ата.

4. Көсемшенің жұрнақтарын, түрлерін ата.

5. Монолог. «Менің сүйікті мамандығым».

6. Мамандық атауларын қазақшаға аудар:

*Портной, художник, певец, танцор, строитель, повар, врач, учитель, парикмахер, бизнесмен, ученый, историк.*

7. Шылау сөздермен сөйлем құрастыр.

8. Етістіктің райларын ата. Етістіктерді рай түрлеріне қойып жаз: *бар, кел, айт, жүр, тыңда.*

9. Жыл мезгілдері туралы әңгімеле.

10. Сөздердің жалғауын тауып, түрін ажырат:

*Қыста, көктемнің, жаздан, мамандығымыз, оқушымен, күйлерінде, әніміз, мектебің, ауылға, салт-дәстүрлеріңіз.*

Светлана СҮЛЕЙМЕНОВА,  
Шығыс Қазақстан облысының  
Бородулиха ауданындағы  
Коростели орта мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

# ЖАРАТЫЛЫСТАНУ-МАТЕМАТИКА БАҒЫТЫ БОЙЫНША 10-11-СЫНЫПТАРҒА АРНАЛҒАН ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНЕН ЖЫЛДЫҚ БАҚЫЛАУ ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. 1836-1837 жылдары Батыс Қазақстанда болған халық көтерілісі басшыларының бірі болған ақынды белгілеңіз.

- а) Жанкісі ақын; б) Исатай Тайманұлы;  
ә) Махамбет Өтемісұлы; в) Дулат Бабатайұлы.

2. Махамбет Өтемісұлының өмір сүрген жылдарын белгілеңіз.

- а) 1803-1846; б) 1815-1898;  
ә) 1802-1871; в) 1835-1865.

3. «Зар заман» әдебиетінің көрнекті өкілі кім?

- а) Сүйінбай Аронұлы; б) Дулат Бабатайұлы;  
ә) Қашаған Күржіманұлы; в) Шортанбай Қанайұлы.

4. Исатай кім?

- а) жырау; ә) ақын; б) батыр; в) коғам қайраткері.

5. Дулат Бабатайұлы қай жерде туды?

- а) Семей облысының Аягөз ауданында;  
ә) Семей облысының Абай ауданында;

б) Қарағанды облысының Бұқар жырау ауданында;

в) Акмола облысының Аршын ауданында.

**6. Сүйінбай неше жасынан ақындық жолды қуған?**

а) 12-14 жасынан; б) 17-18 жасынан;

ә) 15-16 жасынан; в) 13-15 жасынан.

**7. Қазақтың шешендерін белгілеңіз:**

а) Абылай, Қасым, Жәнібек;

ә) Сырым, Досбол, Саққұлақ;

б) Абай, Шәкәрім, Жамбыл;

в) Құрманғазы, Қорқыт, Тәттімбет.

**8. «Жақсы мен жаман адамның қасиеттері» өлеңінің**

**авторы кім?**

а) Сүйінбай Аронұлы; б) Дулат Бабатайұлы;

ә) Қашаған Күржіманұлы; в) Шортанбай Қанайұлы.

**9. Қай ақын арнау түріндегі өлеңдерді көп жазған?**

а) Сүйінбай Аронұлы; б) Дулат Бабатайұлы;

ә) Қашаған Күржіманұлы; в) Шортанбай Қанайұлы.

**10. Мақалды толықтырыңыз.**

Батыл болмай, батыр ...

а) жүрмейсің; ә) өлмейсің; б) күлмейсің; в) болмайсың.

**11. Біржанның әкесі кім?**

а) Тұрағұл; ә) Қожасұл; б) Тоқтағұл; в) Төлебай.

**12. Мына өлеңнің қайсысы А.Құнанбайұлынікі?**

а) «Жазғытұры»; ә) «Балаларды оқуға шақыру»;

б) «Тезек төреге».

**13. Мағауия кімнің баласы?**

а) Шәкәрімнің; б) Өскенбайдың;

ә) Құнанбайдың; в) Абайдың.

**14. Дулат Бабатайұлы кім?**

а) суретші; ә) этнограф; б) ғалым; в) ақын.

**15. Өлеңді толықтырыңыз: Бір Аллаға сиынып ...**

а) Кел, балалар, оқылық!

ә) Өмір де сүрер ме екенсің?

б) Өнер-білім бар жұрттар.

в) Кел, балалар, ойнайық!

**16. Атақты айтыскерлерді атаңыз:**

а) Біржан мен Сара;

б) Жібек пен Төлеген;

ә) Қозы Көрпеш пен Баян сұлу; в) Құрманғазы мен Дина.

**17. Сал-серілер өнері қай ғасырда пайда болды?**

а) XVII-XVIII ғ.;

б) I-II ғ.;

ә) XIX ғ. II жартысында;

в) XII-XIII ғ.

**18. «Еңлік-Кебек» дастанының авторы кім?**

а) Сүйінбай Аронұлы;

б) Шәкәрім Құдайбердіұлы;

ә) Абай Құнанбайұлы;

в) Дулат Бабатайұлы.

**19. Абай Құнанбайұлының өмір сүрген жылдары:**

а) 1835-1865; ә) 1841-1889; б) 1845-1904; в) 1846-1907.

**20. Абай туралы роман-эпопеяның авторы кім?**

а) С.Мұқанов;

б) М.Әуезов;

ә) Б.Майлин;

в) О.Бөкеев.

**21. Абайдың қара сөздерінің саны қанша?**

а) 33;

б) 37;

ә) 45;

в) 49.

**22. Абайдың шын аты:**

а) Ибраһим;

б) Шоқан ;

ә) Мұхаметханафия;

в) Сәдуақас;

**23. Ыбырай Сандыбайұлын қалай атап кеткен?**

а) Үкілі; ә) Қылышты; б) Домбыралы; в) Батыр.

**24. «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Хал-ахуал»**

**кітаптарының авторы кім?**

а) Мәшһүр Жүсіп Көпеев; б) Шәкәрім Құдайбердіұлы;

ә) Абай Құнанбайұлы;

в) Дулат Бабатайұлы.

**25. Ақан серінің шын аты кім болған?**

а) Сырымбет; ә) Ақжігіт; б) Сәдуақас; в) Ыбырай.

**26. «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінің**

**авторы кім?**

а) Жамбыл Жабаев;

б) Ыбырай Алтынсарин;



ә) Абай Құнанбаев; в) Дулат Бабатайұлы.

27. «Менің пірім-Сүйінбай, сөз сөйлемен сыйынбай ...»

кімнің сөзі?

а) Жамбыл Жабаев;

б) Асан Қайғы;

ә) Абай Құнанбаев;

в) Дулат Бабатайұлы.

28. Дулат Бабатайұлы қай жылы дүниеге келді?

а) 1870;

ә) 1888;

б) 1845;

в) 1802.

29. Ыбырай Алтынсаринді кім тәрбиелеген?

а) әкесі Алтынсары;

б) әжесі;

ә) атасы Балқожа би;

в) ауыл молдасы.

30. Әрі балуан, әрі сері-әнші-ақын кім?

а) Үкілі Ыбырай;

б) Біржан сал;

ә) Ақан Сері;

в) Балуан Шолақ Баймырзаұлы.



Гүлсара МӘМЕЛБАЕВА,

Қостанай облысының

Лисаков қаласындағы

«№6 орта мектебі» мемлекеттік

мекемесінің мұғалімі.

## АСТАНАҒА САЯХАТ

(10-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** 1. Біздің астанамыздың тарихы туралы оқушылардың білімдерін кеңейту және оны қорыту; осы тақырып бойынша білетіндерін жүйелеу; 2. Коммуникативтік құзыреттілікті дамыту, негізгі ойын анықтау, білгендерін жаңа білім алу үшін пайдалану, топпен жұмыс жасау, оқушылардың тілін дамыту; 3. Өз Отандарының астанасын сүйуге, құрметтеуге, мақтаныш етуге баулу, ұйым

болып бірге жұмыс істеу, бір-бірін түсінісіп, көмектесу.

### **1-тапсырма. Терме диктанты.**

«Астана» тақырыбына қатысты сөздер мен сөз тіркестерді тандап, айтыңыз:

*Шебер, қызығып, республика, жер көлемі, ең алғашқы астанасы, көңілді, тұңғыш, жігіт, жарлыққа қол қою, зерттеу, дамыған, Елбасы, тәуелсіз, азуақыт, салтанатты, азуақыттың ішінде, жауап беру, танысу, болашақ, орталық, қонақтар, ертең, жұма, көп қабатты, зәулім.*

Қорыту, парақтарда бағалау.

**2-тапсырма. Осы таңдаған сөздермен сөз тіркестер құрастырыңыз.**

Қорыту, парақтарда бағалау.

**3-тапсырма. Осы сөздер, сөз тіркестерден сөйлем құрастырыңыз.**

1. Қазақ, ең алғашқы астанасы, болды, Республикасының, қала, қай?
2. Одан, болды, қай, қала, кейін, астана?
3. Алматы, Республикасының, кездерде, қай, болды, астанасы, қазақ?
4. 1997 жылы, Елбасы, Республикасының, Қазақстан, жарлыққа қол қойды, қазанның 20-сында, қандай?

### **4-тапсырма. Тексеріңіз.**

1. Қазақ Республикасының ең алғашқы астанасы қай қала болды?
2. Одан кейін қай қала астана болды?
3. Алматы қай кездерде Қазақ Республикасының астанасы болды?
4. 1997 жылы қазанның 20-сында Қазақстан Республикасының Елбасы қандай жарлыққа қол қойды?

### **5-тапсырма. Сұрақтарға жауап беруге тырысыңыз.**

**Осы сөздерден, сөз тіркестерден сұрақтарды құрастырыңыз.**

Қай, Астана қаласы, жылы, Ақмола қаласы, аталды, болып?

1. Астана қаласы, айналды, қалаға, қандай?
2. Астана қаласында, бар, жерлер, көрікті, қандай?
3. Әсем Есілдің, бар, нелер, оң жағасында?

**Тексеріңіз.**

5. Қай жылы Ақмола қаласы Астана қаласы болып аталды?

6. Астана қаласы қандай қалаға айналды?
7. Астана қаласында қандай көрікті жерлер бар?
8. Әсем Есілдің оң жағасында нелер бар?

**Сұрақтарға жауап беруге тырысыңыз.**

**6-тапсырма.** Тірек сөздерді пайдаланып, сөйлемдер құрастыру.

**Орынбор, Қызылорда, Алматы, «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау», Президент Сарайы, Парламент ғимараты, Еуразия университетінің жаңа корпусы, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке бидің ескерткіштері, «Бәйтерек» ғимараты.**

Қорыту, парақтарда бағалау.

**7-тапсырма.** Тірек-сызба арқылы әңгіме құру.

1. ...

2. Қызылорда.

3. 1997ж. ...

1998ж. ...

Астана қаласы

Аз уақыттың ішінде ...

көрікті ...

А.қ. ..., ...,

А. болашағы...

А.- ...орталығы,... қала.

Қорыту, парақтарда бағалау.

**7-тапсырма.** Келіңіз, сөйлесейік!

1. Сіз Астанаға қашан бардыңыз?	в прошлом году; на прошлой неделе; летом;...
2. Астанаға немен бардыңыз?	на поезде; на самолете; на автобусе; на машине; ...
3. Барғаннан кейін қайда орналастыңыз?	в гостинице; в доме друга; у родственников; у знакомых; ...
4. Саяхат жетекшісі не туралы әңгімеледі?	история; промышленность; сельское хозяйство; наука; культура; искусство; достопримечательности Астаны; ...
5. Астананың қандай көрнекті жерлерін араладыңыз?	здание Парламента; Президентский дворец; новый корпус Евразийского университета; Дворец молодежи; ...

### **8-тапсырма. Жолдасыңыздың айтқанын қостамаңыз.**

1. Қазақ Республикасының ең алғашқы астанасы-Алматы.
2. Ақмола қаласы 1996 жылы Қазақстан Республикасының астанасы болды.
3. 1998 жылы Ақмола қаласы Астана қаласы болып аталды.
4. Тәуелсіз Қазақстанның жаңа астанасының салтанатты ашылу рәсімі 1998 жылы өтті.
5. Қазіргі кезде «Бәйтерек» ғимаратының құрылысы басталуда.

### **6. Қорыту, парақтарда бағалау.**



Жамал БІТІМБАЕВА,  
Алматы қаласындағы  
№38 Қазақстан-Ресей  
гимназиясының мұғалімі.

## БАТЫРЛАР ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

**Мақсаттары:** **білімділік** - оқушыларды Ұлы Отан соғысы туралы және оған қатысқан қазақтардың ерен ерліктері туралы мәліметтермен таныстыру; **дамытушылық** - оқушыларды көпшіліктің алдында өзін-өзі ұстай білуге, ұялмай сөйлеуге, өз ойын қазақ тілінде айта білуге үйрету, өз бетімен тақырыпқа сай мәліметтер іздеп, өңдеуге, шығармашылық жұмыспен шұғылдануына бағыт беру, жұмысының нәтижесін көруге ұмтылуына жол беру; **тәрбиелік** - Қазақстандық патриотизм сезімін тәрбиелеу, Отанымыздың тарихына қызығушылықтарын арттыру, достық, ынтымақтастық, жауапкершілік сезімдерін ұялату.

**Көрнекіліктері:** «Мгновения Победы» деректі фильмі («Культура» телеарнасы); «Батырлар ұмытылмайды» слайдтар презентациясы, қабырға газеттері, плакаттар, ұлы Отан соғысы туралы кітаптар көрмесі.

### **Жоспар:**

1. Кіріспе сөз. Ұлы Отан соғысының басталуы. Соғысқа қатысқан қазақстандықтардың үлесі.
2. Соғыс зардаптары. Қазақстандықтардың ерен ерліктері.
3. Қорытынды. Батырлар ұмытылмайды.

**1-жүргізуші:** - Осыдан 70 жыл бұрын бүкіл әлемді дүр сілкіндірген соғыс атты сойқан басталды. Неміс фашистері біздің елімізге басқыншылық шабуылын жасады. Ер азаматтар қолдарына қару алып майданға аттанса, қарттар,

әйелдер, балалар күн-түн демей еңбектенді.

Осындай қиыншылықпен төрт жылға созылған соғыста біздің еліміз жауды ойсырата жеңіп, Берлиндегі Рейхстагқа жеңіс туын тікті. Бұл 1945 жылдың 9 мамыры еді.

Халқымыз Отан үшін от кешіп, елдік пен ерлік сынға түскен сәтте қас қақпай өмірлерін құрбан еткен батыр ұл-қыздарын қастерлеп, қадір тұтады.

**2-жүргізуші:** - В этом году 9 мая исполняется 66 лет со дня победы над фашистской Германией. Все дальше уходят в прошлое героические годы Великой Отечественной войны, но в памяти человеческой никогда не померкнет подвиг народа, спасшего мир от фашистского рабства.

Великая Отечественная - всенародная война. Острым беспощадным клинком она поразила каждую семью, оставив незаживающие физические и душевные раны - потерю родных, близких, любимых; болезни от ранений, рабского труда в Германии, от жутких лишений и унижений в концлагерях; воспоминания об обездоленном голодном детстве... Но сохранилось, не утратило своей силы и эмоционального накала, удивительное, трепетное чувство всеобщего ликования - празднование Дня Победы над поверженным грозным и ненавистным врагом, чувство гордости за родное Отечество!

**1- жүргізуші:** - Тарихи деректерге карағанда 1941- 1945 соғыс жылдарында бір миллион 196 мың 164 қазақстандық әскерге алынған екен. Көптеген жауынгерлер теңдесі жоқ ерліктер жасады. 518 қазақстандық Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Мұның елеулі бөлігі қыздар болғаны белгілі. Әскерге алынған қыздар соғыс техникалары мен құралдарын жетік меңгерген. Шайқастарда ерлік көрсетіп, халқының абыройын асырды, елінің даңқын шығарды. От пен оқтың арасында жүріп, жаралыларды өлімнен құтқарды. Олар - Хиуаз Доспанова, Зоя Досбергенова, Райхан Ибраева, Гүлнұр

Сейдалина, Роза Момынова, Жәния Берниязова, София Шияпова, Мафғидаш Шынтемірова, Фазила Темірәлиева, т.б. («Ана тілі» газеті, 3 наурыз 2005 жыл).

Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлова - Шығыс қыздарынан тұңғыш рет Батыр атағын алған қазақ қыздары. Бұл атаққа Талғат Бигелдинов, Нұркен Әбдіров, Леонид Беда, Төлеген Тохтаров, Сергей Луганский, Иван Панфилов, т.б. ие болды.

(«Мгновения Победы» деректі фильмін көрсету.

Соғыс өтті жалмап талай өмірді,  
Қаншама қан еш жазықсыз төгілді.  
Соғыс аты естілгенде құлаққа  
Елестетер қара тажал өлімді.

Келді, міне, күндей жайнап гүл көктем,  
Самал желі шашты тарап, бетті өпкен.  
Ұмытуға хақымыз жоқ оларды,  
Олар біздің бақыт үшін қан төккен.

Өткізді олар сызды окопта күндерін,  
Елестетем қанды кешіп жүргенін.  
Естігендей болам жаудың шебіне  
Атой салған сарбаздардың үндерін.

Талай жанды қиды ажал балтасы,  
Жауды жеңіп қайтты ауылға қаншасы.  
Біздің мына бейбіт өмір алаңсыз

Ел қорғаған аталардың арқасы. *(С.Селеубай).*

(Мәншүк Мәметованың ерлігі туралы айтып беру).

(«Песнь о Маншук» фильмінен көрініс, «Қазақфильм»),  
1969 ж, сценарий авторы А.Михалков -Кончаловский; басты  
рөлде Н.Орынбасарова).

Ветер прошлым пахнул,  
Дни войны воскресил,  
Память! Встань в караул  
У священных могил.

Дай весенним цветам  
Краски взять у зари  
И к бессмертным холмам  
Ты тропу протори.

Равнодушных затронь,  
За собой поведи.

Бьется вечный огонь  
У бессмертья в груди.

Человек, совершивший подвиг во имя любимого Отечества, во имя родного народа не исчезает бесследно, он обретает право на бессмертие. Шестьдесят шесть лет назад в жестокой схватке с фашистами погиб верный сын казахского народа Толеген Тохтаров.

Толеген Тохтаров родился 25 декабря 1925 года в ауле Каракудык Уланского района, Восточно-Казахстанской области. После окончания школы работал на свинцовом заводе в г. Риддер. В грозные дни 1941 года металлург уходил отсюда на фронт.

В рядах легендарной восьмой гвардейской дивизии им. И.Панфилова на подступах к Москве отважно сражался Толеген Тохтаров. В роте любили Толегена за общительность, находчивость и отвагу. Действуя смело и решительно, он не раз увлекал за собой бойцов.

Окруженный сворой бешеных врагов 9 февраля 1942 года в битве за село Бородино он трижды отбивал атаки целого взвода, уложил сотню немцев. Смертельно раненный он нашел в себе силы, чтобы прикладом автомата размозжить череп фашистскому офицеру. Но в это время вражеская пуля сразила воина. Нужно безгранично любить Родину, нужно люто ненавидеть врага, чтобы умереть так, как умер Толеген Тохтаров.

Указом Президиума Верховного Совета СССР от 30 января 1943 года ему посмертно присвоено звание Героя



Советского Союза. Толеген Тохтаров стал национальным героем казахского народа.

Жау шатырын жықтырып,  
Жауға тізе бүктіріп,  
Жарқ етті елдің ерлері  
Жеңімпаз өскен ұдайы!      *(Тайыр Жароков).*

(Әлия Молдағұлованың ерлігі туралы айту).

(Роза Рымбаеваның орындауында «Әлия» әнін тыңдау).

«Ерлік керек қайда да?»

Іштей айтып осы әнін.

Барды Әлия майданға,

Қорғайын деп Отанын.

Автоматын ол атты,  
Бір ысып, бір суынып.  
Оқты қардай боратты,  
Белді бекем буынып.

Қыршын кетті ол өмірден,

Дәл он тоғыз жасында.

Шықпайды естен, көңілден,

Өшпейді ерлік расында!

Қазақ қызы ғажайып,  
Мерген болған аты - аңыз.  
Қаһарманы халықтың,  
Мақтанышы - апамыз!      *(Мұратбек Тоқайұлы).*

**«Бейбіт күні тілегі» әнін орындау (әні Ш.Қалдаяқовтікі).**

Сұм соғыс қайтып болмасын,

Бәйшешектер солмасын.

Еліміз бейбіт күн кешіп,

Бір Алла өзі қолдасын.

Соғыстың сөніп ошағы,

Қайғыдан көңіл босады.

Бірлікпенен күн кешсек,

Бір бақыт бізді тосады.

Қанға бояп сұм соғыс,  
Боздақтарды жалмады.  
Жүректі қозғап бұлқыныс  
Ерлер елін қорғады.  
Намыс керек әр іске,  
Қайраттың жақсы болғаны.

- Была война и время было люто,  
Но не забудется вовек ваш подвиг ратный,  
И бьется в сердце каждую минуту  
Гром вашего победного салюта,  
Отображаясь благодарностью стократно!

15 одақтас республиканың еңбектеген баласынан еңкейген кәрісіне дейін жауға қарсылық көрсетті.

Қазақ халқының атақты палуаны Қажымұқан Мұңайтбасов соғыс кезінде ауылдарды көп аралаған. Өнер көрсетіп, ақша жинаған. Ол жүз мың сом ақша жинап, Мәскеуге: «Менің осы ақшама арнаулы ұшақ жасаңдар. Оны майданға жөнелтіндер», - деп жеделхат жіберді. Қажымұқанның тілегі орындалды. «Қажымұқан» атты шабуылшы ұшақ жасалып, солтүстік майданға жіберілді. Бұл ұшақ біздің жеңісімізге үлкен үлес қосты. Ол жеңістен кейін Балтық жағасындағы әскери мұражайға берілді. (С.Бақбергенов).

**1-жүргізуші:** - Отанды шексіз сүйіп, ардақтаумен бірге оны жауларынан жан аямай қорғау - әр перзенттің парызы, міндеті де. Отан - ананың басына іс түскенде жан салып қорғамаған азаматты халық перзенті деуге болмайды.

**2-жүргізуші:** - Отан үшін жанын берген қаһармандардың есімдері Даңқ мемориалдарында, ескерткіштер мен атаулы қабір тақталарында мәңгі өшпейтін алтын әріптермен жазылған. Олардың ерен еңбектері туралы құжаттар мемлекеттік мұрағаттарда сақталған.

**1-жүргізуші:** - Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова,

Галғат Бигелдинов сияқты ата-апаларымыз Отан үшін кеуделерін оққа тосты. Бәрі де біз үшін, келер ұрпақ үшін жанын аямады. Ұлы Отан соғысына қатысқан аға-апаларымызға біз мәңгілік қарыздармыз.

Поклонимся великим тем годам,  
Тем славным командирам и бойцам,  
И маршалам страны, и рядовым,  
Поклонимся и мертвым, и живым,  
Всем тем, которых забывать нельзя,  
Помолимся, поклонимся, друзья... (М. Львов).

(үнсіздік минуты)

**1-жүргізуші:** - Пройдут годы, но героические события Великой Отечественной никогда не изгладятся из памяти народной.

Из них мы будем черпать нашу гордость за прошлое и настоящее. Жизнь и подвиг ветеранов - пример для новых поколений. Мы всегда будем помнить о тех, кто не вернулся с той войны, кто отдал свою жизнь за Отчизну, о тех, кто еще рядом с нами; оказывать простейшие знаки внимания живущим рядом с нами ветеранам, которые выстояли в те суровые годы и напоминают нам о сохранении мира на земле.

**2-жүргізуші:** - Кез келген халық өзінің батырларын қастерлеп, аттарын асқақтатқан. Жиырмамыншы ғасырдың ерен ер, жұлдызды батырлары, халқымыздың мәңгілік мақтанышы, жастарымыздың өшпес үлгі - өнегесі - біздің қаһармандарымыздың даңқы арта берсін демекпіз!

**1-жүргізуші:** - В этот праздничный для всех нас день примите самые искренние пожелания доброго здоровья, семейного счастья, благополучия и мира!



## ҰЛТТАРДЫ БІРІКТІРГЕН ЕЛ

(8-сынып)

**Мақсаты:** оқушылардың мемлекеттік тілге деген қызығушылықтарын арттырып, бойларына патриоттық сезімді халықтың мәдени мұрасы арқылы қалыптастыру.

**Міндеттері:** қазақ, орыс, ағылшын тілдеріне деген қызығушылықты ояту; Қазақстан жерінде тұратын халықтардың салт-дәстүрлері туралы айту, тілге құрмет көрсетуге, оны ықыласпен үйренуге тәрбиелеу.

**1-жүргізуші:** - Сәлеметсіздер ме, осы мектептің оқушылары мен ұстаздары, осы қаланың тұрғындары! Бәріміз осы жерде дүниеге келіп, бәріміз де осы таңғажайып Қазақстан мемлекетінде тұрамыз және әр алуан тілде сөйлейміз. Оның себебі, Қазақстан – көп ұлтты мемлекет. Сондықтан, бүгінгі мейрам – Тілдер күні.

**2-жүргізуші:** - Здравствуйте, учащиеся и учителя, нашей школы, жители нашего города! Жители необъятного Казахстана! Все мы родились в этой прекрасной стране, а говорим на разных языках. И все потому, что Казахстан – многонациональное государство. Сегодня мы празднуем День языков.

**3-жүргізуші:** - Hello, inhabitants of this school and this city! The Inhabitants of widespread Kazakhstan! We were born and live in this beautiful country but speak in the different languages. And all therefore that Kazakhstan is the multinational state. Today we celebrate the Day of Languages.

**2-жүргізуші:** - Ежегодно 22 сентября в Казахстане отме-

чается День языков. Это общий праздник для всех народов Казахстана.

В основе многонационального праздника языков лежит такая идея: каждый язык – это часть духовного наследия всего человечества, а каждая культура – это бесценный вклад в мировую цивилизацию. *(Ән ойнап тұрады).*

### **Земные языки**

Когда с природой я наедине,  
То различаю языки земные:  
Беседуют деревья в тишине,  
Друг с другом птицы говорят лесные.  
Есть говор свой у волн вдали,  
Насвистывает что-то тихий ветер...  
Мне не узнать всех языков Земли  
За краткий срок, отпущенный на свете.

Так тяжело на Земле без языка!  
Не высказать ни счастья, ни печали...  
Безмолвны горы долгие года,  
О чем они, возвысясь, замечали?  
Все в языке: рождение, первый шаг,  
Любовь и смерть, и жизнь на новом взлете.  
И если вдруг исчезнет мой язык,  
То и меня вы больше не найдете!

**1-жүргізуші:** - Қазақстанда 130-дан астам ұлттар тұрады. Олардың бәрі өз ана тілдерін сақтап сөйлеседі. Біздің Республикамызда 178 жексенбілік мектеп бар, 23 ұлттық тілдер оқытылады. Бізде неміс, корей, украин тілдерінде газеттер шығады. Солтүстік Қазақстан облысында «Полония» поляктік теледидар трансляциясы, Оңтүстік Қазақстанда өзбек теледидары жұмыс істейді. «Қазақстан» ұлттық телеарнасында және қазақ радиосында корей, ұйғыр, неміс тілінде бағдарламалар жүреді. Эфирде теле-радио бағдарламалар 11 тілде жүреді. Олар: украин, ағылшын, неміс, корей, түрік, өзбек және т.б.

**2-жүргізуші:** - В Казахстане проживает более 130 национальностей. Нашим государством оказывается всесторонняя помощь в изучении родного языка представителями различных национальностей, проживающих в Казахстане. В республике работают 178 воскресных школ, в которых изучают 23 национальных языка. В свет выходят газеты на немецком, корейском, уйгурском, украинском языках (не считая на русском и казахском). В Северно-Казахстанской области осуществляется трансляция польского телевидения «Полония», Южно-Казахстанской области – узбекского телевидения.

В национальных программах, в том числе на украинском, польском, английском, немецком, корейском, уйгурском, турецком, дунганском, узбекском и других языках. Каждый язык красив, интересен, своеобразен.

Я люблю свой родной язык.

Он понятен для всех,

Он певуч...

Хочешь – песни, гимны пиши,

Хочешь – выскажи боль души,

Будто хлеб ржаной, он пахуч,

Будто плоть земли, живуч.

*А. Яшин.*

**3-жүргізуші:** - Давайте каждый сидящий здесь поздороуется на «своем родном» языке.

Итак:

Украинцы: - Здоровеньки були;

Англичане: - Гуд монин;

Немцы: - Гутен таг;

Болгары: - Добер ден;

Французы: - Бонжур;

Испанцы: - Буэнос диас;

Румыны: - Буна зиуа.

Язык – это окно в мир. Чем лучше ты владеешь языком, тем больше прав у тебя называться человеком.

Қазақ тілі –  
Атаң, Анаң,  
Қуат алар Отан да одан,  
Дүниеде ешбір асыл  
Тең келмейді қатар оған.  
Дұшпаның да бас иетін,  
Тілің –  
Ұлттық қасиетің.  
Тартқан талай ұлыстар бар  
Тілсіздіктің қасіретін.  
Тілі аманның – күні күлген,  
Қор болмайды мұны білген.

Тіл жоғалса,  
Заман туар:

Ит мөңіреп,  
Сиыр үрген.  
Тіл сыйлаған

**3-жүргізуші:** - В нашей стране большое внимание уделяется английскому языку. Знание английского языка помогает стать грамотным, эрудированным специалистом во всех отраслях науки и техники. Сейчас наши учащиеся покажут свое мастерство владения английским языком.

То слово первое, то слово – мама,  
Оно великое на каждом языке.  
Оно ведет из мрака, из тумана,  
И греет душу в дальнем далеке.

Родной язык по жизненным дорогам  
Ведет нас от начала до конца,  
И потому – храните его строго,  
Как жемчуг драгоценного венца.

Храните свой язык, храните от жаргона,  
От псевдо-модных заграничных слов,

Ардай азбас.  
Тіл сыйламас  
Бордай оңбас.  
Тіл ұстарту, тіл сындыру,  
Сөз сиқырын, кілтін білу  
Ел мен елді елдестіретр,  
естелікке ұмтылдыру.  
Қазақ тілі – халық тілі,  
Тіл аманда – халық тірі.  
Өз тілінде жылағанның  
Көз жасы да – халық мұңы.

Туған тілім – тірлігімнің айғағы,  
Тілім барда айтылар сыр  
ойдағы.

Өссе тілім, мен де бірге өсемін,  
Өшсе тілім, мен де бірге өшемін.

**Ә. Тәжібаев.**

От вывертов блатного лексикона,

Храните чистоту его основ.

Казах ли ты, татарин или русский,

Ты речи предков должен честь воздать.

Язык отцов своих и письменный, и устный-

Своим потомкам в вечность передать. *И.Казанцев.*

**2-жүргізуші:** - У Расула Гамзатова есть прекрасные слова: «Для меня языки народов – как звезды на небе. Я хотел бы, чтобы все звезды слились в одну огромную, занимающую полнеба звезду. То есть, солнце. Пусть сияют и звезды. Пусть у каждого будет своя звезда.

Я люблю свою звезду – мой родной язык. Я верю тем географам, которые говорят, что и в маленькой горе может оказаться много золота».

Слова, идя в наш век издалека,

Ломаются порой

Под ветром встречным,

Но сути, заключенные в них,

Вечны,-

Слова – на век,

А мысли- на века.

Неистоцима

Parts of Speech in Rhymes

Времени река,

Вбирает все в себя

Ее течение,

Связуя

Все земные поколенья,-

Слова – на век,

А мысли- на века!..

A noun is the name of anything as Smile and Sun and Fly and King. Adjectives tell the kind of Noun as Great, Small, Pretty, White or Brown. Instead of them we use pronouns as She and It and Such and Ours. Verbs tell of something that we do, we Speak and Work and Idle too. How things are done the adverbs tell as Slowly, Quickly, Badly, Well. Conjunctions join the words together as But, And, Or, Because, If, Whether.

The prepositions stand before a noun as Behind the door. The interjection shows surprise, as – Oh! Wow! Why! How wise! Three little words you often see are articles – A, An and The.



And all of them are Parts of Speech, to understand and speak they teach.

**1-жүргізуші:**

1. Отан оттан да ыстық. (*Родина жарче огня*).
2. Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық. (*На родной земле и день теплый, и теплая ночь*).
3. Білімді мыңды жығады, білекті бірді жығады. (*Умный одолеет тысячу, сильный одного*).
4. Аз сөз-алтын, көп сөз-күміс. (*Мало слов-золото, много слов-серебро*).
5. Жақсы бала еліне бас болады, жаман бала еліне қас болады. (*Хороший сын будет главой народа, плохой врагом народа*).
6. Досы көпті жау алмайды. (*У кого много друзей, того не одолеет враг*).
7. Еріншектің ісі екі. (*Ленивый работу делает дважды*).
8. Ата-бәйтерек, бала-жапырақ. (*Отец-дерево, сын-лист этого дерева*).
9. Жеті рет өлшеп, бір рет кес. (*7 раз отмерь, 1 раз отрежь*).
10. Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл. (*Знай язык семи народов, знай семь различных наук*).

(Қазақша әуен аясында)

Друзья мои, внушайте людям веру

И чаще говорите: «Добрый день!»

И следуйте хорошему примеру-

Продляйте добрым словом жизнь людей.

**1-жүргізуші:** - Ребята, отдохнули немного? Теперь мы вам предлагаем принять участие в интереснейшем конкурсе-«Казахская родня»;

Я смысленный ученик,

Сам читаю и пишу,

Вот и деда говорит:

Я о них вам расскажу.

Папа с мамой всех родней,

Он-...(әке), она-...(шеше).

«Надо знать свою родню» Бабушка твоя-...(эже),

Папы папа-твой ...(ата)	А детишек немере
Старшая сестра-...(эпке)	Называют...(шөбере).
Будешь слушаться ее.	Вскоре после шөбере
Ну а старший брат-...(аға),	Появляются...(шөпшек).
Не боюсь с ним никого.	Так промчится целый век,
Мой (іні) - братишка мне,	Доживешь до...(немене).
А сестренка-...(қарындас).	До внучат, до прапрапра...,
Қарындас твоей эпке,	И продолжится семья.
Как...(сіңлі) – все любят вас,	
Папе будешь ты – ... (бала),	
А аташке – (немере),	

**2-жүргізуші:** - У первобытных людей не было своего языка. Они общались жестами, звуками. Послания писали не буквами, а рисунками. Давайте попробуем с вами побывать в «шкуре» древнего человека и объяснимся без букв, жестами.

Вызываются 4 учащихся, тянут по жребию предложения:

- У меня болит голова.
- Когда ты мне вернешь долг?
- Ты приготовила мне поесть?
- Когда ты успела потратить деньги?

**3-жүргізуші:** - Главное богатство любой страны – человек. У каждого народа свой характер и он определяет лицо страны. Русский характер – это удасть, великая сила, стремительный бег тройки, широта души.

Казахский характер – это кокпар, байга и гостеприимство, широта души как родная степь.

Хотите принять участие в нашей «Байге»?

- Столица Казахстана? (Астана)
- Герой русских сказок (Иванушка-дурачок)
- Источник знаний (Книга)
- Священная книга мусульман (Коран)

- Священная книга христиан (Библия)
- Сколько слов назидания написал Абай? (45)
- 16 декабря 1991 года какой день? (День Независимости)
- Год выпуска казахстанских денег (1993).

**1-жүргізуші:** - Итак, мы сегодня убедились: язык – это оружие дружбы и с тех пор как стоит мир, лучшего орудия её никто не придумал.

Народ, кто твердо понимает,  
 Что мир – к содружеству рука,  
 Где человек, бесспорно, уважает  
 Обычай других и выбор языка.

Как уважаю я язык своей Отчизны,  
 Считаю долгом в совершенстве его знать.  
 Историю и быт народной жизни  
 Через него удастся мне познать.

Объединяет много Казахстан  
 И Президент наш утверждает: «Нужно,  
 Чтоб был один язык народов разных стран,  
 И это, несомненно, - язык Дружбы». *Юлия Махартова.*  
 Язык отцов – наследие святое,  
 Глубокий, острый, сильный,  
 словно клык.

Своих детей заботливой рукою  
 К себе притягивает мой  
 Родной язык!

Любой язык по-своему велик,  
 Бесценное наследство вековое.  
 Так берегите свой родной язык,  
 Как самое на свете дорогое!

*М. Жұмабаев.*

**2-жүргізуші:** - Спасибо всем, кто принял участие в нашем литературном журнале. До новых встреч!

**1-жүргізуші:** - Әр халықтың ана тілі – білімнің кілті. Біздің жастарымыз ана тіліне жетік, мәдениетті болсын!

## ҚҰРБАН АЙТ – ҰЛЫҚ МЕРЕКЕ

**Мақсаты:** жаңа технологияларды пайдалана отырып, құрбан айт туралы түсінік беру және бұл мереке туралы білімдерін толықтыру, оқушыларды қайырымдылыққа, мейірімді, иманды болуға тәрбиелеу. **Көрнекілік:** Құрбан айт туралы суреттер, Мұхаммед Пайғамбар хадистері, оқушылардың рефераттары, Құрбан айт туралы кітаптар, бейнетаспа /кино үзіндісі/, слайдтар, киіз үй. **Техникалық құралдар:** компьютер, проектор, экран.

I. 1. Музыка әуені. Келген қонақтарды таныстыру.

2. **Мұғалімнің кіріспе сөзі:** - 2010 жылғы ұлық мереке – Құрбан айт 16 қарашада өтті. Әлемнің 2 миллиардтан астам мұсылмандары сияқты біздің еліміздің мұсылмандары да мүмкіндігінше құрбандық шалуға тырысты.

Құрбан – араб тілінде «жақындау» дегенді білдіреді, яғни жасаған сауап істер арқылы жүректі тазартып, Аллаға жақындай түсу. Ал «айт» деген сөз араб тілінде «мейрам» деген мағынаны білдіреді.

- Ал, балалар, Құрбан айт туралы жазған рефераттарың бойынша қандай мәліметтер қоса аласыңдар?

3. **Оқушылардың мәліметтері:** а) Ж.Райзаева: «Құрбандыққа шалынатын малдар және олардың ерекшеліктері». Құрбандыққа шалынатын малдар: қой, ешкі, сиыр, түйе. Жылқы мен құсты құрбандыққа шалуға болмайды. Қой, ешкі кем дегенде бір жасар, сиыр екі жасар, түйе бес жасар болуы керек. Сонымен қатар құрбандыққа

шалатын малдың кемшіліктері болмау керек.

ә) Д.Сүлейменов. **«Құрбандық шалудың уақыты»:** - Құрбан шалудың уақыты құрбан айттың бірінші күні айт намазынан кейін басталып, айттың үшінші күні ақшамға аз уақыт қалғанға дейін жалғасады.

б) Б.Юсупов. **«Құрбандыққа шалынған малдың еті мен терісі»:** - Құрбандыққа шалынған малдың еті үш бөлікке бөлінеді. Бір бөлігі – туған-туыс, көршілеріне сыйға тартылады. Екінші бөлігі – кедей және мұқтаж адамдарға беріледі. Үшінші бөлігі – өзінің отбасына, бала-шағасына қалады.

в) Е.Ракишев. **«Құрбан шалу өкілдігі туралы»:** - Құрбан шалуды белгілі бір адамға жүктейді. Ол мұсылман болуы тиіс. Бірақ бұл адам жағдай болмай қалса, басқа адамға ауызша келісіп, құрбандық шалуды жүктей алады.

г) Д.Қуаналиева. **«Құрбан айт мерекесін қалай атап өтеміз?»:** - Адамдар жуынып, таза, әдемі киімдерін киіп, үстіне хош иісті әтір сеуіп, мешітке айт намазына барады. Айт намазын оқығаннан кейін құрбан шалу міндетін атқарады. Шалынған малдың етін тиісті адамдарға таратады.

Айт күні мұсылмандар көтеріңкі көңіл күйде қыдырады. Ренжіскен адамдармен қайта табысып, бір-бірін кешіреді. Ауру, жетім, жесір, жағдайлары жоқ адамдарға қол ұшын береді.

- Сонымен, балалар, Құрбан айт туралы көптеген мәлімет білдік. Сондықтан қазір 3/үш/ турдан тұратын сайыс өткізіледі. Қатысатын оқушылар екі топқа бөлінеді: «Ұлан» тобы және «Қыран» тобы.

## **I тур - «Бәйге».**

1. Мұсылмандардың ең басты мерекелері қандай? /Ораза айт және Құрбан айт./

2. Құрбан айт Ораза айттан неше күннен кейін болады? /70 күннен кейін болады./

3. Ораза айт неше күн болады? /Ораза айт 30 күн болады./
4. Оразаны не үшін ұстайды? /Ораза ұстау - бес парыздың бірі, ашығу арқылы адамның бүкіл іш құрылысы тазарып, адам рухани тазарып, байиды./
5. Құрбан айт неше күн болады? /Құрбан айт 3 күн болады./
6. Құрбан айтта халық не істейді? /Құрбан айтта халық айт намазын оқиды және құрбандық шалады./
7. Құрбан айтта жылқы мен құсты неліктен шалуға болмайды? /Жылқы - киелі мал, ал құс - кішкентай./
8. Әйел адам құрбандық шала ала ма? /Әйел адам құрбандық шала алады./
9. Оралда неше мешіт бар? /Оралда 3 мешіт бар./
10. Олар қандай мешіттер? /Олар: жаңа мешіт, ескі мешіт және татар мешіті./ «Ата - ана» және «Мұхаммед Пайғамбар хадистері» фильмдерінен үзінділер көрсетіледі.

## **II тур - «Алтын сандық».**

1. Имандылық деген не? /Ар-ождан тазалығын, обал-сауап талаптарын сақтауды, қылдай қиянат жасамауды, қайырымдылықты, адалдықты жинақты түрде көрсететін адамгершілік ұғым атауы. Қысқаша, жамандық жасамау./
2. Қайырымдылық деген не? /Көмектесу, жақсылық жасау, қол ұшын беру, өзіңде барды бөлісу./
3. Қазақта ертеде жесірлік болды ма? /Жоқ.../
4. Қазақта ертеде жетімдер болды ма? /Жоқ.../
5. Бұрында қазақтар әке-шешесін тастады ма? Қазіргі заманда қалай? /Жоқ, тастаған жоқ. Ал, қазір аз болса да бар./
6. Адамға қандай жақсы қасиеттер керек?  
/Қайырымдылық, мейірімділік, еңбекқор, адалдық, әділдік, ұстамдылық, жауапкершілік, рақымшылық, арлы, білімді, парасатты, байсалды, кішіпейіл, ұятты, т.б./

7. Тәлім-тәрбиеге байланысты қандай мақал-мәтелдерді білесіңдер? /Әр мақал-мәтел үшін 1 ұпай беріледі./

### **III тур - «Ізгі ниет».**

Болашақта мен қандай қайырымды іс жасаймын? /Әр топтың оқушылары бірігіп, өз ойларын жазып береді. Ең мазмұнды ой көрсеткен топқа - 5 ұпай беріледі/.

**III.** /Әділқазы мүшелері сайыстың қорытындысын жасағанша, шараның келесі бөлігі жалғасады/.

**IV.** Әділқазы мүшелері «Ұлан» тобы мен «Қыран» тобының жинаған ұпай сандарын көрсетіп, жеңімпазды анықтайды.

### **V. Үлкен адамға сөз беру және батасын алу.**



## **ҚАЙРАУ**

Байлық құмар жандар бұзды қоғамды,  
Кейбіреуі елді тонап жоғалды.  
Бұл өмірде тұтқасына биліктің  
“Шынжыр балақ, шұбар төстер” оралды.

Қарап тұрсақ, мейірім жоқ көзінде,  
Қу түлкідей бәтуа жоқ сөзінде.  
Мемлекет тілі қонбай тұғырға  
Қазақ оңбас еті өлген төзімде...

**Бас редакторы - Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.**

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –  
Казахский язык и литература в русской школе” –**  
ай сайын шығатын республикалық  
ғылыми-педагогикалық журнал.

**Құрылтайшы және шығарушы:**

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Жауапты редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.**

**Корректоры - Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.**

**Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

**Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№1402-Ж** Куәлігі берілген.

Басуға 20.06.2011ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 9.0.

Есептік баспа табағы – 8.68. Таралымы – 1870.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

**Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,**

**Гайдар көшесі, 123-үй.**

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....256-06-46.

Факс.....256-13-41.

Электрондық пошта: [KazUlagat@mail.ru](mailto:KazUlagat@mail.ru)

**Басылатын жері – «Алматы - Болашақ» Акционерлік  
Қоғамы.**

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ  
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ  
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -  
Казахский язык и литература в русской школе»,

№6, 2011 ж., 144 бет, Алматы.